

ПРОКУРОРДЫҢ 100 КЕҢЕСІ

Практикалық кеңестер жинағы

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының
Департамент бастығы **Қ.А. Игембаевтың** (идея авторы)
жалпы редакциялығымен

Бас прокуратура қызметкерлерінің авторлық ұжымы:

Н.С. Ораз, Бас Прокурордың Аппараты басшысының орынбасары

Қ.Қ. Рахметов, 2-ші Департамент Басқармасының бастығы

А.Х. Әубәкіров, Құқық қорғау органдары академиясы ректорының көмекшісі

М.С. Кемали, Бас прокурордың 1-ші Басқармадағы көмекшісі

Т.В. Аутәліпов, 1-ші Департаменттің аға прокуроры

Қ. Айтбайұлы, 7-ші Департаменттің аға прокуроры

Р.Н. Сәлкенов, 7-ші Департаменттің аға прокуроры

Е.С. Тұрмағамбетов, 10-шы Департамент басқармасының прокуроры



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ПРЕЗИДЕНТІ
НҰРСҰЛТАН ӘБІШҰЛЫ НАЗАРБАЕВ

«Биылғы жылы Бес институционалдық реформаны іске асыру басталды, оның бағыттарының - бірі құқықтық мемлекет құру.

Бұл салада прокуратура органдарының рөлі ерекше, себебі барлық басқа құқық қорғау органдарының қызметін үйлестіре отырып, оларға құқықтық салада үлкен өкілеттіктер берілген. Соңғы жылдар ішінде қадағалау органы ел азаматтарының құқықтарын қорғау және құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету бойынша айтарлықтай жұмыс атқарды. Басты міндет – мемлекеттік және қоғамдық институттардың құқық қорғау әлеуетін арттыру, заңдарды тиімді қолдану және азаматтармен, шағын және орта бизнес өкілдерімен жүргізілетін күнделікті жұмыста оларды сақтау.

...Азаматтарға олардың құқықтарын, сондай-ақ елімізде қабылданатын заңдардың ережелерін қарапайым тілмен түсіндірген маңызды...»

Н. Назарбаев



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
БАС ПРОКУРОРЫ
АСАНОВ ЖАҚЫП ҚАЖМАНҰЛЫНЫҢ
АЛҒЫ СӨЗІ

Қоғамда заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайтудың басты алғышарты азаматтардың құқықтық мәдениетін арттыру болып табылады.

Бұл орайда, азаматтардың құқықтық санасын арттыру мақсатында, Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы қадағалау қызметінің материалдары негізінде «Прокурордың 100 кеңесі» анықтамалығын әзірледі.

Бұл құралда заң тұрғысынан күнделікті өмірде жиі туындайтын сұрақтарға жауаптар беріледі.

Ұсынылып отырған анықтамалық заңды құрметтеу әдебін қалыптастыруға ықпал ете отырып, жеке тұлғаның заңды құқықтары мен бостандықтарын іске асыру және қорғау кезінде әрекет етуге нұсқаулық болады деп үміттенемін.

МАЗМҰНЫ

10 КЕҢЕС	отбасыңыз үшін.....	3-24
10 КЕҢЕС	тұрмыстық зорлық-зомбылықты болдырмау жайлы.....	25-46
10 КЕҢЕС	сіздің бизнесіңіз үшін.....	47-68
10 КЕҢЕС	еңбек қатынастары бойынша.....	69-90
20 КЕҢЕС	құқық қорғау органдарымен қатынаста қажет.....	91-132
10 КЕҢЕС	терроризм мен экстремизмге қарсы іс-қимыл жөнінде.....	133-154
10 КЕҢЕС	алаяқтардан қорғану жайлы.....	155-176
10 КЕҢЕС	сот органдарымен қатынастардағы қажет.....	177-198
10 КЕҢЕС	өтініш беру кезінде қажет.....	199-220




10

ОТБАСЫҢЫЗ ҮШІН
КЕҢЕС

- 1 Өз балаңызды қалай қорғау керек ?
- 2 Егер балаңыз жоғалып кетсе
- 3 Егер некеге отыруға мәжбүрлесе және күштеп ұрлап әкетсе не істеу керек?
- 4 Баланы ұстап алу кезіндегі оның құқықтары
- 5 Кәмелетке толмаған адамға қандай тәрбиелік ықпал ету шаралары тағайындалуы мүмкін?
- 6 Ата-ана қандай жағдайларда ата-ана құқығынан айырылады?
- 7 Мемлекет бала тәрбиелеп отырған отбасыларға қандай қолдау көрсетеді?
- 8 Егер сіз алимент бойынша борышкер болсаңыз
- 9 Егер сіз бала асырап алғыңыз келсе
- 10 Баланы бала бақшаға қалай тұрғызу, балалар лагеріне қалай жолдама алу қажет ?

1

ӨЗ БАЛАҢЫЗДЫ ҚАЛАЙ ҚОРҒАУ КЕРЕК? КЕҢЕС



- Балаңыздың әлеуметтік желілердегі өміріне қызығушылық танытыңыз, одан әлеуметтік желілерде хат жазысатын таныстары мен достары немесе «виртуалды» достығы туралы сұраңыз.
- Балаңыз бөтен, оның ішінде әлеуметтік желілердегі бейтаныс адамдардан қауіп сезінсе, оған «Жоқ» деп айтуды үйретіңіз.
- Балаңызға таныс емес кісілер тап беріп, ұстауға әрекеттенсе, оған «Бұл менің анам емес!» (немесе «Бұл менің әкем емес!») деп қатты айғайлау қажеттігін үйретіңіз. Бұл айналадағылардың назарын аударып, қылмыскерді үркітіп жібереді.
- Егер жоспарларыаяқ астынан өзгерсе, балаңызға қайда баратынын, қашан келетінін хабарлауды және телефон арқылы ескертуді үйретіңіз.
- Балаңызды бала бақшадан немесе мектептен өзіңіз алып кетіңіз. Егер оны алып кетуге басқа біреу баратын болса, бұл туралы тәрбиешіге немесе мектеп мұғаліміне алдын ала ескертіп қойыңыз.
- Балаңыз үшін құпия сөз ойлап табыңыз және сол құпия сөзді білмесе, ешқашан бөтен кісінің көлігіне отырмауды және онымен еріп кетпеуді үйретіңіз.
- Балаңызға достарымен, қатарластарымен бірге жүру қауіпсіз екенін шегелеп айтып, түсіндіріңіз. Қылмыскер әрқашан қараусыз, жалғыз жүрген балаға назар аударады.
- Балаңыздың кешкі және түнгі уақыттарда үйде болуын қадағалаңыз.
- Балаңызға телефон-автомат (халықаралықты қосқанда) пайдалануды үйретіңіз. Үй телефоны мен көмек қызметтерінің телефон нөмірлерін ол жатқа білуі тиіс.
- Балаңызды бір жылда кемінде бір рет суретке түсіріп тұрыңыз, егер ол жоғалып кетсе немесе оны ұрлап әкетсе, қолда бар оның сырт келбеті мен ерекше белгілері қажет болады.
- Балаңыз өз басынан өткендердің барлығын жасырмай айтып беретіндей жайлыата-ана болу керек. Сіздің әрқашан оны жақсы көретініңізге және ол жоғалып кетсе іздеуді ешқашан тоқтатпайтыныңызға балаңызсенімді болуы керек.
Балаңызбен түсіністік пен сенімге толы қарым-қатынас құра біліңіз.
Көбіне, үйінде мейірімділікжетіспейтін балалар қайғылы жағдайларға ұрынып жатады.
- Балалар мен жасөспірімдергеқатыстыжыныстық немесе зорлық-зомбылық фактілері бойынша **102** нөміріне, немесе **115** нөмірін теруарқылы ҚР Бас прокуратурасының Call-орталығына хабарлаңыз.

2

ЕГЕР БАЛАҢЫЗ ЖОҒАЛЫП КЕТСЕ
КЕҢЕС



ПРОКУРОРДЫҢ 100 КЕҢЕСІ

- Сабыр сақтаңыз. Үрейге бой алдырсаңыз, баланы табуға мүмкіндік беретін маңызды сәттерді абдырап, ұмытып қалуыңыз мүмкін. Жоғалған баланы іздестіру барысында кез-келген мәлімет маңызды.
- Аумақтық ішкі істер органына балаңыздың жоғалғаны туралы арыз түсіріңіз. Өзіңізбен бірге жоғалған баланың сыртқы келбеті туралы неғұрлым көп мағлұмат беретін соңғы түскен суреті мен құжатын алып барыңыз.
- Полиция қызметкеріне жоғалған бала туралы барлық ақпаратты айтыңыз. Сұрақтар орынсыз болып көрінсе де, барлық сұрақтарға байсалды жауап беріңіз. Есіңізде болсын, іздеу шарасы нәтижелі болуы үшін, дәл осы бастапқы ақпараттың маңызы зор.
- Полиция қызметкерлерінен балаңыздың күдікті достары, жаман әдеттері, сондай-ақ оның үйдегі немесе мектептегі жанжалдары туралы ақпаратты жасырмаңыз.
- Балаңыздың жоспары туралы білуі мүмкін-ау деген барлық достарына, таныстары мен жақындарына, сынып жетекшісіне қоңырау шалып көріңіз. Ол баруы мүмкін достары мен туыстарының үйлерін өзіңіз аралап шығыңыз. Достарынан балаңыздың ниеттері мен жоспарлары туралы сұрап шығыңыз. Бірден хронологиялық тәртіпте сіздің балаңызды кім, қай жерде және қашан соңғы рет көргенін жазып алыңыз. Кейін бұл мәліметтер полицияға баланың жүрген жерін анықтауға көмектеседі.
- Балаңыз үйден алып кетуі мүмкін ақша, бағалы заттар немесе басқа да заттар жоғалған жоқ па екен, соны тексеріңіз.
- Балаңызды соңғы рет қай жерде көргенін анықтауға тырысыңыз, кәмелетке толмағандар жиналатын және демалатын жерлерді, саябақты, спорт және балалар алаңдарын, үйіңіздің маңындағы гараждарды қарап шығыңыз.
- Егер қараусыз жүрген жас баланы көрген куәгер табылса, міндетті түрде оның деректерін, үй мекенжайы мен байланыс телефондарын жазып алыңыз.
- Жедел жәрдемнің анықтама бөліміне, ауруханадардың қабылдау бөлімшелеріне қоңырау шалыңыз және олардан іздеудегі баланың түскен-түспегенін нақтылап сұрап алыңыз. Жоғалып кеткен баланың ерекше белгілері туралы барынша дәлдікпен айтыңыз және оның киімін суреттеңіз.
- Полиция қызметкерлерінен консультация алғаннан кейін міндетті түрде интернетте немесе басқа бұқаралық ақпарат құралдарында, оның ішінде әлеуметтік желілерде жоғалған бала туралы ақпарат жариялаңыз.
- Бала оралуы мүмкін жерлерде ересек адамдардың болатынына көз жеткізіңіз.

3 ЕГЕР НЕКЕГЕ ОТЫРУҒА МӘЖБҮРЛЕСЕ
ЖӘНЕ КҮШТЕП ҰРЛАП ӘКЕТСЕ
НЕ ІСТЕУ КЕРЕК?
КЕҢЕС



- Қалыңдықты алып қашу - ұлттық дәстүр мен салт па, жоқ әлде қылмыстық жазаланатын әрекет пе, оны анықтаудың басты белгісі – қыздың өз еркімен келісім беруі және алып қашушылардың осындай келісімнің барын түсінуі.
Басқаша айтқанда, егер қыздың еркінен тыс, алдын ала келісімсіз, оны күштеп ұстап, басқа жерге апарса, сондай-ақ алып қашушылар осы мән-жайды ұғынса – аса ауыр қылмыс жасалды деп есептеледі.
Қылмыстық кодексте «Адамды ұрлау» 125-бап және бұл үшін 4 жылдан 7 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы қарастырылған. Кәмелетке толмаған адамды ұрлап әкеткені үшін – мүлкін тәркілеп 12 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы қолданылады. Бұл қылмыс үшін ең жоғарғы жаза – мүлкін тәркілеп 15 жылға бас бостандығынан айыру (оның ішінде қылмыстық топ болып жасағаны үшін; егер абайсызда жәбірленушінің өліміне немесе басқадай ауыр зардаптарға әкеп соқса; ұрлап әкеткен адамды қанау мақсатында жасалса).
- Егер сіз ұрлап әкетудің құрбаны болсаңыз немесе сіздің көзіңізше осындай оқиғаны алса, шұғыл полицияға хабарлаңыз (102 телефоны арқылы – қалалық немесе мобильді телефоннан немесе тікелей кезекші бөлімге, полиция тірек бекетіне, жол-патрульдік полиция жасағына).
Мүмкіндігінше, полицияға ерекше белгілерді хабарлаңыз (автокөліктің маркасын, нөмірін, ұрлап әкетушілердің белгілерін).
- Бұл туралы ұрланған адам ғана емес, сонымен қатар алып қашудың куәсі болған немесе адам ұрланды деп болжаған кез келген адам хабарлай алады.
Жоғарыда аталған бап бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру, жәбірленушінің жазбашаарызы болмаса да басталады.
- Егер адам өз еркімен ұрланған қызды босатса және оның әрекеттерінде басқа қылмыс құрамы болмаса, онда ол қылмыстық жауаптылықтан босатылады. Кінәлі адам жәбірленушіні одан әрі де ұстауға мүмкіндігі болып, бірақ оған бостандық берген жағдайлар өз еркімен босату деп танылады.
- Айта кету керек, Қазақстанда неке жасы 18 жастан бастап белгіленген. Жекелеген жағдайларда некеге отыратын адамдардың өтінішхаттары, келісімі, сондай-ақ ата-аналарының (қамқоршыларының) келісімі болған кезде неке жасын төмендетуге рұқсат беріледі (бірақ 16 жастан төмен болмайды).

4

БАЛАНЫ ҰСТАП АЛУ КЕЗІНДЕГІ ОНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ КЕҢЕС



ҚЫЛМЫСТЫҚ ІСТІ ТЕРГЕП-ТЕКСЕРУ БАРЫСЫНДА:

- Сіздің балаңыздан тек қорғаушысының, заңды өкілінің, ал қажет болған жағдайда психолог пен педагогтың көзінше ғана жауап ала алады.

- Сіздің балаңыздан тек күндізгі уақытта ғана жауап алынуы тиіс.

- Сіздің балаңыздан үзіліссіз жауап алу 2 сағаттан артық болмауы, бір күнде жалпы уақыт 4 сағаттан артық болмауы тиіс. Баланың шаршағаны анық білінген жағдайда, жауап алу процесі уақыт аяқталғанға дейін де тоқтатылуы мүмкін.

- Сіздің балаңызға қатысты (егер оның куә, жәбірленуші мәртебесі болса) мыналар қолданылуы мүмкін:
 - қашықтықтан жауап алу (сотқа дейінгі тергеп-тексеру органына шақырып бейнебайланыс режимінде ғылыми-техникалық құралдарды пайдаланып жауап алу);
 - жауаптарды сақтауға қою (кейін тағы жауап алмау және психикалық жарақат әсерін жою мақсатында тергеу судьясының жауап алуы).

- Балаңыз күдікті болса, қорғаушы алғашқы жауап алған сәттен бастап, ал ұсталған болса - ұстап алған кезден бастап қатыстырылады.

- Кәмелетке толмаған адамның қатысуымен болатын істерде психология-психиатриялық сараптама жүргізу міндетті (өз әрекеттеріне есеп беру және іс бойынша белгіленген жағдайларда оларды басшылыққа алу қабілетін, ақыл-есі дұрыстығын, оның бойында ақыл-есі дұрыстығын жоққа шығармайтын психикалық бұзылушылықтың барын (жоқтығын) анықтау).

- Тек ерекше жағдайларда ғана, атап айтқанда, сіздің балаңызға қатысты бұлтартпау шараларының басқа түрлерін қолдануға болмайтын кезде күзет қойылуы мүмкін. Қылмыстық теріс қылық, онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыстар жасағаны үшін күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасы қолданылмайды.

5 КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАН АДАМҒА ҚАНДАЙ ТӘРБИЕЛІК ЫҚПАЛ ЕТУ ШАРАЛАРЫ ТАҒАЙЫНДАЛУЫ МҮМКІН? КЕҢЕС



- Қылмыстық құқық бұзушылық жасаған кәмелетке толмаған адамдарға жаза тағайындалуы немесе оларға мәжбүрлі-тәрбиелік ықпал ету шаралары қолданылуы мүмкін.
- Сот мынадай мәжбүрлі- тәрбиелік ықпал ету шараларын тағайындауы мүмкін:
 - ескерту;
 - ата-анасының немесе олардың орнын басатын адамдардың не мамандандырылған мемлекеттік органның қадағалуына беру;
 - келтірілген зиянның орнын толтыру мүмкіндігін жүктеу (бүлінген мүлікті қалпына келтіру, ұрланған мүлікті қайтару, ақшалай өтемақы төлеу, дәрі-дәрмек санаторлық-курорттық жолдамалар сатып әперу және т.б.);
 - кәмелетке толмаған адамның демалыс уақытын шектеу және оның мінез-құлқына ерекше талаптар белгілеу;
 - ерекше режимде ұсталатын білім беру ұйымына орналастыру;
 - жәбірленушіден кешірім сұрау міндетін жүктеу (кәмелетке толмаған адам жәбірленушіге келтірілген зиян үшін өз атынан одан кешірім сұрайды);
 - бір жылға дейінгі мерзімге пробациялық бақылау белгілеу (үкілетті мемлекеттік орган жүзеге асырады және сот шешімі бойынша көзделген міндеттерді орындау кіреді).Бірнеше мәжбүрлеп тәрбиелік ықпал ету шаралары бір мезгілде тағайындалуы мүмкін.

Кәмелетке толмаған адам мәжбүрлеп тәрбиелік ықпал ету шарасын бір жыл ішінде екі және одан да көп рет қасақана орындамаған жағдайда, мамандандырылған мемлекеттік органның ұсынымы бойынша сот бұл шараның күшін жояды және егер қылмыстық жауаптылыққа тарту мерзімі өтіп кетпесе, материалдар кәмелетке толмаған адамды оны қылмыстық жауаптылыққа тарту үшін жіберіледі.
- Егер қылмыстық құқық бұзушылық жасаған күннен бастап мынадай мерзімдер өтіп кетсе, адам олқылмыстық жауаптылықтан босатылады:
 - қылмыстық теріс қылық жасағаннан кейін бір жыл;
 - онша ауыр емес қылмыс жасағаннан кейін екі жыл;
 - ауырлығы орташа қылмыс жасағаннан кейін бес жыл;
 - ауыр қылмыс жасағаннан кейін он бес жыл;
 - аса ауыр қылмыс жасағаннан кейін жиырма жыл.Бұл ретте кәмелетке толмаған адамды қылмыстық жауаптылықтан немесе жазаны өтеуден босату кезінде бұл мерзімдер жартылай қысқарады.

6

АТА-АНА ҚАНДАЙ ЖАҒДАЙЛАРДА
АТА-АНА ҚҰҚЫҒЫНАН АЙЫРЫЛАДЫ?
КЕҢЕС



- Ата-ана ата-аналық құқығынан келесі жағдайларда айырылады:
 - ата-ана міндетін орындаудан жалтарса, оның ішінде алимент төлеуден қасақана жалтарса;
 - дәлелді себептерсіз өз баласын перзентханадан (перзентхана бөлімшесінен), жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған ұйымдардан және тағы басқа ұйымдардан алудан бас тартса;
 - өздерінің ата-аналық құқықтарын теріс пайдаланса (мысалы, баланы оқытуға қасақана кедергілер келтірсе; балаларын қайыршылыққа немесе ұрлықшылыққа баулыса; баланы жезөкшелікпен айналысуға итермелесе; балаларды спирттік ішімдіктер немесе есірткі тұтынуға тартса);
 - балаларына қатал қараса, оларға физикалық немесе психикалық зорлық-зомбылық көрсетсе, оны жыныстық қылмысқа итермелесе;
 - спирттік ішімдіктерді немесе есірткі құралдарын, психотроптық заттарды және (немесе) соның аналогтарын пайдаланса.

Ата-ана өз баласының, жұбайының немесе отбасының басқа мүшелерінің өміріне немесе денсаулығына қарсы қасақана қылмыстық құқық бұзушылық жасаған кезде, ата-аналық құқығынан айырылады.

Ата-аналық құқығынан айыру сот тәртібінде, прокурордың және қорғаншылық немесе қамқоршылық қызметімен айналысатын мекеменің қатысуымен жүргізіледі.

ОТБАСЫЛАРЫҢЫЗДЫ АЯЛАҢЫЗДАР!

7 МЕМЛЕКЕТ БАЛА ТӘРБИЕЛЕП ОТЫРҒАН
ОТБАСЫЛАРҒА ҚАНДАЙ
ҚОЛДАУ КӨРСЕТЕДІ?
КЕҢЕС



- Мемлекет Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте әлеуметтік көмек беру арқылы, бала тәрбиелеп отырған отбасыларға көмек көрсетеді.
- Бұндай отбасылар мынадай мемлекеттік жәрдемақылар ала алады:
 - 1) бала тууға байланысты төленетін бір жолғы жәрдемақы(бұдан әрі-бала туу жәрдемақысы);
Бала туу жәрдемақысы(айлық есептік көрсеткіштің (бұдан әрі – АЕК) өзгеруін ескеріп)мынадай мөлшерде белгіленген:
 - бірінші, екінші, үшінші балаға – 31,41 АЕК;
 - төртінші және одан кейінгі балаларға – 52,35 АЕК
 - 2) бала 1 жасқа толғанға дейін бала күтіміне байланысты төленетін ай сайынғы мемжәрдемақы (бұдан әрі – бала күту жәрдемақысы);
Бала күтімі жәрдемақысы мынадай мөлшерде белгіленген:
 - бірінші балаға – 5,76 АЕК;
 - екінші балаға – 6,81 АЕК;
 - үшінші балаға – 7,85 АЕК;
 - төртінші және одан кейінгі балаларға – 8,90 АЕК
 - 3) 18 жасқа дейінгі балаларға төленетін айы сайынғы мемжәрдемақы (бұдан әрі–бала жәрдемақысы);
Бала жәрдемақысы әрбір балаға 1,05 АЕК мөлшерінде белгіленген (01.01.2018 ж. бастап қолданысқа енгізіледі);
 - 4) мүгедек бала (мүгедек балалар) тәрбиелеп отырған анаға немесе әкеге, асырап алушыға, қорғаншыға (қамқоршыға) тағайындалатын ай сайынғы мемжәрдемақы.
Жәрдемақы 1,05 ең төменгі жалақы мөлшерінде белгіленген.
- Бала туу немесе бала күтімі жәрдемақысын тағайындауға жүгіну мерзімдері бала туған күннен бастап он екі айдан аспайды.
- Патронаттық тәрбиешілерге берген баланы (балаларды) асырауға мынадай мөлшерлерде ай сайынғы төлем жүргізіледі:
 - мектеп жасына дейінгі бір балаға тамақтану – 6 АЕК;
 - мектеп жасындағы бір балаға тамақтану – 7 АЕК;
 - бір балаға киім, аяқ киім, жұмсақ керек-жарақ – 3 АЕК.
- Жетім бала (жетім балалар) мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) асырауға қорғаншыларға немесе қамқоршыларға төленетін төлемнің мөлшері айына 10 АЕК-ті құрайды.
- Жетім баланы және (немесе) ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы асырап алуға байланысты, бір жолғы ақшалай төлем төленеді, оның мөлшері 75 АЕК-ті құрайды.

8

ЕГЕР СІЗ АЛИМЕНТ БОЙЫНША
БОРЫШКЕР БОЛСАҢЫЗ
КЕҢЕС



- **ЕГЕР СІЗ АЛИМЕНТ БОЙЫНША БОРЫШКЕР БОЛСАҢЫЗ:**
 - сот орындаушысына келуден жалтармауыңыз тиіс, себебі келмеу қолданыстағы заңнамада көзделген жауаптылыққа әкеп соғады;
 - орындаушылық іс материалдарымен танысуға құқығыңыз бар;
 - өндіріп алушымен татуласу және әрекет келісіміне келу тәсілін іздеуге құқылысыз;
 - оң келіссөздер жүргізілген жағдайда, нотариустың көзінше жазбаша Алименттік келісім жасасуға мүмкіндігіңіз бар.

- **БЕРЕШЕКТЕР БОЙЫНША УАҚЫТЫЛЫ ТӨЛЕУДІҢ АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ:**
 - балаңызды көріп тұру мүмкіндігін аласыз;
 - оның тәрбиесіне қатысасыз;
 - балаларыңыздың болашағына бірге қамданасыз – бала бақшаны, мектепті, лагерьлерді, демалысты және т.б. бірлесіп таңдайсыз.

- **АЛИМЕНТ БОЙЫНША БЕРЕШЕКТІ УАҚЫТЫЛЫ ТӨЛЕМЕУДІҢ КЕМ ТҰСТАРЫ:**

Үш ай ішінде жалақыдан немесе басқа кірістерден алимент төлемдерін өндіріп алу мүмкін болмағанда, сот орындаушысы орындауды қамтамасыз етудің келесі шараларын қабылдайды:

 - борышкердің мүлкін өндіріп алу (ақшаны, бағалы қағаздарды қосқанда);
 - борышкердің басқа жеке және заңды тұлғаларда тұрған жылжымалы мүлкін алып қою;
 - борышкерге белгілі бір әрекеттер жасауға тыйым салу (мүлікті иеліктен айыру, беру, ел аумағынан тыс жерлерге шығуға тыйым салу, бұрын берілген лицензиялардың, арнайы құқықтар мен рұқсаттардың қолданысын тоқтата тұру);
 - борышкерге оған меншік құқығында тиесілі мүлікті, оның ішінде ақшаны пайдалануға тыйым салу немесе оларды сот орындаушысы белгілеген шектерде пайдалануға нұсқау беру;
 - борышкердің мүлкіне сүргі салу;
 - құқық белгілейтін құжаттарды алып қою;
 - басқа адамдарға борышкерге мүлік, оның ішінде ақша беруге немесе оған қатысты басқадай әрекеттер жасауға тыйым салу шараларын қолдану;

- **Берешек сомасына тұрақсыздық төлемі есептеледі.**

9

ЕГЕР СІЗ БАЛА АСЫРАП
АЛҒЫҢЫЗ КЕЛСЕ
КЕҢЕС





«Мен шаңырақтың шайқалуына қарсымын, жастарды отбасы құндылықтарын құрметтеу рухында, ажырасуға қарсы пайымда тәрбиелеу қажет, себебі олардың кесірінен ең алдымен балалар зардап шегеді».

*Қазақстан Республикасының Президенті
Н.Ә. Назарбаев*

- Бала асырап алуға толыққанды физикалық, психикалық, рухани және адамгершілік дамуды қамтамасыз ету мүмкіндіктерін ескере отырып, кәмелетке толмаған балаларға қатысты және тек солардың мүддесі үшін рұқсат беріледі.
Бала асырап алу кезінде жасы, есею дәрежесі, баланың асырап алуға келісін беру мәселесі ескеріледі.
- Асырап алуға жататын балалар, жалғыз немесе екі ата-анасы:
 - қайтыс болған;
 - баладан бас тартқан;
 - ата-ана құқығынан айырылған және құқықтарын қалпына келтірмеген;
 - туыстарына, асырап алынатын баланың (балалардың) анасымен немесе әкесімен некеде (жұбайлықта) тұрған адамдарға, баланы асырап алуға келісім берген;
 - сот тәртібінде әрекетке қабілетсіз, із-түзсіз жоғалғандеп танылған немесе қайтыс болған деп жарияланған;
 - белгісіз.
- Еліміздің аумағында тұрақты тұратын, бала асырап алу ниеті бар Қазақстан Республикасының азаматтарының міндеттері:
 - баланы өзі таңдау және онымен кемінде екі апта уақыт байланыста болу;
 - бала орналасқан орындағы қорғаншылық немесе қамқоршылық функцияларын жүзеге асыратын органға келесі құжаттар беру:
 - бала асырап алғысы келетіні туралы жазбаша өтініш;
 - тұрғын үй жағдайларын тексеру актісін;
 - жиынтық кірісінің мөлшері туралы анықтама;
 - отбасылық жағдайы туралы анықтама;
 - денсаулық жағдайы туралы анықтама;
 - сотталығы жоқтығы туралы анықтама.
- Бала асырап алушы жетім баланы және (немесе) ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы асырап алуға байланысты, бір жолғы ақшалай төлем алуға құқылы. Оның мөлшері 75 айлық есептік көрсеткішті құрайды.

10

БАЛАНЫ БАЛА БАҚШАҒА ҚАЛАЙ
ТҰРҒЫЗУ, БАЛАЛАР ЛАГЕРІНЕ
ҚАЛАЙ ЖОЛДАМА АЛУ ҚАЖЕТ
КЕҢЕС



- Баланың ата-анасының бірінің тұрғылықты жері бойынша Халыққа қызмет көрсету орталығына (ХҚКО) арызбен жүгіну керек.

- Арызға мынадай құжаттар қоса тіркеледі:
 - баланың туу туралы куәлігі;
 - жеке басты куәландыратын құжат (ата-анасының бірінің немесе заңды өкілдерінің);
 - мектепке дейінгі ұйымда бірінші кезекте орын алу құқығын растайтын құжат (бар болса).

- Бірінші кезекте орын алуға құқылы:
 - заңды өкілдері мүгедектер болып табылатын балалар;
 - ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар;
 - жетім балалар;
 - көп балалы отбасылардан шыққан балалар;
 - әскери қызметшілердің, оның ішінде қызмет өткеру уақытында қаза болған, қайтыс болған немесе із-түзсіз жоғалып кеткен әскери қызметшілердің балалары;
 - арнайы мемлекеттік органдар қызметкерлерінің, оның ішінде қызмет өткеру уақытында қаза болған, қайтыс болған немесе із-түзсіз жоғалып кеткен қызметкерлердің балалары.Сізге кезектіліктің нөмірін көрсетіп кезекке қойылғаныңыз туралы хабарлауы немесе орын бар болса мектепке дейінгі ұйымға жолдама беруі тиіс.

- Қала сыртындағы және мектеп жанындағы лагерлерге жолдама алу үшін әкімдікке арызбен жүгіну қажет, оған мынадай құжаттарды қоса тіркеу керек:
 - баланың жеке басын куәландыратын құжат;
 - баланың туу туралы куәлігінің көшірмесі;
 - баланың денсаулық жағдайы туралы анықтама (медициналық паспорт) оған баланың флюоро суретін қоса тіркеу (бар болса).

- Тегін жолдама алуға мынадай балалар құқылы:
 - мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан шыққан балалар;
 - жан басына шаққандағы кірісі ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен, мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын отбасынан шыққан балалар;
 - отбасыларда тұратын жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар;
 - төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл көмекті қажет ететін отбасылардан шыққан балалар;
 - мектеп, лицей және т.б. белгілейтін оқушылар мен тәрбиеленушілердің өзге санаттары.Бұндай жағдайларда, осындай құқықты растайтын құжаттар қосымша ұсынылады.
Жолдама 15 жұмыс күнінен аспайтын мерзімде беріледі.

10

ТҰРМЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚТЫ
БОЛДЫРМАУ ЖАЙЛЫ
КЕҢЕС

- 1 Отбасындағы жанжалдар ушығып кетсе не істеу керек?
- 2 Тұрмыстық зорлық-зомбылықтан зардап шеккен адамның (оның отбасының) қауіпсіздігін қалай қамтамасыз ету қажет?
- 3 Тұрмыстық зорлық-зомбылықтан зардап шеккен адамға қандай іс-қимылдар жасаған жөн?
- 4 Егер тұрмыстық зорлық-зомбылық жасаған адамнан нақты қауіп төнсе
- 5 Жәбірленушінің тұрмыстық зорлық-зомбылық жасаған адаммен немесе оны жасау қаупін төндіретін адаммен байланыстарын болдырмаудың жолдары
- 6 Егер қорғау нұсқамасы жәбірленушінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін жеткіліксіз болса
- 7 Тұрмыстық зорлықшыға қатысты тағы қандай шектеулер қолдануға болады?
- 8 Полициядан басқа тағы кім тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбанының қауіпсіздігін іс жүзінде қамтамасыз ете алады?
- 9 Егер тұрмыстық зорлық-зомбылықтың құрбаны қиын өмірлік жағдайға тап болса
- 10 Тұрмыстық зорлықшы тарапынан жүйелі түрде ұрып-соғу мен қорлау зәбірін көрсеңіз

1

ОТБАСЫНДАҒЫ ЖАНЖАЛДАР УШЫҒЫП
КЕТСЕ НЕ ІСТЕУ КЕРЕК?

КЕҢЕС



- Ең алдымен мынаны түсіну қажет: отбасындағы нақты жағдайда тұрмыстық зорлық-зомбылықтың белгілері бар ма?
Тұрмыстық зорлық-зомбылық «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылы 4 желтоқсандағы Заңында «отбасы-тұрмыстық қатынастар аясында бір адамның басқаға (басқаларға) қатысты дене зардабын және (немесе) психикалық зардап келтіретін немесе келтіру қаупі бар құқыққа қарсы қасақана әрекеті (іс-әрекеті немесе әрекетсіздігі)» деп айқындалған.

- Зорлық-зомбылық, егер ол:
 - жұбайлар;
 - бұрынғы жұбайлар;
 - бірге тұратын немесе тұрған адамдар;
 - жақын туыстар;
 - ортақ баласы (балалары) бар адамдар арасында отбасылық-тұрмыстық қатынастар аясында жасалса, «тұрмыстық» ретінде сараланады.

- ЗАҢНАМАДА ТҰРМЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚТЫҢ 4 ТҮРІ КӨЗДЕЛГЕН:
КҮШ КӨРСЕТУ – дене күшін қолданып, денені ауыртып денсаулыққа қасақана зиян келтіру.

ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ – адамның психикасына қасақана әсер ету, оны қорқыту, қорлау, бопсалау немесе құқық бұзушылықтарды немесе өмірге немесе денсаулыққа қауіп төндіретін, сондай-ақ психикалық, дене және жеке басы дамуының бұзылуына әкелетін әрекеттерді жасауға мәжбүрлеу (еріксіз көндіру) арқылы ар-намысы мен абыройын кемсіту.

СЕКСУАЛДЫҚ – адамның жыныстық тиіспеушілігіне немесе жыныстық еркіндігіне қауіп төндіретін құқыққа қарсы қасақана іс-әрекет, сондай-ақ кәмелетке толмағандарға қатысты сексуалдық сипаттағы іс-әрекеттер.

ЭКОНОМИКАЛЫҚ – адамды заңмен көзделген құқығы бар тұрғын үйінен, тамағынан, киімінен, мүлкінен, қаражатынан қасақана айыру.

МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ:

Аса қатыгездікпен жасалған барлық адам өлтіру қылмыстарының жартысында қылмысқа дейін отбасында ұзақ уақытқа созылған және жанжалды жағдай болған.

2

ТҰРМЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚТАН ЗАРДАП ШЕККЕН АДАМҒЫҢ (ОНЫҢ ОТБАСЫНЫҢ) ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАЛАЙ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ҚАЖЕТ?

КЕҢЕС





«Адам өмірге жылап келеді және қайғырып кетеді. Осы екі құбылыс аралығында, ол нағыз бақыттың не екенін ұғынбай, оған сыйға берілген өмір қасиетінің қадірін білмей, бір-бірімен итше ырылдасып кете барады. Тек өмірінің соңғы мезеттерінде ғана есін жияды, көзі ашылады. Тек сол кезде ғана әлемнің ешқандай қазынасы оның өмірін ең болмаса бір күнге ұзарта алмайтынына көзі жете бастайды».

*Қазақ ақыны, философ, композитор
Абай Құнанбайұлы*

Құқықтық қорғауды қолдану керек.

- 1. Құқықбұзушыға жеке профилактика шараларын қолдану үшін полицияға жүгіну.
Олардың нақты тізбесі «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 17-бабында көзделген (№ 4-8 кеңестерді қараңыз).
- 2. Мынадай әрекеттер жасаған адамды әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылыққа тарту бойынша шаралар қабылдау үшін полицияға немесе сотқа жүгіну:
 - Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар (отбасылық-құқықтық қатынастар аясындағы құқыққа қайшы әрекеттер (73-б.), қорғау нұсқамасын бұзу (461) және т.б.);
 - Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтар (адам өлтіру (99-б.), денсаулыққа қасақана ауыр және ауырлығы орташа зиян келтіру (106, 107-б.), өзін-өзі өлтіруге дейін жеткізу (105-б.), қорқыту (115-б.), зорлау (120-б.) және т.б.).
- 3. Тұрмыстық зорлық-зомбылық жасаған адамға мынадай шаралар қабылдау үшін азаматтық-құқықтық тәртіпте сотқа жүгіну:
 - медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары (психиатрияда, наркологияда емдеу);
 - қорғаншылар мен қамқоршыларды өз міндеттерінен босату немесе шеттету бойынша шаралар және т.б.

МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ:

Ұзақ уақытқа созылған отбасылық жанжалдарды болдырмаған жөн. Әдетте, тұрмыстық зорлық-зомбылық жылдар өте келе жәбірленуші үшін аса қатыгездікпен, садизммен, қорлаумен, сондай-ақ қинаумен қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауға ұласады. Ал бұл қылмыстық жауаптылық пен жазаны ауырлататын мән-жайлар (Қылмыстық кодекстің 54-б.).

3 ТҰРМЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚТАН ЗАРДАП ШЕККЕН АДАМҒА ҚАНДАЙ ІС-ҚИМЫЛДАР ЖАСАҒАН ЖӨН? КЕҢЕС



- **ДЕРЕУ ПОЛИЦИЯҒА ЖҮГІНУ («102» ТЕЛЕФОНЫ АРҚЫЛЫ ПОЛИЦИЯҒА ХАБАРЛАУ, ЖАРАҚАТ АЛҒАН КЕЗДЕ «103» НӨМІРІ АРҚЫЛЫ ЖЕДЕЛ ЖӘРДЕМ ШАҚЫРУ).**
- **1-қадам.** Тұрғылықты жері бойынша ішкі істер органына жүгіну:
 - ІІО кезекші бөліміне;
 - тұрмыстық зорлық-зомбылықтың құрбаны тұрып жатқан учаскеге қызмет көрсететін учаскелік полиция инспекторына немесе тұрмыстық зорлық-зомбылық фактісі болған орын бойынша учаскелік полицияға;
 - ІІО әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау бөлімшесінің инспекторына;
 - жергілікті полиция қызметінің кез келген қызметкеріне.
- **2-қадам.** Белгіленген үлгіде арыз беру және арызды қабылдаған құқылы тұлғадан (ішкі істер органдары кезекші бөлімінің қызметкерінен немесе қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы ақпаратты қабылдауға және есепке алуға жауапты лауазымды тұлғадан) хабарлама-талон алу.
- **3-қадам.** ІІО учаскелік инспекторынан құқық бұзушыға шаралар қабылдау үшін тұрмыстық зорлық-зомбылық жасалған орынға шығуды талап ету.
- **4-қадам.** Медициналық мекемелерге жүгіну нәтижелерін немесе сот-медициналық сараптама беру немесе егер қажет болса, сот-медициналық куәландыруға жіберуді талап ету.
- **5-қадам.** Қажет болған жағдайда тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына көмек көрсету жөніндегі ұйымдарға: дағдарыс орталығына немесе зорлық-зомбылық қаупіне байланысты дағдарысты жағдайда жүрген адамдарға арналған орталық-панажайға жіберуді талап ету.
- **6-қадам.** Құқық бұзушыларды, алкоголизмге, нашақорлыққа және уытқұмарлық дертіне шалдыққан адамдар еріксіз емдеуге жіберу туралы мәселені шешу кезінде медициналық куәландырудан жалтарған жағдайларда, мәжбүрлеп тексеру үшін наркологиялық диспансерге әкелу туралы талаппен полицияға жүгіну («Алкоголизмге, нашақорлық пен уытқұмарлық дертіне шалдыққан ауруларды еріксіз емдеу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 3-б.).
- **7-қадам.** Ұрып-соғу және қорлау, жыныстық қатынас жасауға, еркек мен еркектің жыныстық қатынас жасауына, әйел мен әйелдің жыныстық қатынас жасауына немесе сексуалдық сипаттағы басқадай іс-әрекеттерге мәжбүрлеу жағдайларында немесе тұрғын үйге онда тұратын адамның еркінен тыс басып кіру жағдайларында, сотқа жеке айыптау тәртібінде кінәлі адамды жауаптылыққа тарту туралы шағым жіберу туралы талаппен жүгіну.

4

ЕГЕР ТҰРМЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ
ЖАСАҒАН АДАМНАН НАҚТЫ ҚАУІП ТӨНСЕ
КЕҢЕС



- Тұрғылықты жері бойынша полицияға құқық бұзушыға қатысты жақындауға тыйым салуды қолдануды талап ету туралы арыз беру (ҚПК 165-б.).

- АРЫЗДА МЫНАЛАРДЫ КӨРСЕТКЕН ЖӨН:**
 - қандай қауіптер мен қолсұғушылықтарға тап болдыңыз (тұрмыстық зорлық-зомбылықтың түрі)?
 - қауіптер мен қолсұғушылықтар жүйелі және ұзақ уақытқа созылу сипатында ма?
 - олар болашақта қайталануы мүмкін бе?
 - қуәлар (куәгерлер), дәлелдемелер бар ма?Болған оқиғаны егжей-тегжейлі суреттеп, барлық қолда бар дәлелдемелер мен қуәлардың байланыс деректерін жинап, өтінішхатпен бірге беру қажет.
 - Күш көрсету немесе сексуалдық тұрмыстық зорлық-зомбылық көрсетілгенде дәрігерлерде тексерілу нәтижелерін қоса беру қажет.

- Жәбірленушінің немесе қорғауға жататын өзге адамның жазбаша арызы бойынша полиция қызметкері, сот алдында жақындауға тыйым салуды санкциялау туралы өтінішхат қозғау туралы қаулы шығаруға және оны прокурорға жіберуге міндетті.

- Прокурор, ұсынылған материалдарды қарағаннан кейін, өтінішхатты қолдау немесе оны қолдаудан бас тарту туралы дәлелді қаулы шығаруы тиіс. Өтінішхатты қолдау кезінде прокурор өтінішхат пен іс материалдарының көшірмелерін сотқа жіберуге міндетті.

- Жақындауға тыйым салуды санкциялау туралы өтінішхатты тергеу судьясы өтінішхат сотқа түскен кезден бастап үш тәулік ішінде қарайды.

- Өтінішхат пен ұсынылған іс материалдарын қарағаннан кейін тергеу судьясы жақындауға тыйым салуды санкциялау немесе одан бас тарту туралы қаулы шығарады.

- Жақындауға тыйым салуды санкциялаудан бас тарту туралы қаулыға шағым берілуі, наразылық білдірілуі мүмкін

5

ЖӘБІРЛЕНУШІНІҢ ТҰРМЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ
ЖАСАҒАН АДАММЕН НЕМЕСЕ ОНЫ ЖАСАУ ҚАУПІН
ТӨНДІРЕТІН АДАММЕН БАЙЛАНЫСТАРЫ
БОЛДЫРМАУДЫҢ ЖОЛДАРЫ

КЕҢЕС



- Ішкі істер органдарының учаскелік инспекторына құқық бұзушыға қатысты қорғау нұсқамасын шығару туралы талаппен жүгіну.

ПАЙДАЛЫ АҚПАРАТ:

Қорғау нұсқамасы – отбасылық-тұрмыстық қатынастар аясындағы құқық бұзушылықтың алдын алу нысандарының бірі. Полиция қызметкері ол шығарылған кезде он алты жасқа толған, есі дұрыс адамға қатысты шығарады.

- Учаскелік полиция инспекторы жәбірленушінің пікірін ескере отырып қорғау нұсқамасын шығарады және:
 - тұрмыстық зорлық-зомбылық жасаған не оны жасау қаупін төндіретін адамға орындау үшін қолхатпен береді;
 - жәбірленушіге оның құқықтары, сондай-ақ өзіне қатысты қорғау нұсқамасы шығарылған адам оны бұзған жағдайда құқықтық салдарлары түсіндіріле отырып, қорғау нұсқамасы шығарылған күні оның көшірмесін қолхатпен береді;
 - қорғау нұсқамасының көшірмесін өзіне қатысты қорғау нұсқамасы шығарылған адамға ол берілген кезден бастап жиырма төрт сағат ішінде прокурорға жібереді.
- Қорғау нұсқамасында тұрмыстық зорлық-зомбылық жасауға, жәбірленушінің отбасының кәмелетке толмаған және (немесе) әрекетке қабілетсіз мүшелерін қоса алғанда, оның еркіне қарамастан оны іздестіруге, оның ізіне түсуге, оған баруға, онымен ауызша, телефон арқылы сөйлесуге және өзге де тәсілдермен байланыс жасауға тыйым салынады.
- Қорғау нұсқамасының қолданылу мерзімі ол өзіне қатысты шығарылған адамға берілген кезден бастап 30 тәулікті құрайды.
- Тексеру мерзімділігі күнтізбелік жеті күнде кемінде бір ретті құрайды.
- Қорғау нұсқамасын бұзу ҚР ӘҚБтК-нің 461-бабында белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

6

ЕГЕР ҚОРҒАУ НҰСҚАМАСЫ ЖӘБІРЛЕНУШІНІҢ
ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ҮШІН
ЖЕТКІЛІКСІЗ БОЛСА

КЕҢЕС



- Бұл жағдайда, ішкі істер органдары отбасылық-тұрмыстық қатынастар аясындағы құқыққа қайшы әрекеттер жасаған (ҚР ӘҚБтК-нің 73-б.) немесе ішкі істер органдары шығарған қорғау нұсқамасын бұзған (ҚР ӘҚБтК-нің 461-б.) адамды әкімшілік ұстап алуды қолдануы мүмкін.
- Әкімшілік ұстап алу туралы хаттама жасалады, оның көшірмесі ұсталған адамға беріледі.
- Әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін ұсталған адамның өтініші бойынша, оның орналасқан жері туралы дереу оның туыстары, жұмыс немесе оқу орны бойынша әкімшілік, сондай-ақ оның қорғаушысы хабардар етіледі.
- Кәмелетке толмаған адамның ұсталғаны туралы оның ата-анасын немесе олардың орнын басатын адамдарды хабардар ету міндетті.
- Ұсталған адамға оның құқықтары мен міндеттері түсіндіріледі. Ұсталған адам оны ұстау үшін негіз болған мән-жайлар жойылған кезде дереу босатуға жатады.

ПАЙДАЛЫ АҚПАРАТ:

ҚР ӘҚБтК 787-бабына сәйкес ұстап алу арқылы қойылған мақсаттарға қол жеткізілген жағдайларда құқық бұзушы босатуға жатады. Атап айтқанда: 1) құқық бұзушылықтың жолын кесу; 2) әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуді қамтамасыз ету; 3) құқық бұзушы мастықтан айыққанға дейін; 4) әкімшілік ұстап алу мерзімі аяқталғаннан кейін.

- Ұстап алу мерзімінің басталуы ұсталған адамға қандай да бір процестік мәртебе беруге, немесе басқадай формалдық рәсімдердің орындалуына қарамастан, минутына дейін дәлдікпен ұсталған адамның бостандығын шектеу іс жүзінде болған кездегі сағат болып табылады. Алкогольді масаң күйіндегі адамға қатысты әкімшілік ұстап алу мерзімі, медициналық қызметкер куәландырған, оның мастықтан айығуы кезінен бастап есептеледі.
- Әкімшілік ұстап алудың аяқталу кезі іс жүзінде ұстап алу уақытынан бастап үздіксіз есептелетін үш сағаттың өтуі болып табылады.

7 ТҰРМЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚШЫҒА ҚАТЫСТЫ ТАҒЫ ҚАНДАЙ ШЕКТЕУЛЕР ҚОЛДАНУҒА БОЛАДЫ? КЕҢЕС



- Тұрмыстық зорлық-зомбылық жасаған адамның мінез-құлқына ерекше талаптар белгілеу талабымен полицияға жүгіну.
Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы заңнамаға сәйкес ішкі істер органдары құзыреттерінің бірі – сот алдында тұрмыстық зорлық-зомбылық жасаған адамның жүріс-тұрысына ерекше талаптар белгілеу туралы өтінішхатпен жүгіну.
Жүріс-тұрысына ерекше талаптар белгіленген адам айына бір реттен төрт ретке дейін профилактикалық сұхбат жүргізу үшін ішкі істер органдарына келуге міндетті.
- Өзіне қатысты мінез-құлқына ерекше талаптар белгіленген адамға мыналарға тыйым салынуы мүмкін:
 - жәбірленушінің ықтиярына қарамастан, жәбірленушіні іздестіруге, ізіне түсуге, оған баруға, кәмелетке толмағандарды және (немесе) оның әрекетке қабілетсіз отбасы мүшелерін қосқанда, ауызша, телефон арқылы әңгімелесуге және онымен басқадай тәсілдермен байланысқа түсуге;
 - атыс қаруын және қарудың басқа түрлерін сатып алуға, сақтауға, алып жүруге және пайдалануға;
 - кәмелетке толмағандарға, белгілі бір жерлерге баруға, кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияның рұқсатынсыз басқа жерлерге шығуға;
 - алкогольді ішімдіктер, есірткі құралдарын, психотроптық заттар тұтынуға;
 - айрықша жағдайларда жәбірленуші мен оның отбасы мүшелерін күзету және қорғау үшін сот сондай-ақ тұрмыстық зорлық-зомбылық жасаған адамға, бұл адамның басқа тұрғын үйі бар болған жағдайда, жәбірленушімен бірге жеке тұрғын үйде, пәтерде немесе басқадай тұрғын үйде тұруға тыйым салу түріндегі әкімшілік-құқықтық ықпал ету шарасын қолдануға құқылы.
- Бұл шара әкімшілік құқық бұзушылық жасаған адамды әкімшілік жауаптылықтан босату кезінде әкімшілік өндірумен қатар, сондай-ақ оның орнына да қолданылады.

8

ПОЛИЦИЈАДАН БАСҚА ТАҒЫ КІМ ТҰРМЫСТЫҚ
ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ ҚҰРБАНЫНЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІН
ІС ЖҮЗІНДЕ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕ АЛАДЫ?

КЕҢЕС



- «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Заң жәбірленушіге өз бетінше дағдарыс орталығына (панажайға) жүгінуге мүмкіндік береді.
- Жәбірленуші өз бетінше немесе ІІО учаскелік полиция инспекторы арқылы тұрғылықты жері бойынша дағдарыс орталығына жүгіне алады.
- **Дағдарыс орталығы (панажай):**
 - тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбанын қабылдауды жүзеге асырады;
 - қажетті көмек көрсетуді ұйымдастырады (психологиялық, педагогикалық, медициналық, заңдық);
 - қажет болған кезде жәбірленушіні медициналық көмек көрсету және одан әрі оңалту үшін денсаулық сақтау ұйымына жібереді;
 - Жәбірленушіге уақытша баспана (панажай) береді;
 - жәбірленушіге арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетеді (№9 кеңесті қараңыз), жәбірленушінің мүддесіне арнаулы әлеуметтік қызметтердің кепілдендірілген және (немесе) кепілдендірілген көлемге үстеме берілетін қосымша көлемін беру туралы арызбен жергілікті атқарушы органға жүгінеді;
 - тұрмыстық зорлық-зомбылық жасаған адамдармен психотүзету бағдарламаларын жүргізеді;
 - жәбірленушіге оның тұрғылықты жеріне қарамастан көмек көрсетеді.
 - жәбірленуші тікелей жүгінген кезде, ІІО-ны тұрмыстық зорлық-зомбылық фактісі туралы немесе оны жасау қаупі туралы хабардар етеді;

ПАЙДАЛЫ АҚПАРАТ:

Бүгінгі күні Қазақстанда 28 дағдарыс орталығы жұмыс істейді, олардың 17-сінде панажайлар бар (Қосымшаны қараңыз).

9

ЕГЕР ТҰРМЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚТЫҢ
ҚҰРБАНЫ ҚИЫН ӨМІРЛІК ЖАҒДАЙҒА ТАП БОЛСА


КЕҢЕС



- «Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген талаптарға сәйкес жазбаша арыз беру арқылы жергілікті атқарушы органға көмек сұрап жүгіне алады (мысалы, заңдық, медициналық, психологиялық көмек).
- Арыз берудің негізгі мақсаты – тұрмыстық зорлық-зомбылықтың құрбаны өз бетінше жеңе алмайтын қиын өмірлік жағдайды еңсеру
- Арыз берудің негізгі мақсаты – тұрмыстық зорлық-зомбылықтың құрбаны өз бетінше еңсере алмайтын қиын өмірлік жағдайды еңсеру.
- **1-қадам.** Тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбаны немесе оның мүддесі үшін жүгінетін адам тұрғылықты жері бойынша жергілікті атқарушы органға немесе арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін субъектіге (мысалы, дағдарыс орталығына, панажайға) жазбаша арыз береді.
- **2-қадам.** Әлеуметтік қызметкер арыз түскен күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде жергілікті атқарушы органның тапсырмасы бойынша арнайы әлеуметтік көмектерге деген қажеттілікті бағалайды және айқындайды.
- **3-қадам.** Бағалау және арнаулы әлеуметтік қызметтерге деген қажеттілікті айқындау нәтижелері бойынша, әлеуметтік қызметкер қорытынды дайындайды, онда қызметтің түрі, алушының санаты, қызмет көрсету орны, қызмет көрсету ұзақтығы, қызметтің мазмұны және жеке ерекшеліктер айқындалады.
- **4-қадам.** Жергілікті атқарушы орган әлеуметтік қызметкердің бағалау және арнаулы әлеуметтік қызметтерге деген қажеттілікті айқындау жөніндегі қорытындысын алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қиын өмірлік жағдайға тап болған адамға (отбасына) бюджет қаражаты есебінен арнаулы әлеуметтік қызметтер беру туралы шешім қабылдайды.
- **5-қадам.** Жергілікті атқарушы орган шешім қабылдағанға дейін, зардап шеккен адам (отбасы), көмек (қызмет) бюджет қаражаты есебінен көрсетілген жағдайда, тұрмыстық зорлық-зомбылықтан зардап шеккен адамдарға көмек көрсететін дағдарыс орталығында бола алады.
- **6-қадам.** Қатал қараудың, оның ішінде тұрмыстық зорлық-зомбылықтың құрбандары болған кәмелетке толмағандарға әлеуметтік және психологиялық көмек көрсету үшін, оларды Кәмелетке толмаған балаларды бейімдеу орталығына орналастыру үшін полицияға жүгіну.

10 ТҰРМЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚШЫ ТАРАПЫНАН ЖҮЙЕЛІ ТҮРДЕ ҰРЫП-СОҒУ МЕН ҚОРЛАУ ЗӘБІРІН КӨРСЕҢІЗ КЕҢЕС





«Сенім қағаз секілді, бір мыжыдың ба – қанша жазсаң да, ол енді ешқашан мінсіз тегіс бола алмайды.»

*Парсы философы, математик, астроном
Омар Хайям*

- Тұрмыстық зорлық-зомбылық оқиғалары денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтірумен, ұрып-соғумен және қорлаумен байланысты жағдайлар санатына жатады.
Бұл жағдайларда сотқа жүгінген жөн, себебі бұл қылмыстық құқық бұзушылықтар қылмыстық заңнама бойынша жеке айыптау істеріне жатады.
- Жәбірленушінің (жеке айыптаушының) немесе оның заңды өкілінің сотқа ТІКЕЛЕЙ шағым беруі арқылы мынадай ЖЕКЕ АЙЫПТАУ істері қозғалады:
 - денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіру туралы (ҚР ҚК 108-б.);
 - тән ауруына ұшырататын, бірақ денсаулыққа жеңіл зиян келтіруге әкеп соқпаған ұрып-соғу немесе өзге де күш қолдану әрекеттерін жасау туралы (ҚР ҚК 109-б.);
 - ұдайы ұрып-соғу немесе өзге де күш қолдану әрекеттері арқылы тән зардабына немесе психикалық зардап шегуге ұшырату туралы, егер бұл іс-әрекет денсаулыққа ауыр немесе ауырлығы орташа зиян келтіруге әкеп соқпаса (ҚР ҚК 110-б.);
 - денсаулыққа абайсызда ауырлығы орташа зиян келтіру туралы (ҚР ҚК 114-б.);
 - жыныстық қатынас жасауға, еркек пен еркектің жыныстық қатынас жасауына, әйел мен әйелдің жыныстық қатынас жасауына немесе сексуалдық сипаттағы өзге де әрекеттерді жасауға мәжбүр ету туралы (ҚР ҚК 123-б.);
 - тұрғынжайға онда тұратын адамның еркінен тыс заңсыз басып кіруден көрінетін тұрғынжайға қолсұғылмаушылықты бұзу туралы (ҚР ҚК 149-б.).

МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ:

Жеке айыптау істері – Қазақстан Республикасының заңнамасындағы қылмыстық істердің ерекше санаты. Бұндай қылмыстық істер шешім қозғаудың, қараудың және қабылдаудың ерекше тәртібімен сипатталады (Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 47-тарауы). Бұл істер бойынша іс жүргізу жәбірленушінің шағымы бойынша ғана басталады және оның айыпталушымен, сотталушымен татуласуына байланысты тоқтатуға жатады.

10

СІЗДІҢ БИЗНЕСІҢІЗ ҮШІН
КЕҢЕС

- 1 Өз бизнесіңді қалай қорғау керек?
- 2 Егер сізге тексеріспен келсе
- 3 Тексеріс жүргізу барысындағы сіздің құқықтарыңыз
- 4 Егер тексерушілер сіздің құқықтарыңызды бұзса
- 5 Қандай тексеріс заңсыз болуы мүмкін?
- 6 Мемлекеттік сатып алу қатысушыларына нені білген маңызды?
- 7 Колонияда өз бизнесіңді қалай ашу керек?
- 8 Сіз мемлекет көрсететін қолдау туралы білесіз бе?
- 9 Кәсіпкерлердің құқықтары бұзылған кезде меморгандардан басқа тағы қайда жүгінуге болады?
- 10 Кәсіпкерліктің заңнама бұзғаны үшін жауаптылығы

1

ӨЗ БИЗНЕСІНДІ ҚАЛАЙ ҚОРҒАУ КЕРЕК? КЕҢЕС





«Үш жағдайда бәрінен жылдам үйренесің – жеті жасқа дейін, тренингтерде, және өмір саған басқа амал қалдырмағанда»

*Эксперт в области менеджмента
Стивен Кови*

- **Өз бизнесіңді ықтимал тергеп-тексеру мен соттық талап- арыздардан қорғаңыз.** Болмысы күдік тудыратын адамдармен байланыс орнатудан аулақ болыңыз (болмыс туралы мәліметтерді Интернет-ресурстардан табуға болады), және күмәнді кәсіпорындар мен мәмілелерге қатыспаңыз.
- **Қолма-қол ақшаңыз бен кірістеріңізді қадағалап отырыңыз.** Кәсіпорын қызметіне тәуелсіз аудит жүргізіңіз. Бұл кемшіліктерді айналып өтуге мүмкіндік беріп қана қоймай, сонымен қатар меморгандардың тексерістерінен қорғайды (өрт қауіпсіздігі және санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылық саласындағы).
- **Білікті адвокатпен және қаржы кеңесшісімен ынтымақтастықта жұмыс істеңіз.** Шағын бизнеске көптеген салықтық жеңілдетулер қарастырылған (салық заңнамасымен көзделген). Сіз олардың барлығын білетініңізге және қолданатыныңызға көз жеткізіңіз.
- **Меморгандармен және заңды тұлғалармен барлық хат алмасу ресми түрде жүргізілуі тиіс** (яғни, хаттардың шығыс нөмірлері мен күндері болуы тиіс, бұл ретте сіздің хатыңызды меморган мен заңды тұлғаның алғанын растайтын құжаттардың бар болғаны жөн). Контрагенттермен болған барлық уағдаластықтарды құжатпен бекітіңіз, оны міндетті түрде заңдық тұрғыда тексеріңіз.
- **МЕМОРГАНДАР КӘСІПОРЫНДАРҒА АЛДА БОЛАТЫН ТЕКСЕРІС ТУРАЛЫ ХАБАРЛАУҒА ТИІС ПЕ?**

Әрине, ерекше тәртіп бойынша тексерістің басталатыны туралы және ішінара тексеріс туралы 30 күнтізбелік күн бұрын жазбаша түрде хабарлауы тиіс. Жоспардан тыс тексеріс кезінде тексеріс басталғанға дейін бір тәулік бұрын хабарлануы тиіс.

Бұл ережеден тыс өткізілетін тексерістерге Кәсіпкерлік кодекстің 144-бабы 3-тармағының 2, 7, 9, 10 тармақшаларына және 6,7 тармақтарына сәйкес жүргізілетін жоспардан тыс тексерістер жатады.

2

ЕГЕР СІЗГЕ ТЕКСЕРІСПЕН КЕЛСЕ
КЕҢЕС



- Тексерістер тағайындау және жүргізу мәселелері Кәсіпкерлік кодекстің 2-параграфында регламенттелген.

ТЕКСЕРІСТЕР МЫНАДАЙ ТҮРЛЕРГЕ БӨЛІНЕДІ:

- тәуекел дәрежесін бағалау негізінде ерекше тәртіп бойынша жүргізілетін тексеріс (адамның өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға, жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің заңды мүдделеріне төнетін тікелей қатердің алдын алу және (немесе) оны жою мақсатында бақылау және қадағалау органы тәуекел дәрежесін бағалау негізінде нақты тексерілетін субъектіге (объектіге) қатысты тағайындалатын тексеру);

- ішінара (адамның өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға, жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің заңды мүдделеріне төнетін тікелей қатердің алдын алу және (немесе) оны жою мақсатында бақылау және қадағалау органы есептілікті, бақылаудың өзге нысандарының нәтижелерін талдау нәтижелері бойынша тәуекел дәрежесін бағалау негізінде нақты тексерілетін субъектіге (объектіге) қатысты тағайындалатын тексеріс);

- жоспардан тыс (адамның өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға, жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің заңды мүдделеріне төнетін тікелей қатердің алдын алу және (немесе) оны жою мақсатында бақылау және қадағалау органы тексеру тағайындауға негіз болған нақты тексерілетін субъектіге қатысты, тексеру тағайындауға негіз болған нақты фактілер мен мән-жайлар бойынша нақты тексерілетін субъектіге (объектіге) қатысты тағайындалатын тексеріс (жоспардан тыс тексеріс негіздемелерінің тізбесі Кәсіпкерлік кодекстің 144-бабының 3-тармағында көзделген).

Көлемі бойынша тексерістер кешенді және тақырыптық болып бөлінеді.

- **ТЕКСЕРІС ҚАНША УАҚЫТҚА СОЗЫЛАДЫ?**

Тексеріс 30 жұмыс күнінен артық созылмауы тиіс (салық тексерісін қоспағанда, оның мерзімі Салық кодексінің 629-бабында регламенттелген).

Арнайы зерттеулер, сынамалар, сараптамалар жүргізу қажет болған кезде, сондай-ақ тексеріс көлемінің айтарлықтай болуына байланысты, Қазақстан Республикасының салық заңнамасында көзделген салық тексерісін жүргізу кезіндегі жекелеген жағдайларды және жоғарыда аталған бапта көзделген жағдайларды қоспағанда, тексеріс өткізу мерзімін тек бір рет қана бақылау және қадағалау органының басшысы (не оның орнын басатын тұлға) отыз жұмыс күнінен аспайтын мерзімге ұзартуы мүмкін.

СІЗ БІЛУГЕ ТИІССІЗ:

1. Тексеруші мыналарды көрсетуі тиіс:

- Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеттің сіздің облыстағы (қаладағы) Басқармасында тіркеу туралы мөртабан басылған тексеріс тағайындау туралы актісін;

- қызметтік күәлігін;

- тексеруге жататын талаптардың тармақтарын көрсете отырып тексеру парағын.

2. Сіз тексерістің заңдылығын <http://service.pravstat.kz/> мекенжайы бойынша Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті ақпараттық сервисінің «Сіздің бизнесті тексерудің заңдылығы» бөліміне жүгіну арқылы тексерсе аласыз.

3. Тексеріс тағайындау туралы актіде көрсетілмеген тексеруші тұлғалар тексеріс жүргізуге құқылы емес.

4.Тексеріс жүргізудің басталуы болып тексеріс тағайындау туралы акті тапсырылған күн есептеледі.

3

ТЕКСЕРІС ЖҮРГІЗУ БАРЫСЫНДАҒЫ СІЗДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫҢЫЗ КЕҢЕС



- **СІЗ ҚҰҚЫЛЫСЫЗ:**
 - егер жүргізілетін тексеру, тексеріс нысанасына жатпаса немесе актіде көрсетілген кезеңге жатпаса, ондай мәліметтерді бермеуге;
 - лауазымды тұлғаның қызметіне кедергі келтірмей, аудио және бейнетехниканың көмегімен тексеріс процесін жазып алуға;
 - тексеріс тағайындау туралы, тексеріс нәтижелері туралы актіге, сондай-ақ тексеруші тұлғаның әрекеттеріне жоғары тұрған мемлекеттік органға не сотқа шағым беруге;
 - сіздің қызметіңізді шектейтін, тексерушілердің заңда негізделмеген тыйымдарын орындамауға (мысалы, ешқандай негізсіз қызметті тоқтата тұру туралы талап);
 - өз мүдделеріңіз бен құқықтарыңызға өкілдік ету мақсатында, тексеріс жүргізу кезінде сол жерде болуға, сондай-ақ тексеріске қатысуға үшінші тұлғаларды тартуға.
- **СІЗГЕ ТЕКСЕРІС ЖҮРГІЗУ КЕЗІНДЕ БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ ҚАДАҒАЛАУ ОРГАНЫНЫҢ ЛАУАЗЫМДЫ ТҰЛҒАЛАРЫ МЫНАЛАРҒА ҚҰҚЫЛЫ ЕМЕС ЕКЕНДІГІН БІЛГЕН ЖӨН:**
 - осы бақылау және қадағалау органының тексеру парақтарында белгіленбеген, сондай-ақ егер мұндай талаптар мемлекеттік органның атынан осы лауазымды адамдар әрекет ететін мемлекеттік органның құзыретіне жатпаса, талаптардың орындалуын тексеруге;
 - егер құжаттар, ақпарат, өнім үлгілері, қоршаған орта объектілерін және өндірістік орта объектілерін зерттеп-қарау сынамалары тексеру объектілері болып табылмаса немесе тексеру нысанасына жатпаса, оларды ұсынуды талап етуге;
 - өнім үлгілерін, қоршаған орта объектілерін және өндірістік орта объектілерін зерттеп-қарау сынамаларына зерттеу, сынақ, өлшеу жүргізу үшін көрсетілген үлгілерді, сынамаларды белгіленген нысан бойынша және (немесе) ұлттық стандарттарда, үлгілерді, сынамаларды іріктеу қағидаларында және оларды зерттеу, сынақтан өткізу, өлшеу әдістерінде, техникалық регламенттерде немесе олар күшіне енетін күнге дейін қолданыста болатын өзге де нормативтік техникалық құжаттарда, зерттеу, сынақтан өткізу, өлшеу қағидаларында және әдістерінде белгіленген нормалардан асатын көлемде іріктеп алу туралы хаттамаларды ресімдеместен, оларды іріктеп алуға;
 - Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, тексеру жүргізу нәтижесінде алынған және коммерциялық, салықтық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты жария етуге және (немесе) таратуға;
 - тексеру жүргізудің белгіленген мерзімдерінен асып кетуге;
 - мемлекеттік бақылау мақсатында тексерілетін субъектілердің есебінен шығынды сипаттағы іс-шараларды жүргізуге.
- **ТЕКСЕРУШІЛЕР ТЕКСЕРІС ҚОРЫТЫНДЫСЫН ҚАЛАЙ РЕСІМДЕУІ ТИІС?**

Тексерушілер 2 данада тексеру нәтижелері туралы акті жасайды, оның біреуі сізге тапсырылады. Егер ескертулер немесе наразылықтар болса, сіз оларды жазбаша түрде мазмұндай аласыз, олар актіге қоса тіркеледі.
- **ТЕКСЕРУШІЛЕРДІҢ ЗАҢСЫЗ ӘРЕКЕТТЕРІНІҢ САЛДАРЛАРЫ:**

Өрескел бұзушылықпен жүргізілген тексеріс (тізбесі Кәсіпкерлік кодексінің 156-бабының 3-тармағында келтірілген), жарамсыз деп танылады, бұл оны кейінге қалдыру үшін негіз болып табылады.

4


ЕГЕР ТЕКСЕРУШІЛЕР СІЗДІҢ
ҚҰҚЫҚТАРЫҢЫЗДЫ БҰЗСА

КЕҢЕС



- **ЖЕКЕ КӘСІПКЕРЛІК СУБЪЕКТІЛЕРІ ҚҰҚЫЛЫ:**
 - кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтарын бұзған және (немесе) заңды мүдделерін іске асыруға тосқауыл болған тұлғаларды жауаптылыққа тарту мәселелері бойынша құқық қорғау және басқа да мемлекеттік органдарға жүгінуге;
 - өз құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін сотқа, арбитражға, Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі Уәкілге жүгінуге.

- Егер сіз тексеріс барысында тексерушілер өз өкілеттіктерін асыра пайдаланды немесе кез келген басқа тәсілмен сіздің құқықтарыңызды бұзды деп санасаңыз, онда:
 - сіздің аймақтың прокуратурасы жанындағы мобильді топқа тікелей жүгіну қажет, ол дереу құқық бұзушылық орын алған жерге шығады. Мобильді топтардың телефондары prokuror.gov.kz. мекенжайы бойынша Бас прокуратураның сайтында орналастырылған. Тәулік бойы жұмыс істейтін Кол-орталықтың нөмірі – 115;

prokuror.gov.kz Call-центр:  115

 - Бас прокуратураның "Бизнес тірегі" порталына өтініш жазу. Порталда жүргізіліп жатқан тексеріс туралы барлық ақпаратты білуге болады (тіркеу, тексерушілердің құрамы, тексерілетін кезең және т.б.).

5

ҚАНДАЙ ТЕКСЕРІС ЗАҢСЫЗ
БОЛУЫ МҮМКІН?

КЕҢЕС



□ ЕГЕР КӘСІПКЕРЛІК КОДЕКС ТАЛАПТАРЫН ӨРЕСКЕЛ БҰЗУШЫЛЫҚТАРМЕН ЖҮРГІЗІЛСЕ, ТЕКСЕРІС ЖАРАМСЫЗ ДЕП ТАНЫЛАДЫ:

- тексеріс жүргізу негіздерінің жоқтығы;
- тексеріс тағайындау туралы актінің жоқтығы;
- тексеріс жүргізу туралы хабарлама мерзімдерінің сақталмауы;
- ерекше тәртіп және ішінара тексерістер бойынша тексерістер жүргізудің мерзімділігін бұзушылық;
- тексерілетін субъектіге тексеріс тағайындау туралы актіні ұсынбау;
- өздерінің құзыретіне кірмейтін мәселелер бойынша тексерістер тағайындау;
- тексеріс тағайындау туралы актіні құқықтық статистика және арнайы есепке алу органарында тіркеусіз тексеріс жүргізу;
- тексеріс жүргізу мерзімдерінің бұзылуы.

6

МЕМЛЕКЕТТІК САТЫП АЛУ ҚАТЫСУШЫЛАРЫНА
НЕНІ БІЛГЕН МАҢЫЗДЫ?

КЕҢЕС

Тендер

- **МЕМЛЕКЕТТІК САТЫП АЛУ ТУРАЛЫ ШАРТ ҚАШАН КҮШІНЕ ЕНЕ БАСТАЙДЫ:**

Тапсырыс беруші мен жеткізуші қол қойғаннан кейін немесе соңғысы конкурстық құжаттамада көзделген шарттың орындалуын қамтамасыз етуді толық енгізгеннен кейін. Егер шарт тіркеуге жатса, онда ол оны тіркегеннен кейін күшіне енеді.

- **ҚАНДАЙ ЖАҒДАЙЛАРДА ӘЛЕУЕТТІ ЖЕТКІЗУШІ БІЛІКТІЛІК ТАЛАПТАРҒА САЙ ЕМЕС ДЕП ТАНЫЛАДЫ:**

- біліктілік талаптарына сәйкестікті растау үшін құжаттар ұсынбаса;
- ақпараттар негізінде біліктілік талаптарына сай болмау фактісі анықталса;
- біліктілік талаптары бойынша дәйексіз ақпарат беру фактісі анықталса.

- **ЕГЕР СІЗ КОНКУРС НӘТИЖЕЛЕРІМЕН КЕЛІСПЕСЕҢІЗ:**

- Веб-порталда мемлекеттік сатып алу қорытындылары хаттамасы жарияланғаннан және орналастырылғаннан кейін, сіз оны алған кезден бастап 5 жұмыс күні ішінде мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағым беруге құқылысыз.
- Шағым электрондық сандық қолдаңбаны пайдалана отырып мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы берілуі мүмкін.
- Шағым келіп түскен күннен бастап он жұмыс күні ішінде қаралады;

7

КОЛОНИЈАДА ӨЗ БИЗНЕСІҢДІ
ҚАЛАЙ АШУ КЕРЕК?

КЕҢЕС



- Кәсіпкерлер өз өндірісін ІІМ Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің аумағында ұйымдастыра және орналастыра алады (бизнес идеялардың шамаланған тізбесі қоса берілген).

- Ол үшін:
 - мекеменің әкімшілігіне жүгіну;
 - мекемедегі еңбек пен жұмысты ұйымдастыру шарттарымен танысу;
 - «Еңбек» республикалық мемлекеттік кәсіпорны мекемесі мен «Еңбек-Қарағанды», «Еңбек-Өскемен» филиалдарының, қызметкерлерімен бірлесіп пайдаланылмайтын үй-жайды іріктеу (мәліметтер «Еңбек» РМК филиалдары мен ІІМ ҚАЖ аумақтық бөлімшелерінде бар);
 - «Өңіраралық мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті» ММ-мен сенімгерлік басқару шартын жасасу;
 - мекеме және РМК әкімшілігімен жазаларын өтеп жатқан адамдар қатарынан жұмыс күшін беруге шарт жасасу;
 - мекеме қызметкерлерімен бірлесіп объектіде жұмыс істеу үшін қажетті мамандар іріктеп алу;
 - әрбір жұмысшымен еңбекақы төлеу бойынша үшжақты еңбек шартын жасасу (кәсіпкер – сотталушы) (сотталғандарға Еңбек кодексінде көзделген құқықтар мен міндеттер таратылады).

- КОЛОНИЯДА БИЗНЕС АШУДЫҢ АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ:
 - үй-жайлар жал төлемінсіз беріледі;
 - өндіріске минималды қаражат салу;
 - өткізілген коммуникациялардың болуы;
 - шығарылатын өнімнің өзіндік бағасының төмендігі;
 - өнім мен үй-жайды өтеусіз күзету.

8

СІЗ МЕМЛЕКЕТ КӨРСЕТЕТІН ҚОЛДАУ
ТУРАЛЫ БІЛЕСІЗ БЕ?

КЕҢЕС



- ҚАРЖЫЛЫҚ ҚОЛДАУ ШАРАЛАРЫ МЫНАДАЙ:
 - банктердің қаржылық лизингінің несиелері/шарттары бойынша сыйақы мөлшерлемесінің бір бөлігін субсидиялау;
 - банктердің несиелері бойынша ішінара кепілдік беру;
 - мемлекеттік гранттар беру.

- КӘСІПКЕРЛІКТІ БЕЙҚАРЖЫЛЫҚ ҚОЛДАУ ШАРАЛАРЫ МЫНАДАЙ:
 - кәсіпкерлікті ақпараттық-талдамалық қамсыздандыру;
 - кәсіпкерлердің құзыреттілігін дамыту;
 - кәсіпкерлердің өнімділігін арттыру;
 - іскери байланыстарды кеңейту (шетелде, осындай бейіндегі шетелдік кәсіпорындарда тақырыптық бизнес-тағылымдама және шетелдік серіктестермен іскери байланыстар орнату қарастырылады).

- Мемлекеттік қолдау шаралары Кәсіпкерлік кодекстің 8-тарауында, сондай-ақ «Бизнестің жол картасы-2020» бірыңғай бизнесті қолдау және дамыту бағдарламасында (ҚР Үкіметінің 2015 жылғы 31 наурыздағы №168 қаулысы) көзделген.

- Мемлекеттік қолдау шараларын көрсету үшін жеке кәсіпкерлік субъектілері мен кәсіпкерлік бастама ұсынатын тұрғындарға толық консультация алу үшін, аймақтарда кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталықтары құрылған («Даму» КҚҚ» АҚ аймақтық филиалдарының жанында және/немесе облыстардың кәсіпкерлер палаталары жанында қызмет етеді).

9

КӘСІПКЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ БҰЗЫЛҒАН
КЕЗДЕ МЕМОРГАНДАРДАН БАСҚА ТАҒЫ
ҚАЙДА ЖҮГІНУГЕ БОЛАДЫ?

КЕҢЕС



- Құқықтары мен заңды мүдделерін беру, қамтамасыз ету, қорғау және өтініштерін қарауды қамтамасыз ету үшін кәсіпкерлер Бизнес-омбудсменге жүгіне алады, ол өз қызметін «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы жанында жүзеге асырады.
- Келіп түскен әрбір өтінішті Бизнес-омбудсмен аппаратының қызметкерлері бақылауға қояды және өңдейді.
- Бұл мәселе жайлы толық ақпаратпен palata.kz. мекенжайы бойынша «Атамекен» ҰКП сайтында танысуға болады.

palata.kz

 Барлық қоңырау шалу тегін
кез келген қаласынан: **59-79-60**
Қазақстанда: **8-800-080-80-10**

10

КӘСІПКЕРЛІКТІҢ ЗАҢНАМА БҰЗҒАНЫ ҮШІН ЖАУАПТЫЛЫҒЫ КЕҢЕС



□ КӘСІПКЕРЛІКТІҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

Кәсіпкерліктің әлеуметтік жауапкершілігі кәсіпкерлік субъектілерінің әлеуметтік, экологиялық және басқа салаларды дамытуға ерікті түрде үлес қосуы болып табылады.

Кәсіпкерлік субъектілері өз қызметінде жұмыспен қамту және еңбек қатынастары, қоршаған ортаны қорғау аяларында және басқа да аяларда кәсіпкерліктің әлеуметтік жауапкершілігін енгізе алады.

Кәсіпкерліктің әлеуметтік жауапкершілігін кәсіпкерлік субъектілері қайырымдылық арқылы және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де нысандарда жүзеге асыруы мүмкін.

Кәсіпкерлік субъектілерін әлеуметтік жауапкершілік бойынша қызметті жүзеге асыруға мәжбүрлеуге ешкімнің құқығы жоқ.

Қайырымдылықты жүзеге асыру кезінде кәсіпкерлік субъектілерінің істеріне мемлекеттің заңсыз араласуына жол берілмейді.

□ КӘСІПКЕРЛІК САЛАСЫНДАҒЫ ЗАҢНАМАНЫ БҰЗҒАНЫ ҮШІН ЖАУАПТЫЛЫҚ

Мемлекеттік органдар мен олардың лауазымды тұлғалары коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратты заңсыз таратқаны және (немесе) пайдаланғаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіпте жауапты болады.

Осындай тарату және (немесе) пайдалану салдарынан кәсіпкерлік субъектісіне келтірілген зиян, Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес өтеуге жатады.

Заңды кәсіпкерлік қызметке тосқауыл болу Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

Кәсіпкерлік субъектісінің заңды кәсіпкерлік қызметіне тосқауыл болу салдарынан келтірілген барлық шығындар, Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес өтеуге жатады.



10

ЕҢБЕК ҚАТЫНАСТАРЫ
БОЙЫНША
КЕҢЕС

- 1 Әрбір жұмыскерге нені білу қажет
- 2 Егер сізді жұмыста қысқартса
- 3 Қысқарту кезіндегі жұмыскерлердің құқықтары
- 4 Еңбек құқықтары бұзылған кезде не істеу керек
- 5 Жұмыс беруші қандай жағдайларда соттылық туралы анықтама талап етуге құқылы
- 6 Сіз жеке еңбек дауы бойынша арызды қандай мерзімде бере аласыз
- 7 Еңбек шартында не қамтылуы тиіс
- 8 Үй жұмыскерлерінің еңбегін реттеудің ерекшеліктері
- 9 Еңбектің вахталық әдісі дегеніміз не
- 10 Сізді қандай жағдайларда үстеме жұмыстарға тартуға болады

1 ӘРБІР ЖҰМЫСКЕРГЕ
НЕНІ БІЛУ ҚАЖЕТ
КЕҢЕС



- Ол болмаған кезде, Сіз уақытылы еңбекақы алу, демалысқа шығу, зейнетақы және әлеуметтік төлемдер алу құқығы кепілдігінен айырыласыз.

- Өз еңбек міндеттеріңізді қатаң еңбек шарты шеңберінде орындаңыз. Еңбек шартында жазылған шарттарды орындамағаны үшін жұмыскер тәртіптік жауаптылыққа тартылуы мүмкін (ескерту, сөгіс, қатаң сөгіс, жұмыс берушінің бастамасы бойынша жұмыстан шығару). Жұмыс берушіге зиян келтіруге әкеп соққан еңбек шарты талаптарын бұзушылықтар жұмыскерді материалдық жауаптылыққа тарту үшін негіз болып табылады (зиянды өтеу).

- Еңбекақы айына бір реттен сирек емес тәртіпте, келер айдың бірінші онкүндігінен кешіктірмей ақшалай нысанда төленеді.

- Демалыс және мереке күндердегі жұмыс ақысы жұмыскердің күндізгі (сағаттық) мөлшерлемесіне қарай бір жарымнан төмен емес мөлшерде жүргізіледі.

- Түнгі уақыттағы жұмыстың әрбір сағатына жұмыскердің күндізгі (сағаттық) мөлшерлемесіне қарай бір жарымнан төмен емес мөлшерде төлем жүргізіледі.

- Жалақыны уақытпен есептеп төлеу кезінде үстеме уақыт жұмысқа жұмыскердің күндізгі (сағаттық) мөлшерлемесіне қарай бір жарымнан төмен емес мөлшерде төлем жүргізіледі.

- Жұмыс уақытының номиналдық ұзақтығы аптасына 40 сағаттан аспауы тиіс.

- Жұмыс берушінің бастамасы бойынша еңбек шарты бұзылған кезде ол кемінде бір ай уақыт бұрын жұмыскерді жазбаша хабардар етуге міндетті.

- Жұмыскердің уақытша еңбекке қабілетсіздігі және демалыста болуы кезеңінде жұмыс берушінің бастамасымен еңбек шартын бұзуға жол берілмейді.

2

ЕГЕР СІЗДІ ЖҰМЫСТА ҚЫСҚАРТСА КЕҢЕС



□ ЖҰМЫС БЕРУШІ ЖҰМЫСКЕРЛЕРДІ ҚЫСҚАРТУ КЕЗІНДЕ МІНДЕТТІ:

- кемінде бір ай уақыт бұрын еңбек шартын бұзу туралы жұмыскерді жазбаша хабардар етуге;

- айына орташа еңбекақы мөлшерінде өтемақы төлемін жүргізуге;

- жұмыспен қамту орталығына лауазымдар мен кәсіптерді, мамандықтарды, біліктілікті және еңбекақы мөлшерін көрсете отырып, алда болатын жұмыскерлердің босатылуы туралы ақпарат беруге.

Жұмыс беруші жүкті әйелдерді, үш жасқа дейінгі балалары бар әйелдерді, он төрт жасқа дейінгі бала (он сегіз жасқа дейінгі мүгедек бала) тәрбиелеп отырған жалғызбасты аналарды, аталған санаттағы балаларды аналарынсыз тәрбиелеп отырған басқа да адамдарды қысқартуға құқығы жоқ.

3

ҚЫСҚАРТУ КЕЗІНДЕГІ ЖҰМЫСКЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ **КЕҢЕС**





ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ЖҰМЫСКЕРЛЕР ХАЛЫҚТЫ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ ОРТАЛЫҚТАРЫНАН МЫНАЛАРДЫ ТЕГІН АЛУҒА ҚҰҚЫЛЫ:

- лайықты жұмыс іздеу және жұмысқа орналасуға көмектесу жөніндегі қызметтер, оның ішінде жұмысқа орналасуға белсенді көмек алуға;

- Қызмет (кәсіп) түрін таңдау немесе өзгерту мақсатында консультациялар, кәсіби әлеуметтік бағдарлама ақпараттарын алуға;

- «Жұмыспен қамтудың жол картасы-2020» мемлекеттік бағдарламасында көзделген жұмысқа орналастыру және жұмыспен қамту мүмкіндіктерін пайдалануға.

Толық ақпарат Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің сайтында.

<http://www.mzsr.gov.kz>

4

ЕҢБЕК ҚҰҚЫҚТАРЫ БҰЗЫЛҒАН
КЕЗДЕ НЕ ІСТЕУ КЕРЕК

КЕҢЕС



- **ЕҢБЕК ҚҰҚЫҚТАРЫ БҰЗЫЛҒАН КЕЗДЕ:**
 - аумақтық еңбек инспекцияларына;
 - сот органдарына;
 - прокуратура органдарына жүгіну қажет.

- **ӨТІНІШТІ:**
 - қағаз тасымалдауышта мемлекеттік органға тікелей;
 - ЭЦҚ-ның көмегімен электрондық үкімет порталы арқылы;
 - мемлекеттік органдардың бірінші басшыларының блогына жолдауға болады.

- **Өтінішті қабылдау және қарау тәртібі бұзылған жағдайда, сіз 115 нөмірімен Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Call-орталығына жүгіне аласыз.**

Call - центр:  115

5 ЖҰМЫС БЕРУШІ ҚАНДАЙ ЖАҒДАЙЛАРДА СОТТЫЛЫҚ ТУРАЛЫ АНЫҚТАМА ТАЛАП ЕТУГЕ ҚҰҚЫЛЫ КЕҢЕС



- Егер сіз:
 - білім беру;
 - тәрбиелеу және оқыту;
 - демалысты ұйымдастыру және сауықтыру;
 - дене шынықтыру және спорт;
 - медициналық қамсыздандыру;
 - әлеуметтік қызметтер көрсету;
 - кәмелетке толмағандардың қатысуымен мәдениет және өнер саласында жұмысқа орналассаңыз.

- Қалған жағдайларда жұмыс беруші соттылық туралы анықтама талап етуге құқылы емес.

- Жұмыс беруші Сізді соттылық туралы анықтамада көрсетілген ақпарат негізінде жұмысқа қабылдаудан бас тартқан жағдайда, Сіз заңнама бұзушылықты жою бойынша шаралар қабылдау үшін сотқа немесе прокуратура органдарына жүгінуге құқылысыз (ұйымның басшысы туралы деректерді, заңды мекенжайын, байланыс телефондарын көрсете отырып).

6 СІЗ ЖЕКЕ ЕҢБЕК ДАУЫ БОЙЫНША АРЫЗДЫ ҚАНДАЙ МЕРЗІМДЕ БЕРЕ АЛАСЫЗ КЕҢЕС



- Жеке еңбек дауларын татуластыру комиссиялары қарайды.
Татуластыру комиссиялары – бұл жұмыс берушілерден бастап жұмыскерлерге дейінгі өкілдердің тең санынан құралған паритеттік негіздерде ұйымдарда, олардың филиалдары мен өкілдіктерінде құрылатын, тұрақты әрекет ететін комиссиялар.

- Жеке еңбек дауларын соттар 2 жағдайда қарайды:
 - реттелмеген мәселелер бойынша;
 - татуластыру комиссиясының шешімдері орындалмаған кезде (шағын кәсіпкерлік субъектілері мен заңды тұлға атқарушы органының басшыларын қоспағанда).

- Жеке еңбек шарттарын қарау үшін арнайы мерзімдер белгіленген, оларды асырған жағдайда өтініштер қараусыз қалдырылуы мүмкін. Осылайша, жұмысқа қайта орналастыру туралы дауларды қарау үшін, мынадай мерзімдер белгіленген:
 - татуластыру комиссиясында – жұмыс берушінің еңбек шартын бұзу туралы актісінің көшірмесі берілген күннен бастап бір ай;
 - сотқа жүгіну үшін – реттелмеген даулар бойынша жүгінген кезде немесе еңбек шартының тарапы оның шешімін орындамаған кезде татуластыру комиссиясы шешімінің көшірмесі берілген күннен бастап екі ай.Басқа еңбек даулары бойынша – жұмыскер немесе жұмыс беруші өз құқығының бұзылғаны туралы білген немесе білуге тиіс болған күннен бастап бір жыл.

- Жеке еңбек дауларын қарау жөніндегі өтінішістің мерзімі 2 жағдайда тоқтатыла тұрады:
 - қаралып отырған еңбек дауы бойынша медиация туралы шарт күшінде болған кезеңде;
 - татуластыру комиссиясы болмаған жағдайда ол құрылғанға дейін.

7

ЕҢБЕК ШАРТЫНДА НЕ ҚАМТЫЛУЫ ТИІС КЕҢЕС



□ ЕҢБЕК ШАРТЫНДА МЫНАЛАР ҚАМТЫЛУЫ ТИІС:

тараптардың деректемелері:

- жұмыс беруші – жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе), оның тұрғылықты тұратын жерінің мекенжайы және тұрғылықты жері бойынша тіркелуі туралы мәліметтер, жеке басты куәландыратын құжаттың атауы, нөмірі, және берілген күні;
- жеке сәйкестендіру нөмірі (бизнес-сәйкестендіру нөмірі);
- жұмыс берушінің – заңды тұлғаның атауы және оның орналасқан жері, жұмыс беруші – заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу нөмірі мен күні, бизнес-сәйкестендіру нөмірі;
- жұмыскердің тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе), оның тұрғылықты тұратын жерінің мекенжайы және тұрғылықты жері бойынша тіркелуі туралы мәліметтер, жеке басты куәландыратын құжаттың атауы, нөмірі, және берілген күні;
- белгілі бір мамандық, кәсіп, біліктілік немесе лауазым бойынша жұмыстың атауы (еңбек функциясы);
- жұмыс орындалатын жер;
- еңбек шартының мерзімі;
- жұмыстың басталу күні;
- жұмыс уақыты мен демалыс уақытының режимі;
- еңбекақы мөлшері мен оны төлеудің өзгедей шарттары;
- еңбек жағдайларының сипаттамасы, егер жұмыс ауыр жұмыстар санатына жатса және (немесе) зиянды және (немесе) қауіпті жағдайларда орындалса, кепілдіктер мен жеңілдіктер;
- жұмысшының құқықтары мен міндеттері;
- жұмыс берушінің құқықтары мен міндеттері;
- еңбек шартын өзгерту мен тоқтатудың тәртібі;
- тараптардың жауапкершілігі;
- шарт жасасу күні мен реттік нөмірі.

Тараптардың келісімі бойынша еңбек шартына Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де талаптар енгізілуі мүмкін.

МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ:

Мүгедекпен жасалатын еңбек шартында олардың жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, жұмыс орындарын жабдықтау жөніндегі талаптар қамтылуы тиіс.

8

ҮЙ ЖҰМЫСКЕРЛЕРІНІҢ ЕҢБЕГІН РЕТТЕУДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ **КЕҢЕС**



- Үй шаруашылығында жұмыстар орындайтын (қызметтер көрсететін) жұмыскерлер үй жұмыскерлері болып танылады

- Үй жұмыскерлерін жұмысқа қабылдау немесе еңбек қатынастарын тоқтату туралы акті шығару және оның жұмысы туралы мәліметтерді жұмыс беруші еңбек кітапшасына енгізбейді.

- Жұмыс берушінің шығарылатын актілері:
 - бұйрықтар;
 - өкімдер;
 - нұсқаулықтар;
 - қағидалар;
 - ережелер;
 - ауысым кестелері;
 - вахта кестелері;
 - жұмыс берушінің демалыс кестелерін жасауы.

- Үй жұмыскерлерімен еңбек шартын тоқтату (бұзу) туралы жазбаша ескертулердің мерзімдері, сондай-ақ жұмыстан айырылумен байланысты өтемақы төлемінің жағдайлары мен мөлшерлері еңбек шартында белгіленеді.

- Еңбек шарты – жұмыскер мен жұмыс берушінің арасындағы жазбаша келісім, бұған сәйкес жұмыскер белгілі бір жұмысты (еңбек функциясын) жеке өзі орындауға, еңбек тәртіптемесін сақтауға міндеттенеді, ал жұмыс беруші жұмыскерге келісілген еңбек функциясы бойынша жұмыс беруге, осы Кодексте, Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік-құқықтық актілерінде, ұжымдық шартта, жұмыс берушінің актілерінде көзделген еңбек жағдайын қамтамасыз етуге, жұмыскерге уақтылы және толық мөлшерде жалақы төлеуге міндеттенеді. Үй қызметтерін орындайтын жұмыскерлермен еңбек қатынастары

- Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 136-бабымен регламенттеледі.

- Жұмыскердің, оның ішінде үй жұмыскерлерінің құқығы Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 22-бабында көзделген.

9

ЕҢБЕКТИҢ ВАХТАЛЫҚ ӘДІСІ ДЕГЕНІМІЗ НЕ КЕҢЕС



- Вахталық әдіс жұмыскерлер күн сайын тұрғылықты жерлеріне қайтуын қамтамасыз ету мүмкін болмаған кезде, олардың тұрақты тұратын жерінен тыс жерде еңбек процесін жүзеге асырудың ерекше түрі болып табылады.
- Жұмыс беруші вахталық әдіспен жұмыс істейтін жұмысшыларды, жұмыс өндірісі объектісінде болған кезеңде тіршілік әрекетін қамтамасыз ету үшін тұрғын үймен қамтамасыз етуге және олардың тамақтануын ұйымдастыруға, жұмыс орнына дейін және кері жеткізуді қамтамасыз етуге, сондай-ақ жұмыстарды орындау және ауысымаралық демалу үшін жағдайлар жасауға міндетті.
- Он сегіз жасқа толмаған жұмыскерлер, он екі және одан да артық апта жүктілік мерзіміндегі жүкті әйелдер, медициналық қорытынды берілген күннен бастап бірінші топтағы мүгедектер вахталық әдіспен орындалатын жұмыстарға жіберілмейді.
- Объектіде жұмыстарды орындау уақыты және ауысымаралық демалыс уақыты кіретін кезең вахта болып саналады. Вахтаның ұзақтығы он бес күнтізбелік күннен артық болмайды.
- Жұмыскердің жазбаша келісімімен вахтаның ұзақтығы ұжымдық, еңбек шарттарына сәйкес отыз күнтізбелік күнге дейін ұзартылуы мүмкін.
- Жұмыстың вахталық әдісі кезінде тоқсандағы немесе одан да ұзақ басқадай кезеңдегі жұмыс уақытының жинақталған есебі белгіленеді, бірақ бұл бір күнтізбелік жылдан артық болмайды.
- Есептік кезең шектеріндегі жұмыс уақыты мен демалыс уақыты вахтадағы жұмыс кестесімен (вахталар кестесімен) бекітіледі. Есептік кезең жұмыс уақытын, демалыс уақытын, жұмыс берушінің орналасқан жерінен немесе жиналатын орыннан бастап жұмысқа дейінгі және кері қатынау уақыты, сондай-ақ уақыттың осы күнтізбелік бөлігіне келетін өзге де кезеңдерді қамтиды.

10

СІЗДІ ҚАНДАЙ ЖАҒДАЙЛАРДА
ҮСТЕМЕ ЖҰМЫСТАРҒА
ТАРТУҒА БОЛАДЫ
КЕҢЕС



- Үстеме жұмыстарға тартуға тек жұмысшының жазбаша келісімі бойынша ғана жол беріледі.

- **ТӨМЕНДЕ КӨРСЕТІЛГЕН ЖАҒДАЙЛАР ҮШІН ЖАЗБАША КЕЛІСІМ ТАЛАП ЕТІЛМЕЙДІ:**

- елдің қорғанысы үшін, сондай-ақ төтенше жағдайларды, дүлей зілзаланы немесе өндірістік апатты болдырмау не олардың зардаптарын дереу жою үшін қажетті жұмыстарды жүргізу кезінде;

- сумен жабдықтаудың, газбен жабдықтаудың, жылумен жабдықтаудың, энергиямен жабдықтаудың және тіршілікті қамтамасыз етудің басқа да жүйелерінің қалыпты жұмыс істеуін бұзатын өзге де мән-жайларды жою үшін;

- егер жұмыста үзіліс жасауға болмаса, ауыстыратын жұмыскер келмей қалғанда, басқа жұмыскермен ауыстыру шараларын дереу қолдана отырып, жұмысты жалғастыру үшін;

- денсаулықтан айырылу немесе өлім қаупі төнген азаматтарға шұғыл және кезек күттірмейтін жәрдем көрсету үшін.

- **ҮСТЕМЕ ЖҰМЫСҚА МЫНАДАЙ ЖҰМЫСКЕРЛЕР ЖІБЕРІЛМЕЙДІ:**

- 1) жұмыс берушіге жүктілігі туралы анықтаманы ұсынған жүкті әйелдер;
- 2) он сегіз жасқа толмағандар;
- 3) мүгедектер.

20

ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫМЕН
ҚАТЫНАСТА ҚАЖЕТ

КЕҢЕС

- 1 Егер сізге қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасалса
- 2 Қылмыс туралы арызды қалай беру керек?
- 3 Қандай жағдайларда сізді құқық қорғау органына жеткізе алады?
- 4 «Жеке тексеру мен жеке тінтуді» қай кезде жүргізе алады?
- 5 Егер сізге қарап-тексеру немесе тінту жүргізу үшін келсе
- 6 Қандай жағдайларда сізді 72 сағатқа ұстауы мүмкін?
- 7 Егер сізді қылмыс жасады деген күдік келтіру бойынша ұстаса
- 8 Егер сізді күдікті адам деп таныса, мынаны білуіңіз қажет?
- 9 Қашан және қандай бұлтартпау шаралары қолданылуы мүмкін?
- 10 Кепілді қандай жағдайларда қолдануға болады?
- 11 Егер сізді жауап алуға шақырса, нені білу қажет?
- 12 Кінәні мойындау туралы мәмілені қашан жасауға болады?
- 13 Істі сотқа жеткізбей қылмыстық-құқықтық дауды қалай шешуге болады?
- 14 Қылмыстық істі тергеп-тексеру кезінде ұшыраған шығыстар қандай жағдайларда өтеледі?
- 15 «Кінәсіздік презумпциясы» дегеніміз не?
- 16 Егер сіз азаптау құрбаны болсаңыз?
- 17 Жалған ақпарат таратудың салдары қандай?
- 18 Қылмыстық істер бойынша қандай жаза тағайындалуы мүмкін?
- 19 Егер адам жоғалса
- 20 Полиция қызметкерлері қай кезде күш қолдануға құқылы?

1

ЕГЕР СІЗГЕ ҚАТЫСТЫ ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ ТУРАЛЫ ХАТТАМА ЖАСАЛСА КЕҢЕС



- Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманы уәкілетті лауазымды тұлға жазбаша немесе электрондық нысанда жасайды (ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің(бұдан әрі – ҚР ӘҚБтК) 803-бабы)және қатаң есептіліктегі құжат болып табылады. Оны ауыстыруға немесе қайта басып шығаруға болмайды.

- Хаттаманы мұқият оқып шығыңыз. Бұл көптеген түсініспеушіліктер мен жайсыздықтардан құтылуға мүмкіндік береді. Хаттаманың жасаудың күні мен уақытын дәл көрсетуді, сондай-ақ істің барлық мән-жайларын толық жазуды талап етіңіз.

- СІЗ МЫНАЛАРҒА ҚҰҚЫЛЫСЫЗ:**
 - хаттамамен және істің басқа материалдарымен танысуға;
 - түсініктер беруге, хаттаманың мазмұны мен оны ресімдеу бойынша ескертулер жасауға;
 - дәлелдемелер беруге, өтініш және қарсылық мәлімдеуге;
 - қорғаушының заңдық көмегін пайдалануға;
 - істі қарау кезінде ана тіліңізде сөз сөйлеуге немесе өзіңіз меңгерген тілде сөйлеуге және іс жүргізіліп жатқан тілді меңгермесеңіз, аудармашының қызметтерін өтеусіз пайдалануға.
 - іс бойынша іс жүргізуді қамтамасыз ету шараларына (жеткізу, ұстау, әкелу, қарап-тексеру және т.б.), хаттама жасау жөніндегі әрекеттерге, іс бойынша қаулыға шағым беруге;
 - істегі құжаттардан үзінділер алуға және көшірмелер жасауға.

- Егер сіз жасалған хаттамамен келіспесеңіз, қызметкердің іс-әрекеттеріне жоғары тұрған органға, аудандық немесе әкімшілік сотқа шағым беруге құқылысыз.

- ШАҒЫМДАР ЖАЗБАША ЖӘНЕ АУЫЗША БОЛУЫ МҮМКІН.**

Ауызша шағымдар лауазымды тұлғалардың жеке қабылдауында айтылады немесе хаттамаға енгізіледі, оған сіз және лауазымды тұлға қол қоясыздар.

Шағым сіздің құқықтарыңыз бен заңды мүдделеріңіз бұзылған күннен бастап 2 ай ішінде сіздің ана тіліңізде немесе сіз меңгерген тілде беріледі.

Шағым келіп түскен күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде қаралады.

- Егер сізге шағымды қанағаттандырудан бас тартса, сіз қаулының көшірмесін алған күннен бастап 10 тәулік ішінде шағым беруге құқылысыз:
 - органның қаулысын – сотқа;
 - соттың қаулысын – жоғары тұрған сотқа.Бұл сот актісі түпкілікті болып табылады және шағым беруге жатпайды.

2

ҚЫЛМЫС ТУРАЛЫ АРЫЗДЫ
ҚАЛАЙ БЕРУ КЕРЕК?

КЕҢЕС





«Қылмысты жазасыз қалдыру – оның сыбайласына айналу»

*Ақын, драматург
Проспер Жوليو Кребийон*

- Тікелей құқық қорғау органына жүгініп, белгіленген үлгідегі арызды толтыру керек, қабылдаған адам оның қабылданғаны туралы сізге хабарлама-талон беруге міндетті.
- Егер сізге қатысты құқық бұзушылық жасалса, сіз полиция қызметкерін шақырып, одан әрі жасалған қылмыс туралы тиісті арыз беру үшін ішкі істер органдарының «102» арнайы нөміріне қоңырау шала аласыз.
- Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің порталы арқылы электрондық цифрлық қолтаңбаның көмегімен хабарлай аласыз.

service.pravstat.kz

- Электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың анықтығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нышандар жиынтығы («Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы № 370 Заңы).

- ЭЦҚ-ның көмегімен электрондық үкімет порталы арқылы.

[egov](http://egov.kz)

- Өтінішті қарау және қабылдау тәртібі бұзылған жағдайда, сіз 115 нөмірі арқылы Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Call-орталығына немесе бұзушылыққа жол берген құқық қорғау органының жоғары тұрған басшылығына жүгіне аласыз.

Call-центр: ☎ 115

3

ҚАНДАЙ ЖАҒДАЙЛАРДА СІЗДІ ҚҰҚЫҚ
ҚОРҒАУ ОРГАНЫНА ЖЕТКІЗЕ АЛАДЫ?

КЕҢЕС



- Біліңіз! Егер сіз әкімшілік немесе қылмыстық құқық бұзушылық жасасаңыз немесе сізге оны жасады деген күдік келтірілсе ғана сізді құқық қорғау органына жеткізе алады.

Жеткізу төмендегі жағдайларда жүзеге асырылады:

1. Әкімшілік материал бойынша келесі мақсаттарда:

- - құқық бұзушылықтың жолын кесу үшін,
- құқық бұзушының жеке басын анықтау үшін,
- әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасау үшін,
- қорғау нұсқамасын сол жерде шығаруға мүмкін болмаған жағдайда, оны шығару үшін.

Жеткізу туралы хаттама жасалады немесе әкімшілік құқық бұзушылық немесе әкімшілік ұстап алу туралы хаттамаға тиісті жазба енгізіледі (ҚР ӘҚКо 786-бабы).

2. Қылмыстық іс бойынша сотқа дейінгі іс жүргізу барысында:

- - қылмыстық құқық бұзушылыққа қатыстылығыңызды анықтау үшін. Бұндай жағдайда жеткізу мерзімі үш сағаттан аспауы тиіс (ҚПК-нің 129-бабы).
Егер қылмыс жасауға қатыстылық расталса, тергеуші (анықтаушы) сізді ұстауға құқылы (ҚПК-нің 131-бабы).
Күдік расталмаған жағдайда, сізді босатуға және жеткізу туралы анықтама беруге міндетті. Бұл анықтама сізге қылмыстық қудалау органының әрекеттеріне, шешімдеріне шағым беретін болсаңыз, жеткізу фактісін растау үшін, сондай-ақ талап ету орнына көрсету үшін керек болады.

Есіңізде болсын, егер сіз құқық бұзушылық жасамасаңыз және қылмыстық қудалау органына заңсыз жеткізілдім деп санасаңыз, заңсыз іс-әрекеттерге шағым беруге толық құқығыңыз бар.

МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ:

Сізге күш қолдану немесе моральдық қысым көрсету шараларын қолдануға, сізді немесе сіздің жақындарыңызды ұрып-соғуға, қорқытуға ешкімнің құқығы жоқ. Бұл заңмен жазаланады.

4

«ЖЕКЕ ТЕКСЕРУ МЕН ЖЕКЕ ТІНТУДІ»
ҚАЙ КЕЗДЕ ЖҮРГІЗЕ АЛАДЫ?

КЕҢЕС



- **ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ ЖАСАЛҒАН КЕЗДЕ ПОЛИЦИЯ ҚЫЗМЕТКЕРІ 2 КУӘГЕРДІҢ ҚАТЫСУЫМЕН СІЗДІҢ ЗАТТАРЫҢЫЗДЫ ТЕКСЕРЕ АЛАДЫ НЕМЕСЕ ЖЕКЕ ТЕКСЕРУДІ ЖҮРГІЗЕ АЛАДЫ (ӘҚҚО-НЫҢ 791-БАБЫ).**

ЖЕКЕ ТЕКСЕРУ – бұл құқық бұзушылықтарды анықтау және алдын алу, құжаттарды, заттарды және әкімшілік құқық бұзушылық жасаудың құралы не заты болып табылатын басқа да заттарды анықтау және алу үшін адамның денесін және оның киімдерін мәжбүрлеп тексеру.

ЗАТТАРДЫ ТЕКСЕРУ – бұл олардың құрылымдық бүтіндігін бұзусыз жеке тұлғада бар заттарды тексеру. Егер сізде қару немесе қоршаған адамдардың өмірі мен денсаулығына зиян келтіруі мүмкін өзге заттар бар деген күдік келтірілсе, жеке тексеру, заттарды тексеру прокурорды 24 сағат ішінде хабарлай отырып, куәларсыз жүргізілуі мүмкін.

- Қылмыстық іс бойынша куәгерлердің қатысуымен тінту, жеке тінту жүргізілуі мүмкін (ҚПК-ның 252, 255-баптары).
- Тінту іс үшін маңызы бар заттар немесе құжаттарды анықтау және алу, оның ішінде тиым салуға жататын мүлікті анықтау мақсатында жүргізіледі. Сондай-ақ, тінту іздестірілетін адамды және адамның мәйітін анықтау үшін жүргізілуі мүмкін.
- Жеке тінту тінтілетін адамның денесіндегі немесе денесінің ішіндегі, оның киіміндегі және заттарындағы заттар мен құжаттарды табу және алып қою мақсатында жүргізіледі. Жеке тінтуді тінтілетін адаммен бір жыныстағы адам ғана жасай алатындығын және сол жыныстағы куәгерлер мен мамандардың қатысуымен жүргізілетіндігін білу қажет.
- Тінту, жеке тінту тергеу судьясының санкция беруі арқылы жүргізіледі:

Тінту жүргізуді бастағанға дейін сізге қаулыны көрсетуге міндетті. Сондай-ақ, сізге іс үшін маңызы бар болуы мүмкін алуға жататын заттар мен құжаттарды өз еркімен беру ұсынылуы тиіс. Тінту кезінде, егер иесі оларды өз еркімен ашудан бас тартса, жабық тұрған үй-жайлар мен қоймалар ашылуы мүмкін. Мыналар тергеу судьясының санкция беруінен тыс жүргізілуі мүмкін:
- тінту, егер іздестірілетін және (немесе) алуға жататын объекті оны анықтағаннан кейін кешеуілдеуге байланысты жоғалуы, бұзылуы немесе қылмыстық мақсаттарда пайдаланылуы не іздестірілетін адам жасырынуы мүмкін деген нақты қауіп-қатер бар болғанда;
- жеке тінту, егер қылмыстық іс үшін маңызы бар құжаттарды немесе заттарды үй-жайды тінту кезінде сіз өзіңіз ұстап жасырып отыр деген қауіп бар болса;
жеке тінту, сізді ұстап, уақытша ұстау изоляторына немесе тергеу изоляторына орналастырған кезде.

5

ЕГЕР СІЗГЕ ҚАРАП-ТЕКСЕРУ НЕМЕСЕ
ТІНТУ ЖҮРГІЗУ ҮШІН КЕЛСЕ
КЕҢЕС



- Егер құқық қорғау органдарының қызметкерлері сіздің тұрғын үйіңізге қарап-тексеру немесе тінту жүргізуге ниеттенсе, өз құқықтарыңызды білуіңіз қажет. Бұл құқықтарыңыз бұзылған жағдайда сотқа немесе прокуратураға жүгіну үшін керек.
- Конституция бойынша тұрғын үйге қол сұғылмайды. Бірақ мынадай бір ескерту бар – тексеру және тінту жүргізу үшін тұрғын үйге кіруге жол беріледі, бірақ қызметкерлер сіздің тұрғын үйіңізге кіру және тексеру немесе тінту жүргізу үшін, оларда тергеу судьясының тиісті санкциясы болуы тиіс.
- Мынаны білуіңіз керек - бұл әрекеттер тергеп-тексерілетін қылмыстық іс шеңберінде ғана жүргізілуі мүмкін. Сондықтан, бірінші кезекте тергеу судьясын санкция берген қарап-тексеру, тінту жүргізу қаулысын міндетті түрде сұраңыз.
- Сондай-ақ, заңда соттың рұқсатынсыз тұрғын үйді қарап-тексеру немесе тінту жүргізілуі мүмкін ерекше жағдайлар қарастырылған (№4 кеңесті қараңыз), соның ішінде егер де тұрғын жай оқиға орны болса.

Егер судьяның санкциясы болмаса және қызметкер ерекше жағдайларға сілтеме жасаса, қаулымен мұқият оқып танысыңыз. Бұл қаулыда тергеу судьясының санкциясынсыз аталған тергеу әрекеттерін жүргізудің негізі көрсетілуі тиіс. Бұл ретте, одан кейін материалдар міндетті тәртіпте бір тәулік мерзімінде прокурорға жолданады.
- Прокурор, оларды дереу тексереді және заңдылықты тексеру үшін тергеу судьясына жібереді.
Егер прокурор қарап-тексеру немесе тінту заң бұзушылықтармен жүргізілгенін анықтаса, материалдар тергеу судьясына жіберілмейді және оның заңсыздығы туралы дәлелді қаулы шығарылады.

Тергеу судьясы жүргізілген қарап-тексерудің немесе тінтудің заңдылығын тексереді және оның заңдылығы немесе заңсыздығы туралы қаулы шығарады, ол қылмыстық істің материалдарына қоса тіркеледі.

Біліңіз! Егер жүргізілген қарап-тексерудің заңдылығы туралы шешім қабылданса, оның нәтижелерін іс бойынша дәлелдемелер ретінде жіберілмейді.
- Есте сақтаңыз, тұрғын жайды қарап-тексеру немесе тінту кезінде онда тұратын кәмелетке толған адам (бұл мүмкін болмаған жағдайда жергілікті атқарушы органның өкілдері), ғимарат пен ұйымның аумағында олардың әкімшіліктерінің өкілдері қатысуы керек.

6

ҚАНДАЙ ЖАҒДАЙЛАРДА СІЗДІ
72 САҒАТҚА ҰСТАУЫ МҮМКІН?
КЕҢЕС



- Қазақстан Республикасы Конституциясының 16-бабына сәйкес, әркім өзінің жеке басының бостандығына құқығы бар.
Соттың санкциясынсыз ұстау жетпіс екі сағаттан аспайды.

Қылмыстық-процестік кодексте (128-бап) ұстау тек мынадай бес жағдайда ғана көзделген:

- 1.** егер сіз қылмыс жасау кезінде немесе оны жасағаннан кейін тікелей ұсталсаңыз;
- 2.** көрген адамдар (куәлар), оның ішінде жәбірленушілер қылмыс жасаған адам ретінде сізді тура көрсеткенде не қылмыс жасау кезінде немесе оны жасағаннан кейін тікелей ұстағанда;
- 3.** егер сіздің киімдеріңізде немесе сіздің өзіңізде, сондай-ақ сіздің тұрғын үйіңізде қылмыстың айқын іздері табылса;
- 4.** егер жедел-іздістіру қызметінің және (немесе) жасырын тергеу әрекеттерінің материалдарында сіз жасаған немесе жасайтын қылмыс туралы сізге қатысты анық деректер бар болса;
- 5.** сізді қылмыстық құқық бұзушылық жасады деп күдік келтіруге негіз болатын өзге де деректер бар болғанда, егер сіз жасырынуға әрекет жасағанда не тұрақты тұрғылықты жеріңіз болмаса немесе күдікті ретінде сіздің жеке басыңыз анықталмаса не сотқа күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасын санкциялау туралы өтінішхат жіберілген жағдайда, сіз ұсталуыңыз мүмкін.

МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ:

Кез келген өзге азаматтың қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамды ұстап алуға және оны қылмыстық қудалау органына немесе өзге де мемлекеттік билік органына беру не жеткізу үшін оның жүріп-тұру еркіндігін шектеуге құқығы бар(ҚПК 130-бабы).

7

ЕГЕР СІЗДІ ҚЫЛМЫС ЖАСАДЫ ДЕГЕН
КҮДІК КЕЛТІРУ БОЙЫНША ҰСТАСА
КЕҢЕС



- Ұстау кезінде сізге қандай қылмыстық құқық бұзушылық жасады деген күдік бойынша ұстап алғанын ауызша хабарлауы және сізге:
 - қорғаушыны шақыру;
 - үнсіздік сақтау құқығыңызды, және сіздің айтқандарыңыз сотта сізге қарсы қолданылуы мүмкін екендігін түсіндіруі тиіс.
- Орган жеткізілген кезден бастап 3 сағат ішінде ұстау хаттамасын жасауға міндетті.
- Соттың санкция беруінсіз ұстау 72 сағаттан аспауы тиіс.
- Сіздің жақындарыңызға қоңырау шалуға және ұсталғаныңыз туралы хабарлауға, өз адвокатыңызды шақыруға құқығыңыз бар немесе орган оның тегін қатысуын қамтамасыз етуге міндетті.
- Сіздің:
 - сіз және сіздің жақын туыстарыңызды қылмыстық құдалауға әкеп соғатын жауаптар беруден бас тартуға;
 - жауаптарды өз қолымен жазуға, жауап алу хаттамасымен танысуға және оған ескертулер беруге құқығыңыз бар.
- Егер сіздің құқықтарыңыз бұзылса, сіз қызметкерлердің іс-әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) және шешімдеріне прокуратураға немесе сотқа шағым бере аласыз.

МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ:

НАҚТЫ ҰСТАП АЛУ – бұл жүріп-тұру бостандығын қоса алғанда, ұстап алынған адамның бостандығын шектеу, оны белгілі бір орында мәжбүрлеп ұстау, анықтау және тергеу органдарына мәжбүрлеп жеткізу (қолға түсіру, үй-жайға қамау, қандай да бір жерге баруға немесе орнында қалуға мәжбүрлеу және сол сияқтылар), сондай-ақ ұстап алынған адамға қандай да бір процестік мәртебе берілуіне немесе өзге де формальды рәсімдердің орындалуына қарамастан, көрсетілген шектеулер нақты болған кезден бастап адамның бас бостандығын минутқа дейінгі дәлдікпен елеулі түрде шектейтін қандай да бір өзге де әрекеттер.

8

ЕГЕР СІЗДІ КУДІКТІ АДАМ ДЕП ТАНЫСА,
МЫНАНЫ БІЛУІҢІЗ ҚАЖЕТ

КЕҢЕС



Қылмыстық істі тергеу барысында сізді күдікті деп таныған жағдайда сізге мыналарды білу қажет:

- **МЫНА 4 ЖАҒДАЙДА АДАМ КҮДІКТІ ДЕП ТАНЫЛАДЫ:**
 - күдікті ретінде тану туралы қаулы шығару кезінде;
 - қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін ұстау кезінде;
 - іс-әрекеттерін саралау туралы қаулы шығару кезінде (адамға қатысты қылмыс жасады деген күдікті растайтын жеткілікті дәлелдемелер бар болған кезде),
 - күдікті ретінде жауап алу кезінде.

- Сізді ұстаған жағдайда ұстау хаттамасын жасаған кезден бастап 24 сағат ішінде сізден жауап алуы тиіс.

- Бірінші жауап алғанға дейін тергеуші (анықтаушы) сіз таңдаған қорғаушымен немесе органның өзі тағайындаған тегін қорғаушымен оңаша және құпия сіздің кездесуіңізді қамтамасыз етуі тиіс.

- Егер сіз келуден жалтарсаңыз, сізге қатысты алып келу, яғни мәжбүрлеп жеткізу түріндегі шара қолданылуы мүмкін.

- Сіздің жауаптарыңыз, оның ішінде осы жауаптардан кейін бас тарту кезінде дәлелдемелер ретінде қолданылуы мүмкін.

- **БҰЛ РЕТТЕ, СІЗДІҢ МЫНАДАЙ ҚҰҚЫҚТАРЫҢЫЗ БАР:**
 1. Сізге не үшін күдік келтірілгені туралы білу.
 2. Қорғаушыдан бас тартқан жағдайларды қоспағанда, қорғаушыңыз қатысып отырған кезде ғана жауап беру.
 3. Күдікті деп тану туралы, іс-әрекеттерін саралау туралы, бұлтартпау шарасын таңдау туралы, істі тоқтату туралы қаулының көшірмелерін алу.
 4. Жауап беруден бас тарту.
 5. Өз дәлелдемелерін беру және өтінішхат мәлімдеу.
 6. Ана тілінде немесе өзі білетін тілде жауап беру.
 7. Жүргізілетін тергеу әрекеттеріне қатысу, хаттамалармен танысу және оларға ескертулер беру.
 8. Жәбірленушімен татуласу.
 9. Қылмыстық процестің кез келген сатысында прокурорға процестік келісім жасау туралы өтінішхат мәлімдеу.
 10. Прокурорғанемесе сотқа тергеушінің, анықтаушының іс-әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) және шешімдеріне шағым беру.

9

ҚАШАН ЖӘНЕ ҚАНДАЙ БҰЛТАРТПАУ
ШАРАЛАРЫ ҚОЛДАНЫЛУЫ МҮМКІН?
КЕҢЕС



- Күдіктіге, айыпталушыға екі және одан көп бұлтартпау шаралары бір мезгілде қолданылмайды.

- Бұлтартпау шарасын қолдану туралы тиісті қаулы шығарылады.

- Адамға қатысты бұлтартпау шарасы мынадай жағдайларда қолданылады:
 - күдікті, айыпталушы қылмыстық құдалау органдарынан немесе соттан жасырынса;
 - істі объективті тергеп-тексеруге немесе оны сотта талқылауда кедергі келтірсе;
 - қылмыстық іспен айналысуды жалғастырса;
 - үкімнің орындалуын қамтамасыз ету үшін қажет деп есептеуге негіздер болса.

- ЗАҢМЕН ЖЕТІ БҰЛТАРТПАУ ШАРАСЫ КӨЗДЕЛГЕН:**
 - ешқайда кетпеу және тиісті мінез-құлық туралы қолхат;
 - жеке кепілгерлік;
 - әскери қызметшіні әскери бөлім қолбасшылығының бақылауда ұстауы;
 - кәмелетке толмаған адамды қарауда ұстауға беру;
 - кепіл;
 - үйқамақ;
 - күзетпен ұстау.

- Бұлтартпау шарасын және атап айтқанда қандай шараны қолдану қажеттігі туралы мәселені шешу кезінде жасалған қылмыстың ауырлығы, күдіктінің, айыпталушының жеке басы, оның жас шамасы, денсаулық жағдайы, отбасы жағдайы, қызмет түрі, мүліктік жағдайы, тұрғылықты тұратын жерінің болуы және басқа мән-жайлар ескерілуі тиіс.

10

КЕПІЛДІ ҚАНДАЙ ЖАҒДАЙЛАРДА
ҚОЛДАНУҒА БОЛАДЫ?

КЕҢЕС



- Егер сізге (туыстарыңызға, таныстарыңызға) қатысты қылмыстық іс (аса ауыр қылмыстарды қоспағанда) тергеп-тексерілсе және бұл тәртіп шарасын таңдау туралы мәселе тұрса, тергеуші (анықтаушы), прокурор, сот алдында кепіл таңдау туралы өтінішхат беруге болатынын есте сақтаңыз.
- КЕПІЛ** – бұл тергеушінің (анықтаушының), прокурордың немесе соттың шақыруы бойынша күдіктінің, айыпталушының келуі жөніндегі міндеттерін орындау мақсатында, сот депозитіне күдіктінің, айыпталушының өзінің не басқа адамның ақша салуы.
- СОНДАЙ-АҚ, КЕПІЛ РЕТІНДЕ:**
 - жылжымайтын мүліктен – жер учаскелері, сондай-ақ жермен тығыз байланысты ғимараттар, құрылыстар және өзге де мүлік, яғни көшіргенде оның мақсатына тең емес зиян келтірілмеуі мүмкін емес объектілер;
 - жылжымалы мүліктен – ақша, құндылықтар, көлік құралдары және құжаттамалық эмиссиялық емес құнды қағаздар қабылдануы мүмкін.
- Кепілдің құндылығын және ауыртпалықтың жоқ екендігін дәлелдеу кепілгерге жүктеледі.
- Кепіл прокурордың санкциясымен не соттың, тергеу судьясының қаулысы бойынша ғана қолданылады.
- Кепілді қабылдау туралы хаттама жасалады, онда шақыру бойынша келу туралы міндеттер түсіндіріледі, ал кепіл берушіге келуден жалтарған жағдайда, кепіл мемлекеттің кірісіне айналдырылатыны туралы ескертіледі.
- Егер күдікті, айыпталушы өздеріне жүктелген міндеттерді бұзбаса, кепіл берушіге кепіл нысанасы дереу қайтарылады.
- Кепілдің мөлшері күдіктің ауырлығы, күдіктінің, айыпталушының жеке басы, қылмыстық іс-әрекеттің сипаты, кепіл берушінің мүліктік жағдайы ескеріле отырып айқындалады және:
 - онша ауыр емес қылмыстар бойынша – 50 айлық есептік көрсеткіш (бұдан әрі – АЕК);
 - ауырлығы орташа абайсызда жасалған қылмыстар бойынша – 150 АЕК;
 - ауырлығы орташа қасақана жасалған қылмыстар бойынша – 250 АЕК;
 - ауыр қылмыстар бойынша – 500 АЕК мөлшерінен кем бола алмайды.
- Айрықша жағдайларда кепіл мөлшері төменгі мөлшерден аз мөлшерде қолданылуы мүмкін.

11

ЕГЕР СІЗДІ ЖАУАП АЛУҒА ШАҚЫРСА,
НЕНІ БІЛУ ҚАЖЕТ?

КЕҢЕС



- Куәні, жәбірленушіні, күдіктіні тергеуші (анықтаушы) шақыру қағазымен жауап алуға шақырады. Өзіңізбен бірге жеке басты куәландыратын құжатыңыз болғаны дұрыс (ҚПК 208-210 бабы).
- Белгіленген мерзімде келу міндетті немесе тергеушіні (анықтаушыны) келмеу себептері туралы алдын ала хабардар ету қажет.
- Негізсіз себептермен келмеген жағдайда, сізді күштеп жеткізуі мүмкін не сізге өзге де процестік мәжбүрлеу шаралары қолданылуы мүмкін.
- Жауап алу, кейінге қалдыруға болмайтын жағдайларды қоспағанда, күндізгі уақытта жүргізіледі. Жауап алу үзіліссіз төрт сағаттан артық жүргізілмеуге тиіс. Жауап алуды демалу мен ас ішуге арналған кемінде бір сағат үзілістен кейін жалғастыруға жол беріледі. Жауап алудың бір күн ішіндегі жалпы ұзақтығы сегіз сағаттан аспауға тиіс.
- Медициналық көрсетілімдер болған жағдайда, жауап алудың ұзақтығы дәрігердің жазбаша қорытындысы негізінде белгіленеді.
- Кәмелетке толмаған адамнан жауап алу тәуліктің күндізгі уақытында жүргізіледі және үзіліссіз екі сағаттан артық, жалпы алғанда күніне төрт сағаттан артық жүргізілмейді. Оның қажығаны анық болған жағдайда, жауап алу осындай уақыт өткенге дейін де үзілуі мүмкін.
- Жауап алу жауап алынатын адамға істің өзіне белгілі болған мән-жайларын айтуды ұсынудан басталады. Еркін баяндау аяқталғаннан кейін жауап алынып отырған адамға айғақтарды нақтылауға және толықтыруға бағытталған сұрақтар қойылуы мүмкін. Жетелеуші сұрақтар қоюға тыйым салынады (ескерту: жетелеуші сұрақтар – сөзбе сөз немесе мазмұны бойынша белгілі бір жауапты айқын жасайтын немесе шындығында ол жоқ болса да белгілі бір заттардың барлығын белгілейтін сұрақтар).
- Тергеушінің (анықтаушының) шешімі бойынша, сондай-ақ күдіктінің, айыпталушының, куәнің немесе жәбірленушінің өтінуі бойынша жауап алу кезінде дыбыс- және бейнежазба қолданылуы мүмкін. Жауап алудың барысы мен нәтижелері хаттамада көрсетіледі. Жауаптар бірінші жақтан және мүмкіндігінше сөзбе-сөз жазылады. Сұрақтар мен олардың жауаптары жауап алу кезіндегі реті бойынша жазылады. Жауап алу аяқталғаннан кейін хаттама оқып шығу үшін жауап ұсынылады не жарияланады. Хаттамаға толықтыру мен нақтылау енгізу талабы міндетті түрде орындалуға жатады.
- Жауаптармен танысу фактісін және олардың жазылуының дұрыстығы әрбір бетіне және хаттаманың соңында қол қою арқылы куәландырылады. Жауап алынып отырған адам хаттамаға қол қоюдан бас тартқан жағдайда, тергеуші (анықтаушы) бас тарту себептерін анықтайды, оларды хаттамаға енгізеді және хаттаманы өзінің қолымен куәландырады.

12

КІНӘНІ МОЙЫНДАУ ТУРАЛЫ
МӘМІЛЕНІ ҚАШАН ЖАСАУҒА БОЛАДЫ?
КЕҢЕС



- Егер Сіз онша ауыр емес, ауырлығы орташа немесе ауыр қылмыс жасау туралы іс бойынша күдікті, айыпталушы немесе сотталушы болып табылсаңыз, өз кінәңізді мойндасаңыз және сізге тағылған айыпқадау білдірмесеңіз – қылмыстық процесті жүргізетін органғасіздің кінәні мойындау туралы мәміле нысанындағы процестік келісім жасасу туралы өтінішхат мәлімдеуге құқығыңыз бар (ҚПК 613-бабы).

МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ.

Қылмыстардың 4 санаты бар:

ОНША АУЫР ЕМЕС - жасағаны үшін ҚК-де көзделген ең жоғарғы жаза 2 жыл бас бостандығынан айырудан аспайтын қасақана әрекеттер, сондай-ақ жасағаны үшін ең жоғарғы жаза 5 жыл бас бостандығынан айырудан аспайтын абайсызда жасалған әрекеттер;

АУЫРЛЫҒЫ ОРТАША - жасағаны үшін ҚК-де көзделген ең жоғарғы жаза 5 жыл бас бостандығынан айырудан аспайтын қасақана әрекеттер, сондай-ақ жасағаны үшін ең жоғарғы жаза 5 жыл бас бостандығынан айыру түріндегі жаза қолданылатын абайсызда жасалған әрекеттер;

АУЫР - жасағаны үшін ең ҚК-де көзделген ең жоғарғы жаза 12 жыл бас бостандығынан айырудан аспайтын қасақана әрекеттер.

АСА АУЫР - жасағаны үшін ҚК-де көзделген ең жоғарғы жаза 12 жыл бас бостандығынан айыру, өмір бойы бас бостандығынан айыру немесе өлім жазасы түріндегі жаза қолданылатын қасақана әрекеттер.

- Өтінішхатты қылмыстық іс бойынша іс жүргізудің кез келген уақытында сот кеңесу бөлмесіне кеткенге дейін мәлімдеуге болады.

Мұндай келісімді жасауға қажетті жағдайлар:

- процестік келісім жасасуға ерікті түрде ниет білдіру;

- сіз келтірілген күдікке, айыптауға және іс бойынша қылмысты жасағанына қолда бар дәлелдемелерге, сіз келтірген зиянның сипаты мен мөлшеріне дауласпау;

- процестік келісім жасасуға жәбірленуші келісу.

Кінәні мойындау туралы мәміле келесіге мүмкіндік береді:

- анықтау, тергеу және сот талқылауы мерзімін қысқартуға;

- жазалау мерзімін немесе мөлшерін қысқартуға (ең ауыр жаза түрінің ең жоғары мерзімі мен мөлшерінің жартысынан аспауы керек);

- процестік келісімнің барлық шарттарын орындаған адамды қылмыстық жауаптылықтан босатуға.

Кінәні мойындау туралы мәміле жасау тәртібі:

- қылмыстық процесті жүргізетін орган өтінішхатты алып, негіздерді ескере отырып, процестік келісім жасасу туралы мәселені шешу үшін оны үш тәулік ішінде прокурорға жібереді.

- барлық тараптар келіскен кезде қисынды мерзімде процестік келісім жасалады, ол жазбаша түрде жазылады және оған келісімге қатысушылар – прокурор, күдікті, айыпталушы, оның қорғаушысы қол қояды.

- іс келісімдік іс жүргізуде қарау үшін сотқа жіберіледі.

Сіз түпкілікті шешімді сот қабылдайтындығын білуіңіз керек.

13

ІСТІ СОТҚА ЖЕТКІЗБЕЙ
ҚЫЛМЫСТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ДАУДЫ
ҚАЛАЙ ШЕШУГЕ БОЛАДЫ?

КЕҢЕС



- Қылмыстық процесте дауларды балама шешуді іске асыру тәсілдерінің бірі - тараптардың татуласуына байланысты қылмыстық істі тоқтату болып табылады.
- Татуласу рәсімдерінің қатысушылары ретінде күдікті немесе айыпталушы, жәбірленуші, заңды өкілдері, адвокат, медиатор болуы мүмкін.
- Татуласудың бастамашысы ретінде әрқашан қылмыстық қудалаудан босауға ұмтылушы адам болады.
- **ТАТУЛАСУ ҮШІН ҚАЖЕТТІ ШАРТТАР:**
 - адамның қылмыстық теріс қылықты немесе онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмысты жасаушы адам болуы;
 - жасалған қылмыстың адам өліміне әкеп соқпауы;
 - қылмыс (қылмыстық теріс қылық) жасаған адамның жәбірленушімен татуласуы;
 - қылмыс жасаған адам жәбірленушіге келтірілген зиянның есесін толтыруы.
- **СОНДАЙ-АҚ, ЕГЕР:**

Тараптардың татуласуына байланысты қылмыстық процестің кез келген сатысында (қылмыстық процестің сотқа дейінгі сатысын қоса алғанда) қылмыстық істі қысқарту негіздерінің жиынтығы бар болса, ауыр қылмыс жасаған кәмелетке толмағандар, жүкті әйелдер, жас балалары бар әйелдер, жас балаларды жалғыз өзі тәрбиелейтін еркектер, адамның өліміне әкеп соғумен немесе денсаулығына ауыр зиян келтірумен байланысты емес ауыр қылмысты алғаш жасаған елу сегіз жастағы және одан асқан әйелдер, алпыс үш жастағы және одан асқан еркектер қылмыстық жауаптылықтан босатылуға жатады.
- Осы тетікті жәбірленушінің немесе оның заңды өкілінің сотқа дейінгі тергеп-тексеру органына, прокуратураға, сотқа өтініш беруі арқылы іске қосуға болады.

МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ: татуласуға байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату мынадай жағдайларда мүмкін емес:

- кәмелетке толмаған адамның 14 жастан 18 жасқа дейінгі жастағы кәмелетке толмаған адамға қатысты жыныстық тиіспеушілікке қарсы қылмыс жасаған жағдайларды қоспағанда, кәмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігіне қарсы қылмыстар жасаған адамдарға қатысты,
- бір адамның не екі және одан да көп адамдардың өліміне әкеп соққан, абайсызда жасалған қылмыстар үшін,
- сыбайлас жемқорлық қылмыс үшін,
- террористік, экстремистік қылмыс үшін,
- қылмыстық топ құрамында жасалған қылмыс үшін.

14

ҚЫЛМЫСТЫҚ ІСТІ ТЕРГЕП-ТЕКСЕРУ КЕЗІНДЕ
ҰШЫРАҒАН ШЫҒЫСТАР ҚАНДАЙ
ЖАҒДАЙЛАРДА ӨТЕЛЕДІ?

КЕҢЕС



- Қылмыстық процесті жүргізетін органның шақыртуы бойынша келуге байланысты шығыстары:
 - теміржол, су, автомобиль (таксиді қоспағанда) көлігімен және сол жерде бар басқа да көлік түрлерімен жол жүру құны, ал қылмыстық процесті жүргізетін органның келісімімен – әуе көлігімен жол жүру құны;
 - қызметтік іссапарларға ақы төлеу үшін қабылданған нормалар бойынша ұйым, жұмыс беруші осы шығыстарды өтейтін жағдайда, тұрғын үй-жайды жалдау құны;
 - қылмыстық процесті жүргізетін органның талабы бойынша бұл адамдардың тұрақты тұрғылықты жерінен тысқары жерде тұруы қажет болған кезде және тәуліктік ақыны ұйым, жұмыс беруші өтейтін жағдайда – тәуліктік ақы;
 - орташа жалақысын ұйым, жұмыс беруші сақтайтыннан басқа жағдайларда, қылмыстық процесті жүргізетін органның талабы бойынша қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысуға кеткен барлық уақыт үшін орташа жалақы;
 - қылмыстық процесті жүргізетін органның талабы бойынша тергеу ісіне немесе басқа да процестік әрекетке қатысуы салдарынан сапасын жоғалтқан немесе жоғалған мүлікті қалпына келтіруге немесе сатып алуға арналған шығыстар бюджет қаражаты есебінен өтелуі мүмкін.

15

«КІНӘСІЗДІК ПРЕЗУМПЦИЯСЫ»
ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

КЕҢЕС





«Бір кінәсізді айыптағаннан, он кінәліні ақтаған артық»

*Ресей патшайымы
Екатерина II*

КЕРІСІНШЕ ЕКЕНДІГІ ДӘЛЕЛДЕНБЕЙІНШЕ, АДАМ КІНӘСІЗ БОЛЫП САНАЛАДЫ!!!

- Қандай да бір қылмыс бойынша ашық және ресми күдік келтірілген, тіпті осы күдікпен байланысты қамауға алынған кез келген адам, қылмыс жасаудағы оның кінәлілігі заңды тәртіпте дәлелденбейінше және осы дәлелдеу заңды күшіне енген тиісті сот шешімімен расталмайынша, кінәсіз болып есептеледі (ҚПК 19-бабы).
- Кез келген азамат өз қалауы бойынша жауапты беру құқығын пайдалануы немесе пайдаланбауы мүмкін, бірақ өзінің кінәсіздігін дәлелдеуге міндетті емес.
- Күдіктінің, айыпталушының, сотталушының кінәсіне қатысты кез келген күмән, сондай-ақ қылмыстық және қылмыстық-процестік заңдарды қолдану кезінде туындайтын күмән олардың пайдасына ұғынылады.
- Егер қылмыс жасады деген күдік келтірілсе, онда осы күдіктерді дәлелдеу ауыртпалығы, яғни сотқа күдікті кінәсіне дәлелдемелерді іздеу, жинау және ұсыну бойынша міндеттер айыптау тарабына жүктеледі.

16

ЕГЕР СІЗ АЗАПТАУ
ҚҰРБАНЫ БОЛСАҢЫЗ
КЕҢЕС





*«Бізді қорлады, иә, бірақ қорланған біз емес.
Қорланған бізді мазақ қылған басқа жандар еді»*

*Неміс жазушысы
Эрих Мария Ремарк*

- Бұл жағдайда мынадай әрекеттер жасау қажет:
-прокуратура органына не ішкі істер органына немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметке дереу жүгіну.
Арызда егер олар белгілі болса, сізге азаптау қолданған адамның тегін, атын, лауазымын, атағын көрсетіңіз.
Үй-жай жағдайының барлық тұстарын сипаттауға тырысыңыз, қызметкерлердің сыртқы келбетін, сондай-ақ егер бар болса, сіздің түсініктеріңізді растай алатын куәгерлерді, сіздің пікіріңізше азаптау қолданылған себептерді және маңызды бар басқа да мәліметтерді көрсетіңіз.
Егер сіз жаза өтеп жатсаңыз – осындай шағыммен өздігінен немесе өз адвокатыңыз арқылы жүгініңіз
- Дене жарақаттарын суретке түсіруді ұмытпаңыз, егер күш көрсету салдарынан киімдеріңізде қаның іздері қалып қойса немесе басқадай бүлінулер болса – оларды сақтап қойыңыз.
Сараптама тағайындаудан бас тартқан кезде, барынша ертерек өздігінен сізде бар дене жарақаттарын құжаттау бойынша барлық мүмкін шараларды қабылдаңыз – кез келген медициналық мекемеге (жарақат пунктіне, науқастарды қабылдау бөлмесіне және т.с.с.) жүгініңіз, бұл ретте медициналық қызметкерге дене жарақаттарын алу мән-жайларын хабарлаңыз.
Дене жарақаттарын суретке түсіруді ұмытпаңыз, егер күш көрсету салдарынан киімдеріңізде қаның іздері қалып қойса немесе басқадай бүлінулер болса – оларды сақтап қойыңыз.
Істің материалдарына дене жарақаттары сипатталған дәрігердің анықтамасын қоса тіркеуге өтініш білдіріңіз.
- Сізге жан азабын келтіру туралы мәселені анықтау үшін жалған айтуға, ойдан шығаруға және т.б. бейімділігін анықтау нысанына сізге азаптау қолданған лауазымды тұлғаларға психологиялық-психиатриялық сараптама және психологиялық-криминалистік сараптама жүргізу туралы өтініш білдіре аласыз.
- Егер сіз онымен келіспеген жағдайда, Сіздің өтінішіңіз бойынша кез келген қабылданған шешімге прокурорға, сотқа шағымдана аласыз.
- Мемлекет деңгейінде құқықтық қорғау құралдарын толық қолданғаннан кейін Сіз БҰҰ-ның Азаптауға қарсы комитетіне жүгінуге құқылысыз.

17

ЖАЛҒАН АҚПАРАТ ТАРАТУДЫҢ
САЛДАРЫ ҚАНДАЙ?

КЕҢЕС



«Ах! Ащы тілдің уыты тапаншадан да қорқынышты»

*Орыс жазушысы
А.С. Грибоедов*

**АҚПАРАТ ТАРАТПАС БҰРЫН –
ОНЫҢ САЛДАРЫ ТУРАЛЫ ОЙЛАНЫҢЫЗ!
ЖАЛҒАН АҚПАРАТ ТАРАТҚАНЫ ҮШІН –
10 ЖЫЛҒА ДЕЙІН ТҮРМЕГЕ ОТЫРҒЫZYЛАДЫ!**

- Соңғы кездері бұқаралық ақпарат құралдарында, соның ішінде әлеуметтік желілерде, мессенджерлерде және басқа да қосымшаларда қоғамдық қауіпсіздікке қауіп-қатер туғызатын, азаматтарға, ұйымдар мен мемлекетке зиян келтіретін көрінеу жалған ақпарат тарату жағдайлары жиілеп кетті
- Бұл ретте, жасаған осындай әрекеті үшін қылмыстық жауаптылық болатыны туралы әркім біле бермейді.
- Қылмыстық кодексте көрінеу жалған ақпарат таратқаны үшін 10 жылға дейін бас бостандығынан айыру түріндегі қылмыстық жауаптылық көзделген (Қылмыстық кодекстің 274-бабы).
- Өзіңіз көрінеу жалған ақпарат таратудан сақ болыңыз және туыстарыңыз бен жақындарыңызды көзделген қылмыстық жауаптылық туралы ескертіңіз!
- Терроризм актісі туралы жалған хабарлама жеткізгені үшін қолданылатын жауаптылық туралы да естен шығаруға болмайды.
- Терроризм актісі туралы жалған хабарлама деп шындыққа жанаспайтын мәлімет ұғынылады.
- Әйтеуір бір жерде бомба қойылған деп хабарлау түріндегі қалжыңның өзін құқық қорғау органдары алты жылға дейін бас бостандығынан айыру түріндегі жаза көзделген қылмыс ретінде саралайтынын есте сақтаңыз (Қылмыстық кодекстің 273-бабы).

18

ҚЫЛМЫСТЫҚ ІСТЕР БОЙЫНША ҚАНДАЙ
ЖАЗА ТАҒАЙЫНДАЛУЫ МҮМКІН?

КЕҢЕС





Бір кездері Конфуцийға мынадай сұрақ қойыған екен: «Зұлымдыққа жақсылықпен жауап берген дұрыс па?» Сонда ол былай депті: «Жақсылықпен жақсылыққа жауап беру қажет. Ал зұлымдыққа әділдікпен жауап берген жөн»

Философ Конфуций

□ **БІЛУ ҚАЖЕТ! ЖАЗА:**

- қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін соттың үкімі бойынша ғана тағайындалады;
- тән азабын келтірмеуі немесе адамның ар-намысын қорламауы тиіс;
- әлеуметтік әділдікті қалпына келтіру;
- сотталған адамды түзеу;
- құқық бұзушылық жасаудың алдын алу мақсатында қолданылады.

□ **ОНЫҢ НЕГІЗГІ ТҮРЛЕРІ:**

Айыппұл – мөлшерін сот белгілейтін ақшалай өндіру (теріс қылық үшін - 25-тен 500-ге дейін АЕК, қылмыс үшін – 500-ден 10 мыңға дейін АЕК, ал пара алушылық кезінде пара сомасының 10-нан 80-ге дейін еселенген мөлшерде).

Түзеу жұмыстары – жалақыдан айыппұлды шегере отырып, жұмыс орны бойынша еңбекке тарту (ай сайын жалақының 20-дан 40-қа дейін пайызы). Қоғамдық жұмыстарға тарту – тегін қоғамдық пайдалы жұмыстарды орындау (60-тан 300-ге дейін сағатқа, бірақ аптасына 40 сағаттан аспайтын мерзімге)

Бас бостандығын шектеу – қоғамнан оқшаулаусыз тұрғылықты жері бойынша пробациялық бақылау белгілеу (1 жылдан 7 жылға дейін мерзімге).

Қамауға алу – қоғамнан қатаң оқшаулау жағдайында ұстау (30-дан 90 тәулікке дейін мерзімге). 2016 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізілетін болады.

Бас бостандығынан айыру – қоныс-колонияларында, түзеу колонияларында (жалпы, қатаң, айрықша режимдегі), кәмелетке толмағандарға арналған тәрбиелеу колонияларында (жалпы және күшейтілген режимдегі) немесе түрмеде қоғамнан оқшаулау (6 айдан 15 жылға дейін, аса ауыр қылмыс үшін – 20 жылға дейін немесе өмір бойғы мерзімге);

Өлім жазасы – адамдардың өлімімен ұштасқан терроризм және әскери кезеңдегі аса ауыр қылмыс жасағаны үшін (17.12.03 ж. бастап мораторий енгізілуіне байланысты, өмір бойы бас бостандығынан айыруға ауыстырылады).

□ **ҚОСЫМША ТҮРЛЕРІ:**

Мүлікті тәркілеу – қылмыстық жолмен табылған, қылмыс құралымен алынған, сондай-ақ құқық бұзушылықтың қаруы немесе құралы болып табылатын мүлікті мәжбүрлеп алу.

Атағынан, сыныптық шенінен, дәрежесінен, сыныбынан және наградаларынан айыру – кінәлі адамның жеке басын ескере отырып, қасақана құқық бұзушылық жасағаны үшін қолданылады.

Белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру – мемлекеттік қызметте, жергілікті өзін-өзі басқару органында лауазым атқаруға не белгілі бір кәсіппен немесе өзге қызметпен айналысуға тыйым салу (1 жылдан 10 жылға дейін мерзімге).

Шетелдіктерді немесе азаматтығы жоқ адамдарды елден тысқары шығарып жіберу – адамның келуіне тыйым сала отырып, оның кетуін қадағалау (5 жылға).

19

ЕГЕР АДАМ ЖОҒАЛСА КЕҢЕС



УАЙЫМДАМАҢЫЗ, КӨПТЕГЕН ЖАҒДАЙЛАРДА ЖОҒАЛҒАН АДАМДАР ТАБЫЛЫП ЖАТАДЫ!

- Жоғалған адамды соңғы кездері көрген (ол туралы естіген), оның жоспарлары, қозғалу бағдары және т.б. туралы білетін барлық адамдардан (достары, әріптестері, көршілері, таныстары, туысқандары) сұрастыру (қоңырау шалып хабарласу) қажет.
- Барлық алынған мәліметтерді хронологиялық тәртіпте жазу қажет.
- Жоғалған адам соңғы кездері болған, не болуы мүмкін тұрғылықты жердің, дүкендердің, банктердің және т.б. бейне бақылау камераларының жазбаларын мүмкіндігінше қарап шығу.
- Әлеуметтік желілер, БАҚ арқылы адамның жоғалғаны туралы өтінішпен (фотосуретімен) жүгіну, үйлерде, көшелерде және т.б. жерлерде хабарландырулар ілу.
- Іздестіру, оның ішінде жергілікті жерлерді «сүзіп шығу» үшін барлық таныстарды, туыстарды, еріктілерді тарту қажет.
- Сонымен қатар полицияға жүгіну керек.
- Кезекші жоғалған кезден және жоғалған жерінен бастап қанша уақыт өткеніне қарамастан, өтінішті қабылдауға міндетті.
- Өтініш Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізілімінде дереу тіркеледі, содан кейін жоғалған адамның тұратын мекенжайы бойынша жедел тергеу тобына жіберіледі.
- Полиция жоғалған адамның тұрғын үйін және жеке заттарын тексереді, одан әрі сәйкестендіру үшін оның саусақтарының іздерін алады, отбасы мүшелерімен және көршілерімен әңгімелеседі.
- Іздестіру ісі қозғалады, оның шеңберінде жоғалған адамды іздестіру жүргізіледі

20

ПОЛИЦИЯ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ ҚАЙ
КЕЗДЕ КҮШ ҚОЛДАНУҒА ҚҰҚЫЛЫ?
КЕҢЕС



ПОЛИЦИЯ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ:

- жеке тұлғаларға, қызметкерлерге қоғамдық тәртіпті қорғау, қоғамдық қауіпсіздік қамтамасыз ету және қылмыстылыққа қарсы іс-қимылдар бойынша қызметтік немесе қоғамдық борышын орындайтын өзге де тұлғаларға жасалған шабуылды тойтару;
- тұтқындарды босату, жаппай тәртіпсіздіктің және қоғамдық тәртіпті топтық бұзушылардың, сондай-ақ түзеу мекемелерінен және тергеу изоляторларынан сотталғандар, күдіктілер және айыптаушылар қашу және ұстау кезінде құқыққа қайшы әрекеттердің жолын кесу;
- жеке тұлғаларға, ұйымдарға және мемлекеттік органдарға тиесілі ғимараттарға, үй-жайларға, құрылыстарға, көлік құралдарына, жер учаскелеріне жасалған шабуылдарды тойтару, сол сияқты оларды басып алудан босату үшін;
- егер олар қызметкерлерге бағынбаған немесе қарсылық көрсеткен не олар қашып кетуі мүмкін немесе айналадағыларға немесе өзіне және басқаларға зиян келтіруі мүмкін деп санауға жеткілікті негіздер болған жағдайлар болса, құқық бұзушыларды, сондай-ақ әкімшілік қамауға алуға жататын адамдарды, сотталғандарды, күдіктілерді және айыпталушыларды ұстау;
- оған және (немесе) оның денсаулығына немесе өміріне ауыр зиян келтірудің нақты қауіп-қатері болған кезде қызметкер өзін немесе оның отбасы мүшелерін қорғау мақсатында шабуылды тойтару;
- аса қажет болған жағдайда қажетті қорғану;
- құқық бұзушылықтың жолын кесу, құқық бұзушының жеке басын анықтау, сондай-ақ егер хаттама жасау міндетті болып табылса, әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасау не әкімшілік құқық бұзушылық анықталған жерде оларды жасау мүмкін емес кезінде құқық бұзушыларды жеткізу үшін қол күшін, оның ішінде күрес тәсілін, сондай-ақ арнайы құралдарды қолдануға құқылы.
- **Қалған жағдайларда полиция қызметкерінің күш қолдануы сіздің құқықтарыңызды бұзу ретінде сараланатын болады!**

МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ:

Егер сіз күштік операциялар жүргізудің куәсі болсаңыз, өзіңізді байсалды ұстауға, құқық қорғау органдарына кедергі жасамауға, оқиға орнынан кетуге, балаларды алып кетуге, қызметкерлер беретін барлық пәрмендерді орындауға тырысыңыз.

10

ТЕРРОРИЗМ МЕН ЭКСТРЕМИЗМГЕ
ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ ЖӨНІНДЕ
КЕҢЕС

- 1 Егер сіздің жақын адамыңыз азғырып көндіру тұзағына түсіп қалса
- 2 Терроризм актісінің жоспарлануын немесе дайындалуын айғақтайтын белгілер
- 3 Егер сіз күдікті зат тауып алсаңыз
- 4 Оқу орнының аумағында терроризм актісінің болу қаупі немесе терроризм актісі жасалған кезінде
- 5 Егер сізді кепілге алса не істеу керек
- 6 Ұшақты террористер басып алған кезде
- 7 Эвакуациялау туралы ақпарат алған кезде не істеу керек
- 8 Террористік акт жасау қаупі кезінде адамдар көп жиналатын жердегі тәртіп
- 9 Құқыққа қайшы контентті қалай өшіру қажет
- 10 Егер сізге діни мәселелер жөнінде ақыл-кеңестер қажет болса

1 ЕГЕР СІЗДІҢ ЖАҚЫН АДАМЫҢЫЗ
АЗҒЫРЫП КӨНДІРУ ТҰЗАҒЫНА
ТҮСІП ҚАЛСА

КЕҢЕС



- Есіңізде болсын, жалдамалыларды **азғырып көндіру** деп белгілі бір материалдық сыйақыға қарулы қақтығысқа немесе әскери қимылдарға қатысу үшін адамдарды жалдау арқылы іріктеу түсініледі. Азғырып көндіру оған кандидаттарды іздестіруден, содан соң террористік не экстремистік іс-қимылды ұйымдастыру мақсатында оларға кез келген тәсілмен (көндіру, бопсалау, уәде байласу) психологиялық ықпал етуден басталып, келісім жасаумен аяқталады.
- **АЗҒЫРЫП КӨНДІРУГЕ ҰШЫРАҒАН АДАМНЫҢ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ БЕЛГІЛЕРІ:**
 - әдеттері өзгереді.** Діни кітаптар мен дұға мәтіндерін оқуға көп уақыт бөледі;
 - мүдделері өзгереді.** Оны отбасының тірліктері қызықтырмайды, достарымен қарым-қатынаста салғырт бола бастайды, жұмысқа, оқуға немқұрайлы қарайды;
 - мінез-құлқы өзгереді,** жүріс-тұрысы өзгереді. Күнделікті және әдеттегі нәрселерге бейадекватты және агрессивті жауап қатады;
 - көзқарастары өзгереді.** Айналадағы адамдардың теологиялық мәселелер бойыша пайымдары мен пікірлеріне эмоционалды және агрессивті жауап қатады. Жалғыз ақиқат ретінде өзінің көзқарасын таңуға тырысады;
 - өмір салты өзгереді.** Достарымен және жұмысындағы әріптестерімен қарым-қатынасы шектелгеніне қарамастан, көптеген телефон қоңыраулары, хаттардың келуі пайда болады, аптасына кездесулердің (сондай-ақ жиналыстар, семинарлар және т.б.) саны да көбейеді. Жұмыспен байланысты емес ел ішіне және шетелге сапарлармен шығуы мүмкін;
 - ақша жұмсауы өзгереді.** Ақша шығындары, күнделікті жұмсайтын ақша мөлшері (балаларда) шамадан тыс көбейеді.
- **АТАЛҒАН БАРЛЫҚ АЛТЫ БЕЛГІНІҢ БОЛУЫ МІНДЕТТІ ЕМЕС ЕКЕНІН АТАП ӨТЕМІЗ. ДЕГЕНМЕН, ОЛАРДЫҢ БІРЕУІН АНЫҚТАСАҢЫЗ, ОЙЛАНУ ҚАЖЕТ-АҚ.**

Егер сізде жақын адамыңыз азғырып көндіруге ұшырады деген қатты күдік пайда болса, сіз бұл туралы:

 - республикалық сенім телефоны – **114**;
 - Ұлттық қауіпсіздік комитетінің «сенім телефоны» – **110** немесе **8 (7172) 24 02 90** арқылы хабарлай аласыз.

2 ТЕРРОРИЗМ АҚТІСІНІҢ ЖОСПАРЛАНУЫН НЕМЕСЕ ДАЙЫНДАЛУЫН АЙҒАҚТАЙТЫН БЕЛГІЛЕР КЕҢЕС



□ НЕГІЗГІ БЕЛГІЛЕРДІ ЕСТЕ САҚТАҢЫЗ:

- сіз жұмыс істейтін ғимаратта немесе үйдің ауласында күдікті адамдардың бірнеше мәрте көрінуі, олардың суретке және бейнежазбаға түсіруі, сондай-ақ жазып алуы;

- аталған адамдардың құқық қорғау органдарының қызметкерлерімен кездесіп қалмауға әрекеттенуі және бейнабақылау камераларына көзге түсіп қалудан жалтаруы (басын төмен түсіреді, бұрылып кетеді, бетін бүркейді);

- техникалық қызмет көрсетуге қатысы жоқ адамдардың ғимараттардың жертөлелері мен шатырларына кіруі;

- осы адамдардың әкімшілік және тұрғын үй ғимараттарының күзетшілерімен және қызмет көрсетуші персоналдармен негізсіз байланысқа түсуі (әңгімелесуі), оның ішінде олардың кезекшілік және жұмыс кестесін, ғимараттың жоспарын, қызметкерлер кабинеттерінің орналасуын анықтау мақсатында әңгімеге тартуы;

- бөгде адамдардың болмашы жұмысты орындату үшін қомақты сыйақыға жұмыс жасауға дайын адамдарды іздестіруі (пакет, түйіншек, сәлемдемелер беру).

□ Егер Сізде сіз үшін бейтаныс немесе күмәнді адамдардың әрекеттері мен мінез-құлқында осы белгілер бар деген қатты күдік пайда болса, онда Сіз бұл туралы:

- Ішкі істер министрлігі шұғыл қызметінің телефоны – **102**;

- Ұлттық қауіпсіздік комитетінің «сенім телефоны» – **110** немесе **8 (7172) 24 02 90**;

- республикалық сенім телефоны – **114** арқылы хабарлай аласыз.

3

ЕГЕР СІЗ КҮДІКТІ ЗАТ ТАУЫП АЛСАҢЫЗ
КЕҢЕС



□ ЕҢ АЛДЫМЕН:

- жақын бармаңыз;
- затты оқшау ұстауға және/немесе бөтен адамдардың затқа жақындауына жол бермеуге тырысыңыз;
- қауіпсіз қашықтықтан затты анықтап қараңыз, сыртында көрінетін антенна сымдар немесе ұялы телефонға қосылған тоқ көздерінің бар-жоғын анықтаңыз;
- қауіпсіз қашықтықтан заттан сағат механизмінің дыбысы шығып тұрма, соған құлақ түріңіз және басқа да шуылдар, химиялық заттардың иістері шығып тұрма, соны анықтаңыз;
- қасыңыздағы адамдардан оны кім тастауы мүмкін екендігін сұраңыз заттың (сөмкенің және т.б.) тиесілігін анықтауға тырысыңыз;
- егер қожайыны анықталмаса, табылған зат туралы дереу құқық қорғау органдарына хабарлаңыз («**102**» - ішкі істер органдарының кезекші бөліміне (полицияға) және «**112**» - құтқару қызметіне);
- жақын маңда болған және Сізге күдікті болып көрінген адамдардың сырт келбетін есте сақтауға тырысыңыз;
- құқық қорғау органдарының қызметкерлері келгеннен кейін зат табылған уақыт пен ықтимал күдікті адамдар туралы ақпаратты хабарлаңыз.

□ ҮЗІЛДІ-КЕСІЛДІ ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ:

- затты ашуға, орнынан жылжытуға, көтеруге, ауыстыруға;
- қолға алуға;
- затты қалтаға, портфельге, сөмкеге және т.б. салуға;
- жерге көмуге немесе суға тастауға;
- затқа жалғанған сымды үзуге немесе тартуға, оны залалсыздандыруға тырысу әрекеттерін жасауға;
- табылған таныс емес заттарды пайдалануға;
- затқа жақын тұрған жерде радио және электр аппаратураларын, ұялы телефондарды пайдалануға.

□ БІР МЕЗГІЛДЕ КҮДІКТІ ЗАТ ТУРАЛЫ:

- Ішкі істер органы шұғыл қызметінің телефоны – **102**;
 - Ұлттық қауіпсіздік комитетінің «сенім телефоны» – **110** немесе **8 (7172) 24 02 90**;
- республикалық сенім телефоны – **114** арқылы хабарлаңыз.

4

ОҚУ ОРНЫНЫҢ АУМАҒЫНДА ТЕРРОРИЗМ
АКТИСІНІҢ БОЛУ ҚАУПІ НЕМЕСЕ
ТЕРРОРИЗМ АКТИСІ ЖАСАЛҒАН КЕЗІНДЕ
КЕҢЕС



- **ТЕЛЕФОН ХАБАРЛАМАСЫ ТҮСКЕН КЕЗДЕ:**
 - болған оқиға туралы жақын маңда жүрген ересек адамға (оқытушыға, директорға, полиция қызметкеріне) дереу хабарлау;
 - қоңырау шалушымен әңгімелесу барысында оның жынысын, жасын, сөйлеу ерекшелігін анықтауға тырысу, қоңырау шалынған орынның дыбыстық фонына назар аудару;
 - одан әрі келген құқық қорғау органдары қызметкерлерінің нұсқауы бойынша әрекет ету қажет.
- **ТЕРРОРИЗМ АКТІСІ ЖАСАЛҒАН КЕЗДЕ:**
 - құқық қорғау және төтенше жағдайлар органдарының қызметкерлерімен бірлесіп балалар мен оқу орнының қызметкерлерін қауіпсіз жерге эвакуациялау;
 - жедел-тергеу тобы келгенге дейін куәгерлердің болуын қамтамасыз ету;
 - балаларға сабыр сақтау, үй-жайдан педагогтардың нұсқауларына сәйкес шығу;
 - одан әрі келген құқық қорғау органдары қызметкерлерінің нұсқауы бойынша әрекет ету қажет.
- **ШАБУЫЛ ЖАСАЛҒАН КЕЗДЕ:**
 - мекеме қызметкерлерін хабардар ету;
 - балалар мен мекеме қызметкерлерін қауіпсіз жерге жасыру бойынша шаралар қабылдау;
 - одан әрі келген құқық қорғау органдары қызметкерлерінің нұсқауы бойынша әрекет ету қажет.

Тек қана дұрыс әрі сауатты әрекеттер Сіздің өміріңізді және балалардың өмірін сақтауға көмектесетінін есте сақтаңыз.

- **БАРЛЫҚ ОСЫНДАЙ ФАКТІЛЕР БОЙЫНША:**
 - Ішкі істер органы шұғыл қызметінің телефоны – **102**;
 - Ұлттық қауіпсіздік комитетінің «сенім телефоны» – **110** немесе **8 (7172) 24 02 90**;
 - республикалық сенім телефоны – **114** арқылы байланысқа шығу қажет.

5

ЕГЕР СІЗДІ КЕПІЛГЕ АЛСА
НЕ ІСТЕУ КЕРЕК
КЕҢЕС



□ **ЕГЕР СІЗДІ КЕПІЛГЕ АЛСА MYHAДАЙ ҚАФИДАЛАРДЫ ҰСТАНУҒА КЕҢЕС БЕРЕМІЗ:**

- террористердің қару қолдануына түрткі болуы және адам шығындарына әкеп соғуы мүмкін әрекеттерге жол бермеңіз (оқыс қозғалу немесе шуыл террористер тарапынан қатал соққыға әкеп соғуы мүмкін);

- террористердің көзге байлауыш, ауыз кергіш, кісен немесе арқан қолдануына дайын болыңыз;

- басыну, балағат және кемсіту әрекеттерін көтеріңіз, қылмыскерлердің көзіне қарамаңыз (ашулы адам үшін бұл агрессия белгісі), қасарысқан түр көрсетпеңіз;

- қарсылық танытуға тырыспаңыз, бандитті қарусыздандыруға немесе шығар есікке не терезеге шығуға ұмтылып, қажетсіз батырлық көрсетпеңіз;

- егер сізді кепілге алындыңыз деп үй-жайдан шығуға мәжбүр етсе, қарсылық танытпаңыз;

- егер жаныңызда балалар болса, олар үшін қауіпсіз орын табыңыз, оларды кездейсоқ оқтан жасыруға тырысыңыз, мүмкіндігінше олардың жанынан алыстамаңыз;

- қажет болған кезде қылмыскерлердің талаптарын орындаңыз, оларға қарсылық білдірмеңіз, айналадағылардың өмірі мен өз өміріңізге қауіп төндірмеңіз, айғай-сүрең мен үрейге жол бермеуге тырысыңыз;

- медициналық көмек қажет болған жағдайда, бұл туралы бандиттердің жүйкесіне тимей, сабырмен, қысқаша айтыңыз, рұқсат алмайынша ештеңе істеуге әрекеттенбеңіз;

- «спартандық» өмір жағдайына дайын болыңыз (бейадекватты тағам және тұру жағдайлары, бейадекватты дәретхана жағдайлары);

- денсаулығыңызда кінәрат бар болса, қажетті дәрі-дәрмектерді өзіңізбен бірге алып шыққаныңызға көз жеткізіңіз, қарауылдарға денсаулық жағдайыңыз туралы хабарлаңыз, қажет болған кезде медициналық көмек көрсетуін немесе дәрі-дәрмек беруін сұраңыз;

- Сізде қандай да бір құжаттардың, телефон нөмірлерін және т.б. барын түсіндіуге дайын болыңыз.

□ **ЕСІҢІЗДЕ БОЛСЫН, СІЗДІҢ МАҚСАТЫҢЫЗ – ТІРІ ҚАЛУ**

Мұқият болыңыз, қылмыскерлердің белгілерін, бет әлпетіндегі ерекшеліктерін, киімін, аттарын, лақап аттарын, ықтимал тыртықтары мен татуировкаларын, сөздеріндегі ерекшеліктері мен мінез-құлық мәнерін және т.б. есте сақтауға тырысыңыз.

Есіңізде болсын, Сіздің кепілге алынғаныңыз туралы хабарлама алған арнайы қызметтер іс-қимылға кіріседі және босату үшін бар күшін салады.

6

ҰШАҚТЫ ТЕРРОРИСТЕР БАСЫП АЛҒАН КЕЗДЕ КЕҢЕС





МАҢЫЗДЫ:

- ешқандай жағдайда үрейге бой алдырмаңыз, орныңыздан атып тұрмаңыз, креслоңызда қалыңыз;
- террористермен салғыласпаңыз, олардың қару қолдануына түрткі болмаңыз, арнайы дайындық болмаған кезде өз бетіңізше террористерді зиянсыздандыруға тырыспаңыз, көршілеріңізді бұл әрекеттен сақтандырыңыз;
- террористер сізге қолдануы мүмкін кемсіту мен балағат сөздеді көтеріңіз;
- жолаушылармен террористердің кімдерге тиесілі екенін талқыламаңыз;
- өзіңізге назар аудартуы тиіс барлық нәрседен аулақ болыңыз;
- егер жолаушылар арасында жылаған балалар немесе ыңырысқан аурулар болса, жақтырмаған түр көрсетпеңіз, сабырлы болыңыз. Кез келген негативті эмоцияның тұтануы онсыз да ушыққан жағдайды қатты шиеленістіріп жіберуі мүмкін;
- террористерге сенбеңіз. Олар кез келген нәрсені айтуы мүмкін, бірақ тек өз мүдделерін ғана көздейді;
- өзіңізді лайықты ұстаңыз. Өзіңізді ғана емес, басқа жолаушыларды да ойлаңыз;
- егер сіз экипаж мүшелерінің бірі ұшақтан шығып кеткенін көрсеңіз, ешқандай жағдайда бұл фактіге басқа жолаушылардың назарын аудармаңыз. Экипаждың әрекеттерін террористер байқап қалуы мүмкін;
- мүмкіндігінше егер жанама белгілер бойынша олармен келіссөздер нәтиже бермегенін ұғынсаңыз, ұшақты босату бойынша арнайы операция басталатын кезге дайын болыңыз;
- егер құтқару операциясы жүргізілетін болса, террористер сізді ұстап алмайтындай және тірі қалқан ретінде пайдаланбайтындай жағдайға енуге тырысыңыз: төмен құлаңыз немесе креслоның арқалығына жасырыныңыз, басыңызды қолыңызбен жабыңыз және сізге көтерілуге рұқсат бермейінше сол жерде қалыңыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ: Қауіпсіздік күштері қозғалған кез келген адамды террорист деп ойлап қалуы мүмін.

- ұшақтан мүмкіндігінше жылдам шығыңыз. Жеке заттарыңызды іздеу үшін бөгелмеңіз.

Тек қана дұрыс әрі сауатты әрекеттер сіздің өміріңізді және айналаңыздағы адамдардың өмірін сақтауға көмектесетінін есте сақтаңыз.

7

ЭВАКУАЦИЯЛАУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ АЛҒАН КЕЗДЕ НЕ ІСТЕУ КЕРЕК КЕҢЕС



- Эвакуация туралы хабарлама тек жарылғыш құрылғы табылған жағдайда және террористік актінің салдарларын жою кезінде ғана емес, сондай-ақ өрт, апат кезінде де түсуі мүмкін. Билік өкілдерінен немесе құқық қорғау органдарынан эвакуацияның басталғаны туралы хабарлама алған соң, олардың нұсқауларын нақты және дәл орындау арқылы сабырлылық сақтаңыз;
- **ЕГЕР СІЗ ПӘТЕРДЕ БОЛСАҢЫЗ, МЫНАДАЙ ӘРЕКЕТТЕРДІ ОРЫНДАҢЫЗ:**
 - жеке құжаттарыңызды, ақшаңызды, бағалы заттарыңызды алыңыз;
 - электр көзін, су мен газды ажыратыңыз;
 - эвакуация кезінде қарттарға, ауыр науқас адамдарға, сондай-ақ балаларға көмектесіңіз;
 - кіреберіс есігіңізді міндетті түрде құлыптаңыз – бұл тонаушылардың пәтеріңізге кіріп кетуінен қорғайды.Айғай-сүреңге, үрейге және асығыстыққа жол бермеңіз. Үй-жайдан ұйымдасқан түрде шығыңыз, қауіпсіз емес жерге – мүмкіндігінше алысырақ кеткеніңіз дұрыс. Таптап кеткен жеріңізге жауапты тұлғалар рұқсат еткеннен кейін ғана оралыңыз.
- **Егер эвакуация туралы хабарлама оқу орнында, мектепке дейінгі мекемеде (жұмыс орнында) болған кезіңізде келіп түссе:**
 - қажет заттарыңызды тезірек жинастырыңыз (құжаттарды, ақшаңыз бен бағалы заттарыңызды сөмкеге салыңыз, киініңіз);
 - бөгеліп қалған құрбыларыңызға (әріптестеріңізге) көмектесіңіз
 - оқытушымен (әкімшілік өкілімен) бірге ұйымдасқан түрде далаға шығыңыз;
 - ғимараттан аулақ тұрыңыз;
 - үлкендердің (жауапты тұлғалардың) рұқсатынсыз жан-жаққа тараманыз, ешқайда кетпеңіз, әрқашан көз алдында тұрыңыз, топпен бірге болыңыз, өйткені ұжымдағы мүшелердің біреуінің хабар-ошарсыз жоқ болуы жаппай айқай-шуға және үйреуленуге әкелуі мүмкін;
 - жоқ адамдарды анықтау мақсатында (студенттерді, қызметкерлерді) дауыстап түгендеңіз;
 - эвакуация туралы хабарлама алған сәтте ғимаратта болғандардың арасындағы адамдар жоқ боп кетсе, бұл туралы полиция қызметкерлеріне және мекеме әкімшілігіне дереу хабарлаңыз;
 - бұдан арғы нұсқауларды күтіңіз.
- Балаларды, қарт адамдар мен мүгедектерді алып жүрген кезде балаларды қолға көтеріп алыңыз, ал қарт адамдар мен мүгедектерді жиналған қалың топтың ішіне түсіп кетпеуге тырысып, шеткерірек алып жүріңіз (қолынан ұстап жүріңіз немесе мүгедек арбасымен сүйретіңіз).
- Осындай барлық фактілер бойынша ішкі істер органдарының кезекші бөліміне (полицияға) - «102» және құтқару қызметіне - «112» телефондары арқылы хабарласу қажет.

8 ТЕРРОРИСТИК АКТ ЖАСАУ ҚАУПІ КЕЗІНДЕ АДАМДАР КӨП ЖИНАЛАТЫН ЖЕРДЕГІ ТӘРТІП КЕҢЕС



□ МҮНДАЙ ЖАҒДАЙЛАРДА:

- адамдар көп жиналатын жерлерден аулақ болыңыз;
- егер жүгіріп келе жатқан адамдардың ортасында қалсаңыз, олардың бағытымен жүре беріңіз, бірақ біртіндеп ол жерден шығуға тырысыңыз;
- бойы ұзын және денесі ірі адамдардан, заттары көлемді және сөмкелері үлкен адамдардан алысырақ болуға тырысыңыз;
- егер кептеліс қауіпті сипат ала бастаса, дереу, ойланбастан кез келген жүктен, ең алдымен ұзын бауы бар сөмкеден және шарфтан арылыңыз;
- егер бірдеңе түсіріп алсаңыз, ешқандай жағдайда көтеруге әрекеттенбеңіз;
- кез келген тәсілмен аяғыңызбен тұруға тырысыңыз;
- егер құлап қалсаңыз, мүмкіндігінше тезірек аяқпен тұруға тырысыңыз. Бұл ретте, қолыңызбен сүйенбеңіз (қолыңызды басып кетеді не сындырады). Бір сәт болса да табаныңызбен немесе аяғыңыздың ұшымен болса да тұруға тырысыңыз;
- егер тұра алмасаңыз, бүктеліп, басыңызды білегіңізбен қорғаңыз, ал желкеңізді алақаныңызбен жабыңыз;
- адамдар толы үй-жайға келген соң, экстремалды оқиға туындаған кезде қандай орындар қауіпсіз екенін алдын ала анықтаңыз (стадиондағы секторлардың арасынан өтетін жерлер, концерт залдарындағы шыны есіктер мен аралықтар, т.б.), қосалқы және авариялық шығатын есіктерге назар аударыңыз, олармен ойша жүріп өтіңіз;
- дүрбелең туындаған кезде байсалдылық сақтауға және оқиғаны ақыл таразысына салып бағалауға тырысыңыз;
- балаларды, қарт адамдар мен мүгедектерді алып жүрген кезде балаларды қолға көтеріп алыңыз, ал қарт адамдар мен мүгедектерді жиналған қалың топтың ішіне түсіп кетпеуге тырысып, шеткерірек алып жүріңіз (қолынан ұстап жүріңіз немесе мүгедек арбасымен сүйретіңіз).

Осындай барлық фактілер бойынша ішкі істер органдарының кезекші бөліміне (полицияға) - «102» және құтқару қызметіне - «112» телефондары арқылы хабарласу қажет.

9

ҚҰҚЫҚҚА ҚАЙШЫ КОНТЕНТТИ
ҚАЛАЙ ӨШІРУ ҚАЖЕТ

КЕҢЕС


Қазақстан тұрғындарының көпшілігі туғандарының, жақындары мен таныстарының «YouTube» желісінен зорлық-зомбылықты, экстремистік және террористік идеяларды насихаттау мазмұнындағы бейнематериалдар көруіне қарсы.

Сіз бұндай бейнелерді тікелей өшіре аласыз.

Ол үшін бірнеше қарапайым амалдар қажет:


1-қадам.

Бейне жазылған парақшаға кіру және бейненің астынан «Тағы» деген сөзді тауып алу, ол көрілімдер саны жазылған жазбаның астында болады.




2-қадам.

Сол түймені басса, «Шағымдану» жалаушасы шығады, соны іске қосу қажет.




3-қадам.

Экранға шыққан мәзірден «Қатыгез немесе жиіркенішті көріністер» тармағын таңдау қажет.




4-қадам.

Одан әрі «Терроризмді насихаттау».



5-қадам.

«Жіберу» түймешесін басы.



10

ЕГЕР СІЗГЕ ДІНИ МӘСЕЛЕЛЕР ЖӨНІНДЕ
АҚЫЛ-КЕҢЕСТЕР ҚАЖЕТ БОЛСА
КЕҢЕС



- **ЕГЕР СІЗГЕ ЖӘНЕ СІЗДІҢ ЖАҚЫНДАРЫҢЫЗБА:**
 - түсініксіз діни идеяларды мәжбүрлеп міндеттесе және олар діни тақырыптарды күштеп үгіттеуге ұшыратса не экстремистік немесе террористік қызметке тартуға тырысса;
 - көшелерде, кіреберістерде, пәтерлерде, көлікте күмәнді діни әдебиеттердің таратылғаны туралы белгілі болса;
 - діни жоралғыларға және іс-шараларға қатысуға міндеттесе не оларды діни сипаттағы күмәнді жиналыстар алаңдатса;
 - күмәнді адамдардың не діни бағыттағы ұйымдардың ықпалымен бетпе-бет кездесуге мәжбүр болса;
 - имамдар мен теологтар тарапынан сапасыз профилактикалық жұмыс белгілі болса немесе өзіңіз соның куәсі болсаңыз;
 - діни сипаттағы проблемалардың кесірінен қиын өмірлік жағдайға тап болуға тура келсе;
 - дін саласындағы мамандардың консультациясы мен көмегі қажет болса

- «Жедел желі» ақпараттық-консультациялық орталығына «114» тегін нөміріне, сондай-ақ 8 777 0000 114 нөміріне (Билайн абоненттері үшін тегін) жүгіну қажет, олар:
 - діни қатынастар саласы бойынша консультациялық және практикалық көмек көрсетеді.
 - деструктивті діни әрекеттен зардап шеккендерге психологиялық көмек көрсетеді.
 - серіктес діни орталықтармен әрекет етеді, бұл тұрғылықты жері бойынша қажет кезде тиісті көмек көрсетуге мүмкіндік береді.

- **КОНСУЛЬТАЦИЯНЫ ҚАЛАЙ ЖӘНЕ КІМ БЕРЕДІ:**
 - Құпия өткізіледі.
 - Кәсіби заңгерлер, теологтар, дінтанушылар, психологтар өткізеді.

10

АЛАЯҚТАРДАН ҚОРҒАНУ ЖАЙЛЫ
КЕҢЕС

- 1 Назар аударыңыз! Бұл алаяқтар!
- 2 Жер учаскесін ресімдеу кезінде алданбау үшін не істеу керек?
- 3 Жер учаскесін сатып алуда алданудан қалай қорғану керек?
- 4 Несиелендіру кезінде алаяқтықтың алдын алу үшін не істеу керек?
- 5 Қалай қаржы пирамидасының құрығына түспеу қажет
- 6 Өзіңді интернеттегі алаяқтықтан қалай қауіпсіздендіру қажет
- 7 Үлестік құрылыс шартын жасау кезінде алданып қалмаудың амалдары
- 8 Жұмысқа орналасу бойынша алаяқтықтың құрбаны болмау жолдары
- 9 Телефон алаяқтарына алданбау жолдары
- 10 Қарызға ақша бермеңіз, сонда алданбайсыз

1 НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! БҮЛ АЛАЯҚТАР!
КЕҢЕС





«Адал адамның қиянаттан ада көздері әрқашан алаяқтарды алаңдатады»

Философ
Жан-Жак Руссо

ҚЫРАҒЫ БОЛЫҢЫЗ!!!

- Сізге кезектен тыс және арзан бағамен пәтер алып берем деп уәде берсе
- Сізге төмен бағамен сатылатын жер учаскесі бар деп уәде берсе
- Сізге сыйақысына ірі компанияға немесе мемлекеттік мекемеге жұмысқа тұрғызамын деп уәде берсе

БҰЛ АЛДАУ!

СЕНБЕҢІЗДЕР!!!

- Сізге бағалы сыйлықтың иегері болдыңыз және оны алу үшін ақша аудару қажет деген хабарлама келсе
- Сізге қоңырау шалып, Сіздің танысыңызды/ жақын туысыңызды / ұлыңызды/ қызыңызды полиция қызметкерлері ұстап отыр және оларды босату үшін ақша қаражатын беру керек деп хабарласа
- Сізден жеке деректеріңізді немесе карточкалық немесе банк шоты туралы мәліметтер беруіңізді сұраса


БҰЛ АЛДАУ!

Есіңізде болсын!!!

Пәтер мен жер учаскесін алу үшін, жұмысқа орналасу үшін – заңда белгіленген өз талаптары бар және Сізге заңды аттап өтіп бұл қызметтерді көрсетуге ешкімнің құқығы жоқ.

БҰЛ АЛДАУ!

2 ЖЕР УЧАСКЕСІН РЕСІМДЕУ КЕЗІНДЕ АЛДАНБАУ ҮШІН НЕ ІСТЕУ КЕРЕК? КЕҢЕС



- Сізге әкімдік арқылы жер учаскесін алуға көмек көрсету ұсынысымен бейтаныс адамдар жүгінді делік.

ЕСІҢІЗДЕ БОЛСЫН! Бұндай схема бойынша алаяқтар жұмыс істейді!

Бұл ұсынысқа **КЕЛІСІМ БЕРМЕҢІЗ**, себебі жер учаскесін белгіленген тәртіпте жергілікті атқарушы орган береді немесе сауда-саттықтар (конкурстар, аукциондар) өткізу арқылы сатылады.

- **БІЛІҢІЗ!** Жер учаскесін жергілікті атқарушы орган мынадай тәртіпте береді:
 - жер учаскесіне құқық беру туралы арыз беру;
 - жер учаскесін алдын ала таңдау;
 - комиссияның оң қорытындысы;
 - жерге орналастыру жобасын әзірлеу және бекіту;
 - әкімдіктің/әкімнің жер учаскесіне құқық беру туралы шешім қабылдауы;
 - сатып алу-сату немесе уақытша өтеулі (өтеусіз) жер пайдалану шартын жасасу;
 - жердегі учаскесінің шекараларын белгілеу;
 - жер учаскесіне сәйкестендіру құжатын дайындау және беру (мемлекеттік акт);
 - әділет органдарында жер учаскесіне құқықты тіркеу.

- **САУДА-САТТЫҚТЫ (АУКЦИОНДАР МЕН КОНКУРСТАРДЫ)** тек әкімдік немесе мамандандырылған ұйымдар жүргізеді.

- **ЕСТЕ САҚТАУ ҚАЖЕТ!**
Жылжымайтын мүлікке құқық мемлекеттік тіркеу кезінен бастап **пайда болады, өзгертіледі және тоқтатылады.**

3

ЖЕР УЧАСКЕСІН САТЫП АЛУДА АЛДАНУДАН
ҚАЛАЙ ҚОРҒАНУ КЕРЕК?

КЕҢЕС



- Жер учаскелерімен мәмілелер жасасу кезіне сатып алу-сату шартына қол қоюға және ақшаны беруге асықпаңыз.

- Құжаттарды МҰҚИЯТ зерделеңіз** (әкімдіктің қаулысы, мемлекеттік акт және т.б.), қажет болған жағдайда білікті заңгерлерден консультация алу үшін қосымша уақыт сұраңыз. Мәміле жасасу кезінде сұрақтар қоюға қысылмаңыз (меншік құқығының пайда болу тарихы, ауыртпалықтар туралы және т.б.), қарсы тарап ашу шақырған жағдайда сақ болыңыз.

- Тіркеу органдарынан жер учаскесіне ауыртпалықтардың бары немесе жоқтығы туралы тиісті анықтамалар алуды бірлесіп жасайық деген **талап қойыңыз**. Егер Сіз өзіңізге қатысты құқыққа қайшы әрекеттер жасау жоспарланған деп күдіктенсеңіз, немесе сіз алаяқтардың құрбанына айналсаңыз, қылмыскерлердің белгілерін көрсете отырып, құқық қорғау органдарына жүгіну қажет.

- Алаяқтық жасағаны үшін қылмыстық жауаптылық көзделгендігін **БІЛГЕН МАҢЫЗДЫ** (мүлкін тәркілеп он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру). Сондай-ақ мемлекеттік жер учаскелерін айырбастау не тікелей немесе жанама түрде жерге мемлекеттік меншік құқығын бұзатын басқа да мәмілелер жасасу, әкімшілік жауаптылыққа әкеп соғатынын айта кеткен жөн.

4

НЕСИЕЛЕНДІРУ КЕЗІНДЕ АЛАЯҚТЫҚТЫҢ
АЛДЫН АЛУ ҮШІН НЕ ІСТЕУ КЕРЕК?

КЕҢЕС



Соңғы уақытта жылдам және оңай несиелер алу (жабу) немесе Сіздің жиған қаражатыңызды көбейту мүмкіндігі туралы хабарлама жазылған хабарландырулар, смс-сілтемелер немесе электрондық хаттар жолдау жағдайлары қайта жанданды.

ӨЗІҢІЗДІ АЛАЯҚТАРДАН ҚОРҒАУ ҚИЫН ЕМЕС.

- Ресми қызмет ететін екінші деңгейлі банктер мен несиелеу жөніндегі қызметтер көрсететін, сондай-ақ салымдар қабылдайтын микрокредиттік ұйымдардың тізімі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Интернет-ресурсында орналастырылған. www.nationalbank.kz
- Сондай-ақ бұндай мәліметтерді Ұлттық Банктің Қазақстанның барлық облыстарындағы, Астана және Алматы қалаларындағы филиалдарынан алуға болады.
- Егер Сіз және Сіздің жақындарыңыз алаяқтардың құрбаны болса, немесе Сізге қатысты құқыққа қайшы әрекеттер жоспарланған деп күдіктенсеңіз, дереу аумақтық ішкі істер немесе прокуратура органдарына жүгініңіз.

5

ҚАЛАЙ ҚАРЖЫ ПИРАМИДАСЫНЫҢ
ҚҰРЫҒЫНА ТҮСПЕУ ҚАЖЕТ
КЕҢЕС



- Есіңізде болсын, қаржылық пирамидалар заңды компания бетпердесімен жұмыс істейді
- Ақпаратты тексеруге, тіпті ол ақпаратты жақын адамыңыз айтса да, оны тексеруге байсалдылықпен қараңыз

ҚАРЖЫЛЫҚ ПИРАМИДАНЫҢ БЕЛГІЛЕРІ

- Анонимділік
- Жоғары пайыздар
- Жаңа құрбандар
- есебінен төлемдер
- Лицензияның болмауы
- Міндетті жарналар
- Өнімнің болмауы
- Эмоцияға әсер ету
- Міндеттемелердің болмауы

- ҚАРЖЫЛЫҚ ПИРАМИДАНЫ ҚАЛАЙ АНЫҚТАУҒА БОЛАДЫ:

Компанияны салық төлеушілер ТІЗІЛІМІНЕН тексеріңіз

БҰЛ ОҢАЙ ШАРУА:

- <http://kgd.gov.kz> сайтында «Электрондық сервистер» бөлігінде «Салық төлеушілерді іздеу» сілтемесіне өтіңіз.
- Компанияның ЖСК мен БСН-ын енгізіңіз және «іздеу» түймешесін басыңыз.
- Егер компания салық төлеушілер арасында жоқ болса немесе оның өкілдері Сізге ЖСК мен БСН-ын бермесе, онда олармен қаржылық істер жасаудан аулақ болыңыз.

6

ӨЗІҢДІ ИНТЕРНЕТТЕГІ АЛАЯҚТЫҚТАН ҚАЛАЙ ҚАУІПСІЗДЕНДІРУ ҚАЖЕТ КЕҢЕС



□ БҰЛ ҮШІН БІРНЕШЕ ҚАДАМДАР ЖАСАУ ҚАЖЕТ:

- жеке деректеріңізді сұраған барлық түсініксіз хабарламаларға сенбеу;
- спамға назар салмау;
- сіздің электрондық мекенжайыңызға келген барлық күмәнді хаттарды ашпау;
- ниетінің түзу екендігіне көзіңіз жетпеген адамдарға өзіңіздің дербес деректеріңізді ешқашан бермеу;
- онлайн-сауда жасау кезінде сақ болу, бұл үшін мәмілелердің қауіпсіздігі мен жеке деректердің құпиялылығын қамтамасыз ететін сайттарды таңдау;
- егер сіз біреудің компьютерін пайдалансаңыз, онда өз құпия-өздеріңіздің сақталмағанына көз жеткізіңіз;
- компьютердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге арналған бағдарламаларды (антивирустық бағдарламалар) ұдайы жаңартып отыру.

ЕГЕР СІЗ ИНТЕРНЕТТЕГІ АЛАЯҚТЫҚТЫҢ ҚҰРБАНЫ БОЛСАҢЫЗ, ОНДА ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫНА ЖҮГІНУГЕ ТОЛЫҚ ҚҰҚЫҢЫЗ БАР.

7 ҮЛЕСТІК ҚҰРЫЛЫС ШАРТЫН ЖАСАУ КЕЗІНДЕ АЛДАНЫП ҚАЛМАУДЫҢ АМАЛДАРЫ КЕҢЕС



- **ШАРТ ЖАСАСПАС БҰРЫН МЫНА ЖӘЙТТЕРГЕ НАЗАР АУДАРУ ҚАЖЕТ:**
 - Құрылыс салушы, уәкілетті компания және мердігер туралы негізгі мәліметтер (атауы, заңды мекенжайы, еңбек тәжірибесі, тұрғын үйлер құрылысы бойынша іске асырылған жобалары);
 - Жер учаскесіне құқығын растайтын құжаттарының бар болуы. Бұл жер учаскесін сатып алу-сату немесе жалдау шарттары болуы мүмкін;
 - «Кепілдендірілген тұрғын үй құрылысы қоры» АҚ-пен жасалған кепілдік беру туралы, және «Кепілдендірілген тұрғын үй құрылысы қоры» АҚ кепілдіктерін алу тәсілімен тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу ұйымдастырылған жағдайда оның негізгі талаптары туралы шарттың болуы;
 - екінші деңгейлі банктің жобаға қатысуы тәсілімен немесе тұрғын үйдің қаңқасы тұрғызылғаннан кейін үлескерлердің ақшасын тарту тәсілімен тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу ұйымдастырылған жағдайда үлескерлердің ақшасын тартуға жергілікті атқарушы органның рұқсатының болуы.
- Егер компания сізге сіз сұратқан ақпаратты бермесе, сіз жергілікті атқарушы органға жүгінуге құқылысыз.
Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысуымен байланысты тараптардың құқықтық қатынастары, тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы шартпен ресімделеді.
Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы шарт жазбаша нысанда жасалады және ол тұрғын үй орналасқан жердегі жергілікті атқарушы органда есепке қойылған кезден бастап жасалды деп саналады (Заңның 11-бабының 1-тармағы).
Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы шарттың үлгі нысаны Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2016 жылғы 28 шілдедегі №345 бұйрығымен бекітілген.
Заңның 3-бабының 2-тармағына сәйкес тұрғын үйлердің құрылысы үшін жеке және заңды тұлғалардың ақшасын тартуға тыйым салынады. Заң талаптарын бұзып жасалған, жеке және заңды тұлғалардың ақшасын тарту жөніндегі мәміле, жарамсыз деп танылады.
- **ТҰРҒЫН ҮЙ ҚҰРЫЛЫСЫНА ҮЛЕСТІК ҚАТЫСУ ТУРАЛЫ ШАРТТЫҢ МӘТІНІНДЕ МЫНАДАЙ ЖӘЙТТЕРГЕ НАЗАР АУДАРУ ҚАЖЕТ:**
 - Шарттың мәні: пәтердің алаңы, блок (кіреберіс), пәтердің шартты нөмірі, тұрғын үйдің атауы, объектінің орналасқан жері (мекенжайы), объектіні тапсыру мерзімі, пәтердің жоспары;
 - Пәтердің құны (бір шаршы метрге) және төлем кестесі;
 - Уәкілетті компания мен үлескердің құқықтары мен міндеттері;
 - Үлесті қабылдау-тапсырудың тәртібі мен мерзімдері;
 - Еңсерілмейтін күш мән-жайлары;
 - Тараптардың жауапкершілігі.

8 ЖҰМЫСҚА ОРНАЛАСУ БОЙЫНША ҚАЛАЙ АЛАЯҚТЫҚТЫҢ ҚҰРБАНЫ БОЛМАУ КЕРЕК? КЕҢЕС



- Жұмысқа орналасу кезінде алаяқтық түрлері өте көп, себебі бұл «әлеуетті клиенттер нарығы» әрқашан үлкен және таусылмайды.

- **АЛАЯҚТАРДЫҢ НЕГІЗГІ ВАРИАЦИЯЛАРЫ МЫНАДАЙ ҰСЫНЫСТАРМЕН БАЙЛАНЫСТЫ БОЛАДЫ:**
 - өз бизнесінді ашу, ол әдетте оқытумен және соңында қандай да бір өнімді (ББҚ, парфюмерия, дәрі-дәрмек, тұрмыстық техника және т.б.) кейін өткізу үшін сатып алуға мәжбүрлеумен жүреді;
 - жұмысқа қабылдау кезінде алаяқтар хабарландыруда көрсетілмеген, бұрын уәде берген бос лауазымның орнына қандай да бір басқа бос лауазымды ұсынады;
 - егер сіз үйіңізде жұмыс істеуді жоспарласаңыз, тауар үшін көлемді кепіл енгізуді талап етеді, әдетте бұл тауар құрастырумен байланысты болады;
 - жұмысқа қабылдау кезінде ақылы тестілеу туралы;
 - еңбекақы карталарын ресімдеу, шот ашу, құжаттар дайыдау және т.б. сылтаумен алдын ала төлем енгізу;

- Бұндай фактілерді білсеңіз және олардың қалай жұмыс істейтіндігін түсінсеңіз, сізге оларға алданбау оңай болады.

Әрбір жағдайда жұмыс беруші туралы, ұсынылатын бос жұмыс орындары туралы егжей-тегжейлі тексеруге кеңес беріледі (компанияның атауы, телефондары, электрондық поштасы, мекенжайы және т.б. арқылы), біліктілік талаптары төмен болса да жоғары жалақы, кепілдендірілген тұрғын үй беру және басқадай бонустар туралы уәделерге назар аудару қажет.

9

ТЕЛЕФОН АЛАЯҚТАРЫНА АЛДАНБАУ ЖОЛДАРЫ КЕҢЕС



- Бұл үшін алаяқтық схемаларының арсеналы сан түрлі екендігін білу қажет:
 - туысын немесе танысын полициядан (немесе қылмыстық қудалаудан) босатқаны үшін пара немесе сатып алуды талап ету фактілері. Алаяқтардың негізгі мақсаты ақшаны «өз еркімен» қолдан қолға беруге немесе белгіленген жерге тастап кетуге, не шотқа аударуға мәжбүр ету (соңғы уақытта QIWI-әмиянын пайдаланып жүргізілген осындай жағдайлар жиілеп кетті);
 - ақшалай ұтыс немесе сыйлық туралы ұсыныстар (туристік жолдамалар, тұрмыстық техника, көлік, пәтерлер және т.б.), және әдетте, оларды алу үшін қандай да бір комиссиялық алым енгізу қажет;
 - осыған ұқсас ұтқан лотереялар туралы SMS-хабарламалар кең таралған;
 - банктен пластикалық картаның бұғатталғаны туралы және картаның деректерін (нөмірі мен пин-кодын) беру сұралатын қоңырау. Бейтаныс адамдар шалған қоңырауларға сенбеңіз. Алынған ақпаратты бақылау қоңырауы арқылы қайта тексеріңіз.

10

ҚАРЫЗҒА АҚША БЕРМЕҢІЗ,
СОНДА АЛДАНБАЙСЫЗ
КЕҢЕС



- Барлық алаяқтықтардың төртен бір бөлігі қайтару мақсатынсыз ақша қаражатын алу арқылы жүзеге асырылған (қарызға немесе пайыздық өсіммен).

- Көптеген адамдар, табыс табамыз деп үміттеніп, өздерінің жиған қаражатын бейтаныс немесе онша таныс емес «кәсіпкерлерге» сеніп тапсырады, олар жарнама, пиар-науқаны, БАҚ-тарды тарту арқылы «табысты кәсіпкерлер» бейнесін жасап алған.

- Алаяқтар ақша қаражатын көп адамдардан қарызға алады, бұл ретте қарыз алушы жаңа кредитордардан ақша тарту арқылы алдыңғы кредиторлармен есеп айырысады (яғни қаржылық пирамида принципі бойынша). Бұл жағдайда зиянкес адам ешқандай кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырмайды.

- Оның үстіне, кәсіпкерлік қызметпен айналысу үшін екінші деңгейлі банктер мен микрокредиттік ұйымдардан несие алудың көптеген тәсілдері бар. Неліктен «табысты кәсіпкер» банкке бармай, сізге жүгінгенін ойланған жөн.

- Ақша қаражатын қайтаруға кепілдің тиімді тәсілі кепіл заты болып табылады, яғни құны алынған ақша көлемімен мөлшерлес мүлік алу. Осы амалдың өзі жәбірленуші ұшыраған шығындарды өтеуге мүмкіндік бере алады, оның үстіне, қылмыстық-жазаланатын әрекет белгілері бар болған кезде қылмыстық жауаптылыққа тарту және өндіріп алу белгілі бір уақыт алуы мүмкін.

- Қазіргі экономикалық жағдайда, біреуге қарызға ақша бермес бұрын, барлығын асықпай таразыға салу қажет. Бұл ретте, бұл адамдардан жеке бас куәлігінің немесе паспортының көшірмесін талап ету маңызды. Одан әрі бұл, егер сізді алдаса, құқық қорғау органдарына немесе сотқа арыз беру кезінде қажет болады.

10

СОТ ОРГАНДАРЫМЕН
ҚАТЫНАСТАРДАҒЫ ҚАЖЕТ
КЕҢЕС

- 1 Бірінші сатыдағы сотқа талап қою арызын қалай беруге болады?
- 2 Талап қою арызы нысаны мен мазмұны бойынша қандай болуы тиіс?
- 3 Егер сіз азаматтық іс бойынша тарап болып табылсаңыз
- 4 Азаматтық істер бойынша сот шешіміне, облыстық сот апелляциясының қаулысына қалай шағымдануға болады?
- 5 Азаматтарға айыппұлдың жартысын қалай қысқартуға болады?
- 6 Егер сіз борышкер болсаңыз
- 7 Қылмыстық іс сотта қалай қаралады?
- 8 Басты сот талқылауы дегеніміз не?
- 9 Қылмыстық іс бойынша сот үкіміне, облыстық сот апелляциясының қаулысына қалай шағым беруге болады?
- 10 Сот үкіміне, облыстық сот апелляциясының қаулысына кім наразылық келтіре алады?

1

БІРІНШІ САТЫДАҒЫ СОТҚА ТАЛАП ҚОЮ
АРЫЗЫН ҚАЛАЙ БЕРУГЕ БОЛАДЫ?

КЕҢЕС



- Талап қою арызы сотқа жауапкердің тұрғылықты жері бойынша беріледі.

Мәлімет үшін: талап қою арызы – бұл бұзылған немесе дауланатын құқықтарды, бостандықтарды және заңды мүдделерді қорғау мақсатында сотқа жазбаша немесе электронды нысанда берілетін құжат.

- Талап қою арызы электронды цифрлық қолтаңбаның көмегімен электронды құжат нысанында ұсынылуы мүмкін.

office.sud.kz

- Әр жерде тұратын немесе орналасқан бірнеше жауапкерлерге талап қою арызы талапкердің таңдауы бойынша жауапкердің біреуінің тұрғылықты немесе орналасқан жері бойынша ұсынылады.

- **МАҢЫЗДЫ!**

Азаматтық істің соттылығы туралы:

- Талап қоюшының таңдауы бойынша соттылық (АПК-нің 30-бабы).
- Айрықша соттылық (АПК-нің 31-бабы).
- Шарттық соттылық (АПК-нің 32-бабы).

- **ТАЛАП ҚОЮ МЕРЗІМДЕРІ ТУРАЛЫ:**

Жалпы талап қою мерзімі - 3 жыл.

- **ЖЕКЕЛЕГЕН САНАТТАҒЫ ІСТЕР БОЙЫНША ӨЗГЕ МЕРЗІМДЕР БЕЛГІЛЕНГЕН:**

- мәміленің жарамсыздығына немесе кіріптарлық мәмілелерге байланысты даулар бойынша талап қою мерзімі (Азаматтық кодекстің 159-бабының 9 және 10-бөліктері) – талап қоюшы өзге де мәнжайларды білген немесе білуге тиіс болған күннен бастап 1 жыл.
- мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардың шешімдері мен әрекеттерін (әрекетсіздіктерін) даулау туралы істер бойынша - бұзушылық туралы белгілі болған күннен бастап 3 ай;
- сот орындаушысының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану туралы істер бойынша - осындай әрекеттер (әрекетсіздік) жасалған күннен бастап 10 күн.

2 ТАЛАП ҚОЮ АРЫЗЫ НЫСАНЫ МЕН МАЗМҰНЫ БОЙЫНША ҚАНДАЙ БОЛУЫ ТИІС? КЕҢЕС



□ АРЫЗДА КӨРСЕТИЛУІ ТИІС:

- талап қою арызы берілетін соттың атауы;
- талап қоюшының тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе), оның туған күні, тұрғылықты жері, жеке сәйкестендіру нөмірі, ал егер талап қоюшы заңды тұлға болса, онда оның толық атауы, орналасқан жері, бизнес-сәйкестендіру нөмірі мен банктік деректемелері; егер арызды өкіл берсе, өкілдің атауы мен оның мекенжайы көрсетілуге тиіс. Арызда, егер бар болса, талап қоюшы мен өкілдің ұялы байланысының абоненттік нөмірі мен электрондық мекенжайы туралы мәліметтер көрсетілуге тиіс;
- жауапкердің тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе), оның тұрғылықты жері, жеке сәйкестендіру нөмірі (егер ол талап қоюшыға белгілі болса), егер жауапкер заңды тұлға болса, онда оның толық атауы, орналасқан жері, банктік деректемелері (егер олар талап қоюшыға белгілі болса) мен бизнес-сәйкестендіру нөмірі (егер ол талап қоюшыға белгілі болса). Арызда, егер талап қоюшыға белгілі болса, жауапкердің ұялы байланысының абоненттік нөмірі мен электрондық мекенжайы туралы мәліметтер көрсетілуге тиіс;
- азаматтың құқықтары мен бостандықтарын немесе талап қоюшының заңды мүдделерін және талап қоюшының талаптарын бұзудың немесе бұзу қаупінің мәні;
- талап қоюшы өзінің талаптарын негіздейтін мән-жайлар, сондай-ақ осы мән-жайларды растайтын дәлелдемелердің мазмұны;
- егер бұл заңда белгіленсе немесе шартта көзделсе, жауапкерге жүгінудің сотқа дейінгі тәртібін сақтау туралы мәліметтер;
- егер талап қою бағалауға жатса, талап қоюдың бағасы, сондай-ақ өндіріп алынатын немесе дауланатын ақшалай сомалардың есебі;
- талап қою арызына қоса берілетін құжаттардың тізбесі.

□ ТАЛАП ҚОЮ АРЫЗЫН БЕРУ ҮШІН:

1) туындаған дауға қатысты құжаттарды жинау (міндетті тізбе) қажет. Талап қою арызына төмендегілер қоса беріледі:

- жауапкерге немесе оның өкіліне, үшінші тұлғаларға талап қою арызы мен оған қоса берілген құжаттар көшірмелерінің жіберілгенін растайтын құжат;
 - мемлекеттік баждың төленгенін растайтын құжат;
 - өкілдің өкілеттігін куәландыратын сенімхат немесе өзге де құжат;
 - талап қоюшы өзінің талаптарын негіздеген мән-жайларды растайтын құжаттар;
 - дауды сотқа дейін реттеу тәртібінің сақталғанын растайтын құжаттар, егер осы тәртіп заңда белгіленсе немесе шартта көзделсе;
 - егер дәлелдеме жауапкерде немесе үшінші тұлғада болса, талап қоюшының дәлелдемелерді талап ету туралы өтінішхаты;
 - егер талап қоюды заңды тұлға берсе, жарғының, мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің немесе анықтаманың көшірмелері.
- 2) Талап қою арызын қоса берілетін құжаттарымен бірге сот кеңсесіне не электрондық нұсқада «Сот кабинеті» арқылы тапсыру керек.

3

ЕГЕР СІЗ АЗАМАТТЫҚ ІС БОЙЫНША
ТАРАП БОЛЫП ТАБЫЛСАҢЫЗ
КЕҢЕС



- АЗАМАТТЫҚ ІС – азаматтық, отбасылық, еңбек, жер немесе өзге де құқықтан туындайтын және бұл үшін белгіленген рәсімге сәйкес құзырлы органның қарауы мен шешуін талап ететін құқықтық мәселе.
- СІЗ – ТАЛАПКЕР:
 1. Дауды сотқа дейінгі реттеу тәртібін сақтауға тиіссіз.
 2. Сот алдында талап қоюды қамтамасыз ету бойынша шаралар қолдану туралы өтінішхат беруге құқылысыз.
 3. Талап қою мерзімін сақтауға тиіссіз (жалпы – 3 жыл).
 4. Барлық процестік құқықтарды пайдалануға, соның ішінде сотқа жеке өзі немесе өкілі арқылы қатысуға, іс материалдарымен танысуға, олардан үзінді көшірмелер жазып алуға және көшірмелер түсіруге; қарсылықтарын мәлімдеуге; дәлелдемелерді табыс етуге және оларды зерттеуге қатысуға; іске қатысатын басқа да тұлғаларға сұрақтар қоюға; сотқа түсініктемелер беруге құқылысыз (АПК-нің 46-бабы);
 5. Жауапкер келіскен жағдайда істі бейбіт аяқтауға, дауды медиация тәртібімен реттеуге, талап қою арызын қараусыз қалдыру туралы мәлімдеуге, сондай-ақ талап қоюдан бас тартуға не оны өзгертуге құқылысыз.
 6. Сот шешіміне, ұйғарымына және қаулысына жоғары тұрған соттарға шағым келтіруге құқылысыз.
- СІЗ – ЖАУАПКЕР:
 1. Келіп түскен талап қою арызын зерттеуге құқыңыз бар;
 2. Жазбаша қарсылық (қарсы пікір) жазуға немесе дауды сотта не медиация тәртібімен реттеуге құқылысыз;
 - Тараптар сот кеңесу бөлмесіне кеткенге дейін барлық сот сатыларында дауды медиация тәртібімен реттеу туралы өтініш мәлімдеуге құқылы.
 3. Сот шешіміне, ұйғарымына және қаулысына жоғары тұрған соттарға шағым келтіруге құқылысыз.
- Сот отырысына келмеген тараптарға және іске қатысушы басқа да адамдарға шешімнің көшірмесі шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап 5 күннен кешіктірілмей жіберіледі немесе беріледі.
- АПК-ге сәйкес сот жүйесінде үш саты бар: бірінші, апелляциялық және кассациялық.
- Бірінші сатыдағы соттың қабылдаған шешімімен келіспеген жағдайда, апелляциялық шағым дауланып отырған актіні шығарған сотқа оны шығарған күннен бастап бір айдың ішінде іске қатысушы адамдардың саны бойынша көшірмелермен беріледі.
- Апелляциялық шағым бергені үшін мемлекеттік баж алынбайды.
- Сот актілерін кассациялық тәртіппен қайта қарау туралы өтінішхат тікелей Жоғарғы Сотқа акт заңды күшіне енген күннен бастап 6 айдың ішінде беріледі.
- Мемлекеттік баж мүліктік емес және мүліктік сипаттағы даулар жөніндегі өтінішхаттардан осындай даулар бойынша талап қою арызы берілген кезде СК-нің 535-бабында белгіленген мемлекеттік баждың тиісті мөлшерлемесінен 50 пайыз мөлшерінде алынады.

4

АЗАМАТТЫҚ ІСТЕР БОЙЫНША СОТ ШЕШІМІНЕ,
ОБЛЫСТЫҚ СОТ АПЕЛЛЯЦИЯСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫНА
ҚАЛАЙ ШАҒЫМДАНУҒА БОЛАДЫ?

КЕҢЕС



- АПЕЛЛЯЦИЯ** – заңды күшіне енбеген сот актілерін облыстық соттың тексеруі жөніндегі рәсім.

- Кассациялық сатыға апелляциялық тәртіп сақталған жағдайда ғана жүгінуге болады.

- Істің одан арғы қозғалу мүмкіндігін шектейтін ұйғарымдарға, апелляциялық сатыдағы соттың қаулысына олар заңды күшіне енген күннен бастап алты ай ішінде кассациялық сатыдағы сотқа шағым келтірілуі мүмкін.

- КАССАЦИЯЛЫҚ САТЫ – БҰЛ НЕ?**

Кассациялық сатыдағы өндіріс істерді қарайтын соңғы саты болып табылады.

Бұл ретте, заң шығарушы мынадай істер бойынша сот актілерін кассациялық тәртіппен шағым беру мүмкіндігін шектеді:

 - оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралған;
 - талап қою арызынан бас тартуға байланысты аяқталған;
 - татуласу келісімін, дауды медиация тәртібімен немесе партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісім жасаумен байланысты (адвокаттардың көмегімен дауды шешім шығарылғанға дейін реттеу мүмкіндігі);
 - талап қою сомасы кемінде екі мың айлық есептік көрсеткіш болған кезде жеке тұлғалардың және талап қою сомасы кемінде отыз мың айлық есептік көрсеткіш болған кезде заңды тұлғалардың мүліктік мүдделерімен байланысты;
 - төлем қабілетсіздігін реттеу туралы, сондай-ақ оңалту рәсімі және банкроттық рәсімі шеңберінде туындайтын, соның ішінде борышкер жасаған мәмілелерді жарамсыз деп тану туралы, борышкердің мүлкін қайтару туралы, банкроттық немесе оңалтушы басқарушының талап арыздары бойынша дебиторлық берешекті өндіру туралы даулар жөніндегі істер бойынша.

- Кассациялық саты дәлелді себептер болған кезде сот актілеріне шағым беру мерзімін қалпына келтіруге құқылы. Жаңа АПК-де сот актілеріне кассациялық тәртіппен шағым беру мерзімдері қысқартылған.

- АПК-нің 436-бабының 1-бөлігіне сәйкес өтінішхаттар, наразылықтар олар заңды күшіне енген күннен бастап алты айдың ішінде берілуі мүмкін.

5

АЗАМАТТАРҒА АЙЫППҰЛДЫҢ ЖАРТЫСЫН
ҚАЛАЙ ҚЫСҚАРТУҒА БОЛАДЫ?

КЕҢЕС



- **АЙЫППҰЛ** – бұл әкімшілік құқық бұзушылық жасалғаны үшін берілетін ақшалай жаза. Ол айлық есептік көрсеткіштермен (АЕК) немесе зиян, залал сомасынан пайыз түрінде көрсетіледі.
- Егер Сіз АЕК түрінде айыппұл көзделетін әкімшілік құқық бұзушылық жасасаңыз, Сіз мынаны білуге тиіссіз:
 - 1) Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қысқартылған іс жүргізу бар.
 - 2) Ол мынадай мән-жайларда:
 - құқық бұзушылық фактісін ол жасалған жерде лауазымды тұлға анықтаған кезде;
 - АЕК түрінде айыппұл көзделген құқық бұзушылық үшін;
 - Сіз өз кінәңізді мойындаған және айыппұл мөлшерімен келіскен кезде қолданылады.
 - 3) Егер қарсылық болмаса, онда лауазымды тұлға Сізге әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманың көшірмесін және айыппұл төлеу үшін түбіртеккі беруге тиіс.
 - 4) Сіз 7 күн ішінде айыппұлды төлеуге тиіссіз (түбіртеккі берген лауазымды тұлғаға кейіннен хабарлай отырып, кез келген банк бөлімшесіне төленеді) және сол кезде іс мәні бойынша қаралған деп есептеледі (яғни іс бойынша қаулы шығармай аяқталған болып табылады);
 - 5) Кері жағдайда, іс жалпы тәртіппен қаралады. Сізді кінәлі деп таныған кезде, айыппұлдың бүкіл сомасын төлеуге тура келеді.
- Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қысқартылған іс жүргізу мынадай жағдайларда қолданылмайды:
 - бап санкциясында өндіріп алудың өзге түрлері көзделген кезде (ҚР ӘҚБТК 41-бабында көрсетілген: ескерту, қамаққа алу, арнайы құқықтан айыру, республика аумағынан шығарып жіберу, тәркілеу, қызметті тоқтата тұру, құрылысты бұзу және т.б.);
 - құқық бұзушылықты кәмелетке толмаған жасаса;
 - құқық бұзушылықты артықшылықтары мен иммунитеттері бар тұлғалар (ӘҚБТК-нің 49-тарауында көрсетілген: Парламент депутаттары, Конституциялық Кеңестің Төрағасы немесе мүшелері, судьялар, Бас Прокурор, дипломатиялық өкілдіктің қызметкерлері) жасаса;
 - істерін мемлекеттік кіріс органдары қарайтын әкімшілік құқық бұзушылықтар жасалса;
 - 5) егер әкімшілік құқық бұзушылықты сертификатталған арнайы бақылау-өлшеуіш техникалық құралдар және автоматты режимде жұмыс жасайтын құралдар тіркесе, қолданылмайды.

6

ЕГЕР СІЗ БОРЫШКЕР БОЛСАҢЫЗ
КЕҢЕС



- Соттың шешімін өз еркіңізбен орындағаныңыз жөн, әйтпесе Сіз жеке сот орындаушысының қызметін де төлеуге міндетті боласыз (қарыз сомасынан 25 %%).
Егер Сіз атқарушылық іс жүргізу қозғалғанға дейін қарызыңызды өтесеңіз, жеке сот орындаушының қызметін төлеуге міндетті емессіз.

- Атқарушылық іс жүргізу қозғалғаннан кейін Сізге мынадай шаралар қолданылуы мүмкін:
 - 1) ақшаңыз бен мүлкіңізге тыйым салу;
 - 2) егер Сіз 20 АЕК-тен жоғары сомаға берешек болсаңыз, Қазақстан Республикасынан шығуға уақытша шектеу салу;
 - 3) 250 АЕК-тен жоғары сомаға қарыз өндірілген кезде лицензиялар, рұқсаттар мен арнайы құқықтар беруге уақытша тыйым салу, сондай-ақ бұрын Сізге берілген лицензиялардың, рұқсаттар мен арнайы құқықтардың қолданылуын тоқтата тұру;

- **ҰМЫТПАҢЫЗ!!!**
Сіз тұрғылықты жеріңіз бен жұмыс орныңызды өзгертсеңіз, бұл туралы сот орындаушысына жазбаша хабарлауға міндеттісіз. Әйтпесе Сізге жіберілетін атқарушылық әрекеттер туралы хабарлама атқарушылық құжатта көрсетілген мекенжайға жіберілетін болады.
Сіз дауланатын әрекет жасалған (әрекетті жасаудан бас тартылған) күннен бастап немесе бұл туралы сізге белгілі болған күннен бастап он жұмыс күні ішінде сотқа сот орындаушысының әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым беруге құқылысыз.
Мерзімді өткізіп алу соттың Сіздің шағымыңызды қанағаттандырудан бас тартуына негіз болуы мүмкін.
Атқарушылық құжатты орындамағаныңыз үшін Сіз 10 АЕК-тен 500 АЕК-ке дейін айыппұл түріндегі әкімшілік жауаптылыққа тартылуыңыз немесе бес тәулікке дейін қамауға алуға, не 3 жылға дейін бас бостандығынан айыру мерзімімен қылмыстық жауаптылыққа тартылуыңыз мүмкін.

7

ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС СОТТА ҚАЛАЙ ҚАРАЛАДЫ? КЕҢЕС



- **СУДЬЯ ІСТІ ҚАБЫЛДАҒАННАН KEЙІН МЫНАЛАРДЫ ТАҒАЙЫНДАЙДЫ:**
 - істі алдын ала тыңдауды;
 - жалпы немесе қысқартылған тәртіптегі басты сот талқылауын.

Шешім қылмыстық іс сотқа түскен кезден бастап 5 тәуліктен кешіктірмей қабылданады.

- **АЛДЫН АЛА ТЫҢДАУ МІНДЕТТІ:**
 - аса ауыр қылмыстар туралы істер бойынша.

Сотталушының, аса ауыр қылмыс жасады деп айыпталушының, оның қорғаушысының және прокурордың сотқа қатысуы міндетті.

- **БАСҚА ІСТЕР БОЙЫНША АЛДЫН АЛА ТЫҢДАУ МЫНАЛАР ТУРАЛЫ ШЕШІМ ҚАБЫЛДАУ ҚАЖЕТ БОЛҒАН ЖАҒДАЙЛАРДА ЖҮРГІЗІЛЕДІ:**
 - істі соттылық бойынша жіберу;
 - істі прокурорға жіберу;
 - істі қысқарту;
 - іс бойынша іс жүргізуді тоқтату;
 - қылмыстық істерді біріктіру және бөлу;
 - тараптардың өтінішхаттарын қарау.

8

БАСТЫ СОТ ТАЛҚЫЛАУЫ ДЕГЕНІМІЗ НЕ? КЕҢЕС



- **БАСТЫ СОТ ТАЛҚЫЛАУЫ** – бұл бірінші сатыдағы соттың қылмыстық істі мәні бойынша қарауы.
- **БАСТЫ СОТ ТАЛҚЫЛАУЫНДА:**
 - іс бойынша барлық дәлелдемелер зерттеледі
 - сотталушының, куәлардың, жәбірленушінің жауаптары тыңдалады;
 - хаттамалар жарияланады;
 - сарапшылардың қорытындылары мен басқа да құжаттар зерттеледі;
 - заттай дәлелдемелер қарап-тексеріледі.
- **БАСТЫ СОТ ТАЛҚЫЛАУЫ БАСТАЛУЫ ТИІС:**
 - тараптарды сот отырысының орны мен басталу уақыты туралы хабардар еткен кезден бастап 3 тәулік өткен соң;
 - қараудың қысқартылған тәртібі бойынша 10 тәуліктен кешіктірмей;
 - жалпы тәртіп бойынша тағайындау туралы қаулы шығарылған кезден бастап 15 тәуліктен кешіктірмей, айрықша жағдайларда 30 күнге дейін.

Басты сот талқылауы орынды мерзімдерде аяқталуы тиіс.
Қысқартылған іс жүргізу кезінде басты сот талқылауы 10 тәуліктен 20 тәулікке дейінгі мерзімдерде аяқталуы тиіс.
- **ЕСІҢІЗДЕ БОЛСЫН!!!**

Сот үкімі тек мыналарға негізделуі тиіс:

 - сотта зерттелген дәлелдемелерге;
 - сот тергеуінің қысқартылған тәртібі бойынша тергеу не анықтау жүргізу кезінде алынған және тараптар сотта дауламаған дәлелдемелерге.

9

ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС БОЙЫНША СОТ ҮКІМІНЕ, ОБЛЫСТЫҚ
СОТ АПЕЛЛЯЦИЯСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫНА
ҚАЛАЙ ШАҒЫМ БЕРУГЕ БОЛАДЫ?

КЕҢЕС



- БҰЛ ОҢАЙ:**

Заңды күшіне енген сот үкіміне апелляцияда іске қатысушы адамдар ол жарияланған күннен бастап 15 күн ішінде апелляция шағым бере алады.

Шағымды үкім шығарған сотқа беруге болады.

Қамауға алынған сотталушы үкімді алған күннен бастап 15 тәулік ішінде оған шағым беруге құқылы.
- ЕГЕР ОСЫ МЕРЗІМДЕ НЕГІЗДІ СЕБЕПТЕРМЕН ШАҒЫМ БЕРУГЕ ҮЛГІРМЕСЕҢІЗ:**

- сотқа мерзімді қалпына келтіру туралы өтінішхат жазуға болады;
- ҰМЫТПАҢЫЗ!!!**

Сотталушының жағдайын ауырлату жағына қарай кассация тәртібінде облсоттың үкіміне, қаулысына шағым олар заңды күшіне енгеннен кейін 1 жыл ішінде Жоғарғы Сотқа беріледі.

Аталған мерзімді қалпына келтіруге жол берілмейді.

Сотталушының жағдайын жеңілдету жағына қарай шағым беру мерзімдермен шектелмеген.
- СОТ ҮКІМІНЕ ШАҒЫМ БЕРУГЕ КІМНІҢ ҚҰҚЫҒЫ БАР:**
 - сотталушы;
 - ақталған адам;
 - қорғаушы;
 - өкіл, заңды өкіл;
 - жәбірленуші немесе оның өкілі, заңды өкілі;
 - азаматтық талапкер, азаматтық жауапкер және олардың өкілдері, заңды өкілдері.

10 СӨТ ҮКІМІНЕ, ОБЛЫСТЫҚ СӨТ АПЕЛЛЯЦИЯСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫНА КІМ НАРАЗЫЛЫҚ КЕЛТІРЕ АЛАДЫ? КЕҢЕС



- Наразылық сотқа мемлекеттік айыптаушы ретінде қатысқан прокурор үкімді жариялаған күннен бастап 15 тәулік ішінде үкім шығарған сотқа әкелінеді.

СОНДАЙ-АҚ:

Істі қарауға қатысуына қарамастан, үкімді қайта қарау туралы наразылықты мына тұлғалар енгізуі мүмкін:

- Бас Прокурор;
- Бас Прокурордың орынбасары;
- облыс прокуроры;
- облыс прокурорының орынбасары;
- қала немесе аудан прокуроры.

- **ЕГЕР НЕГІЗДІ СЕБЕПТЕРМЕН МЕРЗІМІН ӨТКІЗІП АЛСА:**
- прокурордың өтінішхаты бойынша наразылық келтіру мерзімін сот қалпына келтіруі мүмкін.


- **ЕСІҢІЗДЕ БОЛСЫН!!!**
Сот процесіне қатысушылар прокуратураға наразылық енгізу туралы арызбен жүгінуге құқылы.
Сотталушының жағдайын ауырлату жағына қарай кассация тәртібінде облсоттың үкіміне, қаулысына наразылық, олар заңды күшіне енгеннен кейін 1 жыл ішінде Жоғарғы Сотқа әкелінеді.
Аталған мерзімді қалпына келтіруге жол берілмейді.
Сотталушының жағдайын жеңілдетуге қарай наразылық беру мерзімдермен шектелмеген.



10

ӨТІНІШ БЕРУ КЕЗІНДЕ ҚАЖЕТ
КЕҢЕС

- 1 Өтінішті қалай беру керек?
- 2 Әрқашан өтінішке қол қойыңыз және мәселенің мәнін жазыңыз
- 3 Өтінішті дұрыс мекенжайға жолдаңыз
- 4 Өз құқықтарыңызды біліңіз
- 5 Біліңіз, сіздің өтінішіңізді қарайтын лауазымды тұлға мыналарға міндетті
- 6 Егер сіз жауаппен келіспесеңіз
- 7 Өтінішті қарау нәтижелері туралы үйден шықпай қалай білуге болады?
- 8 Қандай жағдайларда 115 тегін нөмірі арқылы Бас прокуратураның call-орталығына қоңырау шалуға болады?
- 9 Прокуратура басшылығының жеке қабылдауына қалай кіруге болады?
- 10 Жеке қабылдауға жазылу үшін не қажет?



1 ӨТІНІШТІ ҚАЛАЙ БЕРУ КЕРЕК? КЕҢЕС

- Мемлекеттік органға немесе лауазымды тұлғаға өтініш бермес бұрын, сіз қойған мәселелерді шешу олардың құзыретіне кіретініне көз жеткізіңіз.

- Егер сіз жеке тұлға ретінде өтініш берсеңіз, онда өтініште тегіңіз, атыңыз, сондай-ақ қалауыңыз бойынша әкеңіздің аты, жеке сәйкестендіру нөміріңіз (бар болса), пошта мекенжайыңыз көрсетілуі тиіс. Егер заңды тұлға атынан өтініш берсеңіз, оның атауын, пошта мекенжайын, бизнес-сәйкестеніру нөмірін көрсету қажет.

- Өтінішке сіздің өзіңіз қол қоюыңыз қажет. Егер сіз өтінішті заңды тұлғаның немесе жеке тұлғаның өкілі ретінде берсеңіз, онда қол қою құқығы тиісті сенімхатпен бекітілуі тиіс.

- Шағым беру кезінде іс-әрекеттеріне шағым берілетін меморганның атауын немесе лауазымды тұлғалардың лауазымын, тектері мен аты-жөндерін көрсетіңіз.

- Өтінішті қолма-қол тапсыруға, поштамен, халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы немесе электрондық цифрлық қолтаңба бар болса, электрондық түрде «Электрондық үкімет» және www.115.kz порталдарына беруге болады, электрондық цифрлық қолтаңбаны тұрғылықты жеріңіз бойынша халыққа қызмет көрсету орталығынан алуға болады.

- Өтініш беру кезінде мемлекеттік органның өтінішті қабылдағанын растайтын талон алуды ұмытпаңыз. Талонда күні мен уақыты, өтінішті қабылдаған тұлғаның тегі мен аты-жөні көрсетілуі тиіс.

2 ӘРҚАШАН ӨТІНІШКЕ ҚОЛ ҚОЙЫҢЫЗ ЖӘНЕ МӘСЕЛЕНІҢ МӘНІН ЖАЗЫҢЫЗ КЕҢЕС



- ӘРҚАШАН ӨТІНІШКЕ ҚОЛ ҚОЙЫҢЫЗ ЖӘНЕ МӘСЕЛЕНІҢ МӘНІН ЖАЗЫҢЫЗ.
- Егер сіздің өтінішіңізге қол қойыламаса және (немесе) онда сіздің дербес деректеріңіз (ТАӘ, мекенжай) көрсетілмесе, ол анонимді болып есептеледі және қараусыз қалдырылады.
Бұл жағдайда тек сіз жасауға дайындалып жатқан немесе жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы не мемлекеттік немесе қоғамдық қауіпсіздікке төнген қауіп туралы хабарлағыңыз келген жағдайларда ғана анонимді өтініш қаралады.
- Әрқашан мәселенің мәнін жазыңыз (сіздің құқығыңыз қалай бұзылды, кім бұзды және қашан бұзылды, нақты нені сұрайсыз). Бұны қысқаша және мәні бойынша жеткізуге тырысыңыз. Өтінішті қарайтын тұлғаға оның мәнін түсіну оңай әрі жеңіл болады, демек, сіздің проблемаңыз да тез шешіледі.
- Есіңізде болсын, мәселенің мәні жазылмаған өтініштер қараусыз қалдырылуы мүмкін.

3

ӨТІНІШТІ ДҰРЫС МЕКЕНЖАЙҒА ЖОЛДАҢЫЗ
КЕҢЕС



- Меморганның құзыретіне кірмейтін өтініштер келіп түскен күннен бастап 3 жұмыс күні ішінде тиісті субъектіге жолданады. Қайта жолдауға жұмсалған уақыт сіздің өтінішіңізді қарау мерзіміне кірмейді. Демек, сіз дұрыс мекенжайға жібермесеңіз, алтын уақытыңызды жоғалтасыз.
- Сіздің өтінішіңіз егер ақпарат алу немесе тексеру қажет болмаса, келіп түскен күннен бастап 15 күн ішінде қаралуы тиіс екендігін біліңіз. Ақпарат сұратылған немесе тексеріс жүргізу қажет етілетін жағдайда, ол келіп түскен күннен бастап 30 күн ішінде қаралады.
- Егер қосымша тексеру қажет болса, өтінішті қарау мерзімі 30 күннен аспайтын мерзімге ұзартылуы мүмкін, бұл туралы сізге ұзарту күнінен бастап 3 күнтізбелк күн ішінде хабарланады.

4

ӨЗ ҚҰҚЫҚТАРЫҢЫЗДЫ БІЛІҢІЗ КЕҢЕС



□ **ӨТІНІШТІ ҚАРАУ КЕЗІНДЕ СІЗ ҚҰҚЫЛЫСЫЗ:**

- Өтініш бойынша қосымша құжаттар мен материалдар беруге немесе оларды талап ету туралы сұрауға.
- Салық кодексінде көзделген жағдайларды (633-б. 5-т.) қоспағанда, өтінішті қарауды тоқтату туралы өтінішхат беруге.
- Өтініш бойынша материалдармен танысуға, егер бұл басқа тұлғалардың құқықтарын, бостандықтарын бұзбаса, өтінішті қарауға қатысуға.
- Өз уәждеріңізді өтінішті қарайтын тұлғаға баяндауға.
- Жазбаша немесе ауызша түрде дәлелді жауап алуға.
- Жоғары тұрған лауазымды тұлғаға немесе сотқа лауазымды тұлғалардың іс-әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) немесе өтініш бойынша шешімге шағым беруге.

5

БІЛІҢІЗ, СІЗДІҢ ӨТІНІШІҢІЗДІ ҚАРАЙТЫН
ЛАУАЗЫМДЫ ТҰЛҒА МЫНАЛАРҒА МІНДЕТТІ
КЕҢЕС



- **БІЛІҢІЗ, СІЗДІҢ ӨТІНІШІҢІЗДІ ҚАРАЙТЫН ЛАУАЗЫМДЫ ТҰЛҒА МЫНАЛАРҒА МІНДЕТТІ:**
 - Заңды және негізделген шешімдер қабылдауға.
 - Қабылданған шешімдердің орындалуын бақылауды қамтамасыз етуге.
 - Сіздің шағымыңызды іс-әрекеттеріне (әрекетсіздіктеріне) сіз шағым берген лауазымды тұлғаларға қарауға жібермеуге.
 - Сізге қабылданған шешімдер туралы жазбаша түрде не электрондық құжат түрінде хабарлауға.
 - Өтініштерді «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңда белгіленген тәртіп пен мерзімдерде қабылдауға және қарауға.
 - Сізді, сіздің отбасыңыздың мүшелерін субъектілерге және лауазымды тұлғаларға олардың қызметін сынап не құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғау мақсатында өтініш беруіңізге байланысты қудалаудың жолын кесуге.
 - Оларға қатысты мәселені объективті шешуге мүдделілік білдірмейді деп пайымдауға негіз болған адамдарға тексеру жүргізуді жүктеу жағдайларын болғызбауға.
 - Сізге немесе сіздің мүддеңіз үшін өтініш берілген адамға жеке және заңды тұлғалардың зиян келтіретін өтінішіне жол бермеуге.
 - Сіздің келісіміңізсіз сіздің жеке өміріңіз туралы мәліметтерді немесе мемлекеттік не заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жария етпеуге, сіздің жеке басыңыз туралы өтінішке қатысы жоқ деректердің анықталуына жол бермеуге.

6

ЕГЕР СІЗ ЖАУАППЕН КЕЛІСПЕСЕҢІЗ
КЕҢЕС





«Табыс – бұл энтузиазмды жоғалтпай, бір жеңілістен екіншісіне қарай қадам басу қабілеті».

*Британдық мемлекеттік және саяси қайраткер
У. Черчилль*

- Оған тұрғылықты жеріңіз немесе мемлекеттік органның, лауазымды тұлғаның тұрғылықты жері бойынша сотқа шағым бере аласыз.
- Сіз жоғары тұрған лауазымды тұлғаға немесе мемлекеттік органға Сізге іс-әрекеттің жасалуы немесе шешімнің қабылдануы белгілі болған кезден бастап 3 айдан кешіктірмей шағым беруге құқылысыз.
- Есіңізде болсын, шағым беру үшін өткізіліп алған мерзім шағымды қараудан бас тартуға негіз болып табылмайды, бірақ шағымды қанағаттандырудан бас тартуға әкеп соғуы мүмкін.

7

ӨТІНІШТІ ҚАРАУ НӘТИЖЕЛЕРІ ТУРАЛЫ
ҮЙДЕН ШЫҚПАЙ ҚАЛАЙ БІЛУГЕ БОЛАДЫ?

КЕҢЕС



- Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті www.service.pravstat.kz веб-сайтының «Мемлекеттік органдарға берген өз өтінішiмдi тексеру» бөліміне кіру. service.pravstat.kz
- Өтініш берген кезде берілетін талонда көрсетілген бірегей өтініш нөмірін теру.
- Өтінішті қарау нәтижелері туралы ақпарат шығады.

8

ҚАНДАЙ ЖАҒДАЙЛАРДА 115 ТЕГІН НӨМІРІ АРҚЫЛЫ
БАС ПРОКУРАТУРАНЫҢ CALL-ОРТАЛЫҒЫНА
ҚОҢЫРАУ ШАЛУҒА БОЛАДЫ?

КЕҢЕС



- Қылмыстық құқық бұзушылық туралы арызды тіркеуден негізсіз бас тартылған, із-түзсіз жоғалып кеткен адамды іздеу лайықсыз жүзеге асырылған кезде, заңсыз жеткізу, ұстап алу және қамаққа алу кезінде.
 - Кәсіпкерлердің құқықтары бұзылған кезде, оның ішінде заңсыз тексерістер кезінде.
 - Еңбек құқықтары бұзылған кезде, оның ішінде еңбекақы төленбеген кезде.
 - Әйелдердің, балалардың және мүгедектердің құқықтары бұзылған кезде.
 - Медициналық көмектің қолжетімділігі және ақысыздығы мәселелері бойынша.
 - Прокуратура қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлық әрекеттері туралы.
 - Прокуратура органдарында өтініштерді қарау мәселелері бойынша.

9

ПРОКУРАТУРА БАСШЫЛЫҒЫНЫҢ ЖЕКЕ
ҚАБЫЛДАУЫНА ҚАЛАЙ КІРУГЕ БОЛАДЫ?
КЕҢЕС



- Бас Прокурордың және оның орынбасарларының азаматтарды жеке қабылдауы алдын ала жазылу бойынша бекітілген кестеге сәйкес кемінде айына бір рет жүргізіледі.

- Облыс прокурорлары мен оларға теңестірілген прокурорлардың, олардың орынбасарларының жеке қабылдауы алдын ала жазылу бойынша бекітілген кестеге сәйкес кемінде аптасына бір рет жүргізіледі.

- Аудандық және оларға теңестірілген прокурорлар, олардың орынбасарлары жеке қабылдауды бекітілген кестеге сәйкес күн сайын жүргізеді.

- Жеке қабылдауға жазылу өзі келу және (немесе) жазбаша арыз беру арқылы жүргізіледі. Телефон арқылы жазылу жүргізілмейді.

- Прокуратура органдары басшылығының азаматтарды қабылдау кестесі прокуратура органдарында көпшіліктің көзіне көрінетін жерлерде, сондай-ақ прокуратураның www.prokuror.gov.kz веб-сайттарында орналастырылған.

prokuror.gov.kz

10

ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАУҒА ЖАЗЫЛУ
ҮШІН НЕ ҚАЖЕТ?

КЕҢЕС



- Бас Прокурор сол мәселе бойынша оның орынбасары бас тарту сипатындағы жауап берген кезде, онымен арызданушы келіспеген жағдайда азаматтарды жеке қабылдауды жүргізеді.

- Бас Прокурордың орынбасарлары сол мәселе бойынша облыс прокуроры немесе оған теңестірілген прокурор бас тарту сипатындағы жауап берген кезде, онымен арызданушы келіспеген жағдайда, сот актілеріне қадағалау наразылығын келтіру туралы өтінішхаттар бойынша, сондай-ақ орталық мемлекеттік органдардың бірінші басшыларының шешімдері мен іс-әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) берілген шағымдар бойынша азаматтарды жеке қабылдауды жүргізеді.

- Облыс прокурорлары мен оларға теңестірілген прокурорлар сол мәселе бойынша олардың орынбасарлары бас тарту сипатындағы жауап берген кезде, онымен арызданушы келіспеген жағдайда, сондай-ақ облыстық мемлекеттік органдар басшыларының шешімдері мен іс-әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) берілген шағымдар бойынша азаматтарды жеке қабылдауды жүргізеді.

- Облыс прокурорларының және оларға теңестірілген прокурорлардың орынбасарлары сол мәселе бойынша аудан прокуроры немесе оған теңестірілген прокурор бас тарту сипатындағы жауап берген кезде, онымен арызданушы келіспеген жағдайда, сот актілеріне наразылық келтіру туралы өтініштер бойынша, сондай-ақ сол мәселе бойынша прокуратураның құрылымдық бөлімшесі басшысының жауабы бар болса, онымен арызданушы келіспеген жағдайда қабылдайды.

- Прокуратура басшылығына жеке қабылдауға жазуды Бас Прокурордың, облыс прокурорлары мен оларға теңестірілген прокурорлардың аға көмекшілері (көмекшілері) жүзеге асырады.

- Прокуратура органдарының басшылығына жеке қабылдауға жазылу туралы жүгіну кезінде Сізде өзіңізбен бірге сол мәселе бойынша төмен тұрған лауазымды тұлғаның арызданушы келіспейтін бас тарту сипатындағы жауабы болуы қажет.



ҚЫСҚАРТУЛАР



ПРОКУРОРДЫҢ 100 КЕҢЕСІ

ҚК – Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі

ҚПК – Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі

ҚР ӘҚБТК – Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі

АК – Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі

АПК – Қазақстан Республикасының Азаматтық-процестік кодексі

ЕК – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі

КК – Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексі

СК – Салық кодексі

ІІО – Ішкі істер органдары

ҚАЖ – Қылмыстық-атқару жүйесі

БҰҰ – Біріккен Ұлттар Ұйымы

БАҚ – Бұқаралық ақпарат құралдары

ЖСН – Жеке сәйкестендіру нөмірі

БСН – Бизнес-сәйкестендіру нөмірі

АЕК – Айлық есептік көрсеткіш

ЭЦҚ – Электрондық цифрлық қолтаңба

ББҚ – Биологиялық белсенді қоспалар

ТҰРМЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ ҚҰРБАНДАРЫНА АРНАЛҒАН ДАҒДАРЫС ОРТАЛЫҚТАРЫНЫҢ ТІЗБЕСІ

ДАҒДАРЫС ОРТАЛЫҚТАРЫНЫҢ АТАУЫ	БАЙЛАНЫС ДЕРЕКТЕРІ
АСТАНА	
«Қорғау – Астана» жеке қоры – адам саудасы құрбандары уақытша тұратын «Көмек» орталығы	Астана қ., Абай көш.,92/1-үй, офис 1 сенім телефоны: 1409 қызметтік тел.: 87172373716 и 370880
«Зорлық-зомбылық немесе зорлық-зомбылық қаупі салдарынан қиын жағдайға тап болған адамдарға арналған дағдарыс орталығы-баспанасы» КММ	Астана қ., Қарасай батыр к-ш., 11, тел.: 87172482011
АЛМАТЫ	
«Забота» дағдарыс орталығы	Мамыр-4, 307-үй, тел.296-09-37
«Подруги» дағдарыс орталығы	10 ш/а. 10-үй, 1-пәтер, тел.303-39-25
«Тин Чэллиндж» баспанасы	Гете көш., 265, тел.257-06-04
АКМОЛИНСКАЯ ОБЛАСТЬ	
«Шаңырақ» әлеуметтік-психологиялық бейімдеу орталығы	Көкшетау қ., Б. Момышұлы көш., 41, тел. 40-20-40, 87471985182
«Феминистік лига» ҚБ панажайы	Көкшетау қ., Шевцов көш., 107, тел. 262784, 87016621282
АКТЮБИНСКАЯ ОБЛАСТЬ	
«Үміт» дағдарыс орталығы	Ақтөбе қ., Прохоров көш., 11-үй. Тел.241724 Директор Дүйсенова Айгүл Егізбайқызы Ұялы.+7 701-494-4454
АЛМАТИНСКАЯ ОБЛАСТЬ	
«Талдықорған аймақтық әйелдерді қолдау орталығы» ҚБ. Тұрмыстық зорлық-зомбылық пен адам саудасының құрбандарына арналған дағдарыс орталығы	Талдықорған қ., Қаблиса Жырау көш., 127 Басшы – Нұрмұханова Жанар Болатқызы 87773585753

ПРОКУРОРДЫҢ 100 КЕҢЕСІ

«Жұмыспен қамтуға көмек көрсету орталығы» ҚБ жанындағы «Надежда» әлеуметтік қолдау орталығы при ОО «Центр содействия занятости»	Талдықорған қ., Сәпиев көш., 103 Басшы – Сәдуақасова Светлана Олегқызы - 87014329467
АТЫРАУ ОБЛЫСЫ	
«Белгілі бір тұрғылықты жері жоқ адамдарды оңалту орталығы» ММ жанындағы тұрмыстық зорлық-зомбылықтан зардап шеккен әйелдерге көмек көрсету бөлімшесі	Атырау қ. Лесхозная көш., 7 тел.28-10-83 Жұманиязов Өміржан Саясатұлы
ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ	
«Феникс» оңалту және бейімдеу орталығы	Өскемен қ., Гагарин Бульвары көш., 20 Тел.8 7232 52-29-42, д.т.8 7232 25-55-99, ұ. тел. 8-777-296-12-96 Басшы – Ахметқалиева Назигүл Маташқызы
«Өскемен қ. әкімдігінің отбасын және балалықты қолдау орталығы» КМҚК	Өскемен қ., Киров көш., 63 Мектеп оқушысы шығармашылық үйі, 4-қабат Сенім телефоны: 26-68-92 Жұм. тел. 70-14-82, Ұ. тел. 8-777-315-04-21
Өскемен қ. әкімдігінің «Үлбі» халыққа әлеуметтік қызмет көрсететін қалалық аумақтық орталығы» КММ	Өскемен қ., тел. 8 7232 77-10-54, 77-19-22 (сенім телефоны күндіз-түні)
Риддер қ. «Незабудка» әйелдерді қолдау орталығы» мекемесі	Риддер қ., Гагарин көш. 1, 36/1 Тел. 43743
«Семей қ. отбасы орталығы» ҚБ	Семей қ., Ленин көш., 4 Тел. 52-67-74
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ	
«Орал қалалық әйелдерді әлеуметтік оңалту және бейімдеу орталығы» ММ	Орал қ., Х.Чурин көш., 116, тел 8-7112-515494, 8-7112- 519359
ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ	
Балқаш қ. «Көмек» дағдарыс орталығы	Балқаш қ., Ленин көш., 46 тел. 8-71036-53345

Сәтпаев қ. «Шаңырақ» дағдарыс орталығы	Сәтпаев қ., Тәуелсіздік даңғ., 1 тел. 8-71063-77343
«Абай ауданының отбасыға қолдау көрсету орталығы»	Абай қ., Абай көш., 53-1 тел. 8-72131-44634
Қарағанды қ. Өмірлік қиын жағдайда жүрген әйелдерге көмек көрсетуге арналған дағдарыс орталығы («Мир добра» ҚБ)	Қарағанды қ., Кривогуз көш., 3 тел. 8-7212-790988
Теміртау қ. «Менің үйім» қоғамдық бірлестігі	Балқаш қ., Ленин көш., 46 тел. 8-71036-53345
ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ	
Психологиялық көмек көрсету жөніндегі дағдарыс орталығы	Қостанай қ., 7 ш/а. 8А-үй, 1-пәтер тел. 8 (7142) 22 65 32
«Әйелдер мен балаларға арналған Қостанай қалалық бейімдеу орталығы» ММ	Қостанай қ., Герцен көш., 37 тел.55 44 80, 55 45 15
ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ	
«Қамқорлық» дағдарыс орталығы	Қызылорда қ. Төле би көш., №47/2
ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫ	
«Тұрақты баспанасы жоқ балаларымен әйелдерге арналған әлеуметтік- психологиялық сауықтыру және бейімдеу Павлодар қалалық орталығы» КММ	Павлодар қ., Хамзин көш., 20/1 тел.: 54-98-43, 54-36-47
СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ	
«Әйелдерді қолдау орталығы» ҚБ	Петропавл қ., К.Сүтүшев көш., 17, 30- пәтер, тел.52-98-86 ұ. тел.8-777-242-29-83
ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ	
«Сана-Сезім» ҚБ	Шымкент қ., Перов көш., 19, 8-7252-551-300, 8-7252-551-200

КОЛОНИЯЛАРҒА АРНАЛҒАН 100 БИЗНЕС ИДЕЯ

- | | |
|---|--|
| <ol style="list-style-type: none">1. Құмыра өндірісі2. Темір ұста қолөнері3. Декоративті тас өндірісі4. Ойма шеберханасы5. Шыныға өрнек салу6. Жаяужол плиткасы өндірісі7. Кеспе тас өндірісі8. Темір бетон сақиналары өндірісі9. Металл жабынқыш өндірісі10. Профнастил өндірісі11. Тор-рабица өндірісі12. Мырышталған шелек өндірісі13. ПВА желімі өндірісі14. Шлакоблок өндірісі15. Кеуек бетон өндірісі16. Құрылыс шегелері өндірісі17. Өздігінен кескіш өндірісі18. Еуроқақпа өндірісі19. Экомақта өндірісі20. Сэндвич-панель өндірісі21. ПВХ жабыны бар м/м қолғап өндірісі22. Металл есік өндірісі23. Ағаш шеберлігі цехын ұйымдастыру24. Автошиналардан жасалатын резеңке қиынды өндірісі25. Резеңке қиындыдан жасалған плитка өндірісі26. Табиғи тасты өңдеу27. Ірі қара мал өсіру28. Қой өсіру29. Қаз-үйрек өсіру | <ol style="list-style-type: none">30. Мекиен тауық өсіру31. Қоян өсіру32. Сазқұндыз өсіру33. Шаян өсіру34. Бөдене өсіру35. Күркетауық өсіру36. Ара шаруашылығы37. Қаңқасыз жиһаз жасау38. Офис жиһазын жасау39. Жұмсақ жиһаз өндірісі40. Жасанды ротанг өндірісі41. Жасанды ротангтан жасалған жиһаз өндірісі42. Саяжай-бақшаға арналған ағаш жиһаз жасау43. Жануарларға арналған жиһаз өндірісі44. Бақша мүсіндерін жасау45. Төсек тысын тігу46. Киізден бұйымдар жасау47. Қолдан тоқылған бұйымдар48. Hand-made сөмкелер49. Қолдан жасалған әшекейлер дайындау50. Қолдан ойыншықтар жасау51. Жасанды толтырмасы бар көрпелер тігу52. Арнайы киім тігу53. Кәжең-плащ тігу54. Эко-сөмкелер тігу55. Иттерге арналған киім тігу56. Жылыжайда көкөніс өсіру57. Жылыжайда жүзім өсіру58. Құлпынай өсіру59. Таңқурай өсіру |
|---|--|

КОЛОНИЯЛАРҒА АРНАЛҒАН 100 БИЗНЕС ИДЕЯ

- | | |
|---|---|
| <ul style="list-style-type: none">60. Саңырауқұлақ өсіру61. Көкжуа өсіру62. Картоп өсіру63. Жүгері өсіру64. Күнбағыс өсіру65. Қант қызылшасын өсіру66. Шалғам өсіру67. Қырыққабат өсіру68. Үй гүлдерін өсіру69. Алма бағының интенсивті технологиясы70. Шағын наубайхана ұйымдастыру71. Кептірілген жеміс өндірісі72. Жарма өндірісі73. Ұн өндірісі74. Макарон өнімдері өндірісі75. Қуырылған шемішке өндірісі76. Шемішке май өндірісі77. Қоспа жем өндірісі78. Тері өңдеу79. Ағаш ыдыс жасау80. Декоративті қиынды өндірісі81. Ағаш тұғырық өндірісі82. Полиэтилен пакет өндірісі83. Шым тезекті құмыра өндірісі84. Декоративті шамдар өндірісі85. Сабын жасау86. Поролон өндірісі87. Пима жасау88. Шатыр өндірісі89. Жылыжай өндірісі90. Фотоплитка өндірісі91. Мұрағат папкалары мен картон қораптар өндірісі | <ul style="list-style-type: none">93. Крестпен кестелеп сурет тігу94. Шұлық өндірісі95. Құйма тастан камин порталдар жасау96. Бахила өндірісі97. Майлық өндірісі98. Мысық дәретханасына арналған толтырма өндірісі99. Дәретхана қағазы өндірісі100. Шыбын-шіркейге қарсы жабысқақ қағаз өндірісі |
|---|---|

Толығырақ ақпарат mvd.gov.kz сайтында